

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

**ҚАЗАҚСТАН**

**КОММУНИСТІ**

---

**2**

**ФЕВРАЛЬ**

**1960**

**АЛМАТЫ**

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

Handwritten text in red ink at the top of the page.

Main body of handwritten text in red ink, consisting of several lines of cursive script.

# Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ  
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ  
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXIX ЖЫЛ ШЫҒУЫ

№ 2

Ф Е В Р А Л ь

1960

## М А З М Ұ Н Ы

|  |    |
|--|----|
| БАС МАҚАЛА — Бұқараның жалынды ұйымдастырушысы болайық . . . . . | 3  |
| Партия насихатының айбынды программасы . . . . .                 | 10 |

### В. И. ЛЕНИННІҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

|  |    |
|--|----|
| Ә. МҰҚТАРОВ — В. И. Ленин және Қазақ Совет мемлекетінің тууы . . . . . | 17 |
|--|----|

|  |    |
|--|----|
| Ж. ЖАНҒОЗИН — Советтер мол астық үшін күресте . . . . .                      | 23 |
| С. МӘУЛЕНОВ — Биік мақсат, кең өріс . . . . .                                | 30 |
| Ә. ЖҮСІПОВ — Партиялық, мемлекеттік тәртіп қатаң сақталсын . . . . .         | 37 |
| Ш. АРТЫҒАЛИЕВ — Кәсіподақтар — мәдени-көпшілік жұмыстың<br>үйтқысы . . . . . | 43 |

## ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

|   |    |
|---|----|
| Ә. ТОБАҒАБЫЛОВ — Партия ұйымдарының төл ісі . . . . . | 49 |
| А. МАНСҰРОВ — Жүгері — дақылдың асылы . . . . .       | 54 |

## ХАТ ЖӘНЕ КОРРЕСПОНДЕНЦИЯ

|   |    |
|---|----|
| С. СӘРСЕНБАЕВ — Кітап бұқараға көп таратылсын . . . . . | 59 |
| Н. ЕШМҰҚАМБЕТОВ — Токмейілсуге жөн жоқ . . . . .        | 63 |

## ҒЫЛМИ-АТЕИЗМ ТАҚЫРЫБЫНА

|   |    |
|---|----|
| Қ. МАШРАПОВ — Ғылым және дін «жан» туралы не дейді? . . . . . | 65 |
|---|----|

## СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

|  |    |
|--|----|
| М. ҚОЗЫБАЕВ — Шалағай, дүмбілез кітапшалар . . . . . | 70 |
|--|----|

## БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ

|                                       |    |
|---------------------------------------|----|
| Тақырып түгел, мазмұн жүдеу . . . . . | 75 |
| Партия тұрмысының хабарлары . . . . . | 79 |
| Үгітші, дәптеріңе жазып ал! . . . . . | 80 |

## СОДЕРЖАНИЕ

|   |    |
|---|----|
| ПЕРЕДОВАЯ — Быть пламенными организаторами масс . . . . . | 3  |
| Боевая программа партийной пропаганды . . . . .           | 10 |

### К 90-ЛЕТИЮ СО ДНЯ РОЖДЕНИЯ В. И. ЛЕНИНА

|   |    |
|---|----|
| А. МУХТАРОВ — В. И. Ленин и образование казахской советской государственности . . . . . | 17 |
| Ж. ДЖАНГОЗИН — Советы в борьбе за увеличение производства зерна . . . . .               | 23 |
| С. МАУЛЕНОВ — Животноводство — наше родное дело . . . . .                               | 30 |
| А. ЖУСУПОВ — Всемерно укреплять партийную и государственную дисциплину . . . . .        | 37 |
| Ч. АРТЫГАЛИЕВ — Профсоюзы и культурно-массовая работа . . . . .                         | 43 |

### ПАРТИЙНАЯ ЖИЗНЬ

|   |    |
|---|----|
| А. ТОБАГАБУЛОВ — Рост рядов партии и воспитание молодых коммунистов . . . . . | 49 |
| А. МАНСУРОВ — Кукуруза — наш главный резерв . . . . .                         | 54 |

### ПИСЬМА И КОРРЕСПОНДЕНЦИИ

|   |    |
|---|----|
| С. САРСЕНБАЕВ — Книгу — в массы . . . . .           | 59 |
| Н. ЕШМУХАМБЕТОВ — За технический прогресс . . . . . | 63 |

### НА НАУЧНО-АТЕИСТИЧЕСКИЕ ТЕМЫ

|   |    |
|---|----|
| К. МАШРАПОВ — Наука и религия о так называемой «душе» . . . . . | 65 |
|---|----|

### КРИТИКА И БИБЛИОГРАФИЯ


|  |    |
|--|----|
| М. КОЗЫБАЕВ — Серые, поверхностные брошюры . . . . . | 70 |
|--|----|

### ОБЗОР ПЕЧАТИ

|  |    |
|--|----|
| Областная газета и вопросы массово-политической работы . . . . . | 75 |
|--|----|

|                               |    |
|-------------------------------|----|
| ПАРТИЙНАЯ ХРОНИКА . . . . .   | 79 |
| В блокнот агитатора . . . . . | 80 |

★



# Бұқараның жалынды ұйымдастырушысы болайық

Еліміз коммунизмнің жарқын шыңына қарай алып адыммен ілгерілеп барады. Коммунистік партияның тарихи ХХІ съезі белгілеген коммунизм құру жоспары табыспен жүзеге асуда. Жақында Бүкілодақтық санақ басқармасы жетіжылдықтың бірінші жылының жоспары артығымен орындалғанын хабарлады. Еліміздің өнеркәсібі бір жылдың ішінде өнім шығаруды жоспарда көрсетілген 7,7 проценттің орнына 11 процент арттырды. Сөйтіп жоспардан тыс 50 миллиард сомның түрлі өнімін шығарды. Осы қосымша өнімнің өзі біздің өнеркәсіптің бірінші бесжылдықтың бірінші жылында шығарған бүкіл өнімнен үш есе артық. Міне бұл социалистік экономика өзінің алғашқы адымын неден бастап, кәзір тарихи қысқа мерзімде қандай дәрежеге жеткенін көрсетеді.

СССР Жоғарғы Советінің IV сессиясы қабылдаған «СССР Қарулы күштерін жаңадан көп мөлшерде қысқарту» туралы Заң, сол сияқты ірі жер серіктерін ұшыратын қуатты баллистикалық ракеталардың Тынық мұхит ауданына белгіленген нысанаға дәл жетуі туралы хабар да коммунистік құрылыс шежіресінен лайықты орын алады. Совет Одағы өз Қарулы Күштерін тағы да 1200 мың адам қысқарту туралы шешім қабылдап, дүние жүзінде халықтардың мәңгі-бақи бейбіт, бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету жолында барлық мемлекеттерге ұлы өнеге, үлгі көрсетті, мұнымен бірге өзінің қуатты ракеталарын сынап, адамзаттың ізгі арманы планетааралық қатынастар ашу, космосты меңгеру жөнінде маңызды қадам жасап отыр.

Еліміздің экономикасы мен мәдениетін, халқымыздың тұрмысын жақсарту беру жөнінде қол жеткен бұл табыстар, Совет үкіметі жүргізіп отырған бейбіт саясаттың алғашқы табыстары — халықаралық қатынаста пайда болған жылы леп совет адамдарын жетіжылдықтың екінші жылының тапсырмаларын да мерзімнен бұрын орындау жолындағы күреске жігерлендіре түсті.

Еңбекшілер бұқарасын жетіжылдықтың екінші жылының тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күреске жұмылдыруда КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының шешімдері ерекше ррын алады. Декабрь Пленумы соңғы жылдары ауыл шаруашылығында болған өзгерістерге, қол жеткен табыстарға сүйене отырып, оның барлық саласын мұнан да күшті қарқынмен өркендетудің программасын жасап берді. Бұл программаның негізгі арқауы, идеясы — ауыл шаруашылығының дамуын жаңа сапаға көтеру, қолда бар мол резервтерді толық пайдалану.

Ендігі міндет егін шаруашылығы мен мал шаруашылығының мәдениетін көтеруде, шаруашылықты жүргізудің ғылымға негізделген әдістерін кеңінен қолдануда болып отыр. КПСС Орталық Комитетінің бірінші секретары, СССР Министрлер Советінің Председателі, саяси және шаруашылық басшылықтың аса көрнекті шебері Н. С. Хрущев жолдас Пленумда сөйлеген сөзінде ауыл шаруашылығын өркендетудің кәзіргі жағдайдағы міндеттерін былай деп көрсетті: «Біз ауыл шаруашылығын тек ұлғайту емес, мұнымен бірге кең өрістетіп өркендетуге егіс

көлемін ұлғайту жолымен ғана емес, сонымен қатар жақсы агротехниканы енгізу есебінен, егіннің шығымдылығын арттыру жолымен де алға басуға, еңбек өнімділігін неғұрлым мықтап арттырып, өнімнің түсер құнын кемітуге тиіспіз. Бізге көбінесе егіс көлемін ұлғайтуға негізделген мешеу ауыл шаруашылығы емес, әрбір гектар жерден, жұмсалған еңбектің әрбір өлшемінен өнімді неғұрлым көп беретін жоғары мәдениетті өскелең шаруашылық керек — біздің жолымыз осы».

Біздің республиканың еңбекшілері де КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының шешімдерін зор қуанышпен қарсы алды. Пленумының шешімдері барлық облыстарда партия активтері жиналыстарында, сол сияқты республикалық партия активінің жиналысында талқыланып, жетіжылдықтың екінші жылында ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің алдында тұрған міндеттер белгіленді.

Республикалық партия активінің жиналысында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Д. А. Қонаев жолдас «КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының қорытындылары және партия ұйымының міндеттері туралы» баяндама жасады. Актив жиналысына басшы партия, совет, комсомол, кәсіподақ қызметкерлерімен бірге ауыл шаруашылығының озаттары қатынасты. Олар республика еңбекшілерінің ауылшаруашылық өнімдерін мол өндіру жөніндегі өткен жылы қол жеткен табыстарына қорытынды жасай отырып, ауыл шаруашылығын ұйымдастыру жұмысының жайына, пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктерді ашуға, кемшіліктерді сынауға баса көңіл бөлді.

Партияның ХХІ съезінің тарихи шешімдерін орындай отырып, республикамыздың колхоздары мен совхоздары өткен жылы кейбір елеулі табыстарға жетті. Олар мемлекетке жоспардан тыс 214 мың тонна ет, 11 мың тонна сүт, 26,5 миллион жұмыртқа, 3,5 мың тонна жүн, 150,5 мың қаракөл елтірісін сатты. Жоспардан тыс 13 мың тонна мақта тапсырылды, республикамыздың мақта өсірушілері өздерінің социалистік жарыста алған міндеттемесін абыроймен орындап шықты.

Бірақ республикамыздың басшы партия, совет органдары өткен жылы ауыл шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын орындауды ұйымдастыруда аса ірі кемшіліктерге жол берді. Негізгі астықты облыстардың партия, совет және шаруашылық органдары агротехникалық ережелерді қатаң сақтау ісін ұйымдастырмады. Мол өнімнің, берекелі гектардың негізгі көзі — пар әзірлеуге көңіл бөлінбеді. Осының салдарынан жаздық егістің тең жартысына жуығы көктемде жыртылған жерге егілді. Бұл өнімнің сапасына әсер етумен бірге, көктемгі егіс жұмыстарын ұзаққа созуға әкеліп соқты. Екіншіден, көктемгі егіске техника нашар әзірленді, мыңдаған трактор және басқа машиналар жөнделмей қалды. Үшіншіден, егіске сортты тұқым себілмеді, төртіншіден, барлық мүмкіндік бола бұрып, механизатор кадрлар жеткілікті даярланбады. Мұның үстіне оларға тиісті өндіріс және мәдени-тұрмыс жағдай жасалмағандықтан 1958—1959 жылдары көптеген механизатор колхоздар мен совхоздардан кетіп қалды.

Ауыл шаруашылығына басшылық етудегі осындай елеулі кемшіліктердің, ұйымдастыру жұмысының дәрежесі төмен болуының салдарынан өткен жылы республикада бір жарым миллион гектардан астам егін мерзімінде жинап алынбай, қар астында қалып қойды. Егін жинау жұмыстары қызу жүргізіліп жатқан кезде мыңдаған трактор, комбайн, ауыл шаруашылығының басқа машиналары ақаулы болуы салдарынан қарап тұрды. Осындай кемшіліктердің салдарынан республикамыз өз міндеттемесі былай тұрсын, жоспарда белгіленгеннен 94 миллион пұт астықты мемлекетке кем берді.

КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының қаулысында, Н. С. Хрущев жолдастың сөзінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен республиканың Министрлер Советінің және олардың бас-

шыларының, сонымен бірге Қостанай, Көкшетау, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитеттерінің жұмысындағы кемшіліктер қатаң да әділ сыналды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы соңғы екі жылда халық шаруашылығының басқа салаларына басшылық ету ісінде де, кадр мәселесінде де ірі-ірі кателер мен кемшіліктер жіберді. Міне мұның бәрін зерттей келіп, КПСС Орталық Комитетінің Президиумы, Н. С. Хрущев жолдастың өзі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің пленумында Орталық Комитет бюросының жұмысын жақсарту туралы мәселе талқылауды ұсынды. Мұның өзі біздің республиканың партия ұйымына деген зор әкелік қамқорлық болды.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің өткен пленумы бюросының жұмысындағы кемшіліктерді ақырына дейін ашып, оны түзетудің жолдарын белгілеумен бірге Орталық Комитет бюросының басшылығын жаңартты, Н. И. Беляев жолдасты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары қызметінен босатты.

Коммунистік партия істің мүддесі, еліміздегі коммунистік құрылыстың мүддесі үшін қызметкердің дәрежесі қандай үлкен болса да, егер ол өзіне тапсырылған іске нұқсан келтіріп, кемшіліктер мен қателіктерге жол беретін болса, оның көңілін жығам екен деп ойламай, кемшіліктерін қатаң сынап, түзетіп отыру керек деп үйретеді. Міне бұл кадрларды дұрыс тәрбиелеудің, оларды шынықтыра берудің бірден-бір дұрыс жолы.

Осымен бірге пленум партиямыздың ХХІ съезінің шешімдерін, декабрь Пленумының шешімдерін жүзеге асыруға бағытталған ұйымдастыру жұмысын күшейте түсуге ерекше көңіл бөлді. Өйткені ұйымдастыру жұмысы республика еңбекшілерінің биыл — жетіжылдықтың екінші жылында өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын жаңа сатыға көтеріп, өркендету жөніндегі міндеттемелерін табыспен орындауының кепілі.

Кәзір бізде егін шаруашылығын, мал шаруашылығын шапшаң қарқынмен өркендетуге барлық материалдық жағдай жасалған, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің қолында саналуан түрлі қуатты техника бар, сонымен бірге ауыл шаруашылығын ұйымдастырудың талай сыннан өткен социалистік формалары—колхоздар мен совхоздар кемеліне келіп нығайды. Енді мұндағы істің тағдыры, белгіленген мақсатқа жету партия, совет және ауылшаруашылық органдарының басшылық дәрежесіне, олардың істі ұйымдастыру шеберлігіне байланысты.

Қазақстан еңбекшілері биыл республикамыздың данқты 40 жылдық мерекесін тойлайды. Бұл мерекені лайықты табыстармен қарсы алу үшін олар биыл социалистік ауыл шаруашылығының бай мүмкіндіктерін пайдалана отырып, астықтың жалпы түсімін бір жарым миллиард пұтқа, қант қызылшасын 1 600 мың тоннаға, шитті мақтаны 210 мың тоннаға жеткізуге, мемлекетке кемінде 800 миллион пұт астық, 700 мың тонна ет, 1 миллион тонна сүт, 86 мың тонна жүн, 1 320 мың қаракөл елтірісін сатуға міндеттеме алып отыр. Олар өздерінің алдына етті және мал шаруашылығының басқа өнімдерін өндірудің жетіжылдықтың аяғына жоспарланған дәрежесіне 1963 жылы жетеміз деген нысана қойып отыр. Осымен бірге қоғамдық малдың саны артады. Биылғы жылдың аяғында колхоздар мен совхоздарда ірі қара 4 миллионға, оның ішінде сиыр 1 200 мыңға, қой мен ешкі 30 500 мыңға, шошқа 1 175 мыңға, құс 10 миллионға жетеді.

Республика партия ұйымдары міне осы міндеттерді, республика еңбекшілерінің алған міндеттемелерін жүзеге асыру жолында қажымай-талмай жұмыс жүргізуге тиіс. Біздің партия, оның лениндік Орталық Комитеті өзінің барлық ұйымдарынан, барлық коммунистерден бұқараның жауынгер ұйымдастырушысы болуды талап етеді. Өйткені ленинизм өз бетінше жүзетін қайықпен алысқа бара алмайсың, онымен

көздеген жағалауға барып жетпейсің деп үйретеді. Еңбекшілер бұқарасын ұйымдастыру дегеніміз әрбір адам өзінің қызмет орнында творчестволық белсенділік көрсетіп, өзінің мамандығын жақсы білетін, өз еңбегімен қоғам үшін сапалы да мол өнім беретін жағдай туғызу деген сөз. Коммунистік құрылыстың практикасымен тығыз байланысты нағыз партия жұмысы дегеніміздің өзі осы.

Н. С. Хрущев жолдас декабрь Пленумында сөйлеген сөзінде кәзіргі жағдайда партия ұйымдарының ұйымдастыру жұмысының аса күшті ықпал жасап отырғанын көрсететін мысалдардың бірі Рязань облысы екенін айтты. Мұнан 4—5 жыл бұрын Рязань шаруашылықтың барлық саласынан артта қалып келе жатқан облыс болатын. Ал кәзір облыс еліміздің ең озық облыстарының бірі деген даңққа ие болды. Мұның сыры қандай? Өйткені жер сол бұрынғы Рязаньның жері, адамдар да бұрынғы. Мұнда соңғы жылдары өзгерген нәрсе партия ұйымдарының басшылық, бұқараны ұйымдастыру жұмыстарының дәрежесі артты. Облыстың партия ұйымдары облыстық комитеттің бірінші секретары, кәзір Социалистік Еңбек Ері атағын алған Ларионов жолдастың басшылығымен еңбекшілерді жарыста алған міндеттемелерін орындауға, белгіленген нысанаға жетуге бар күшімен жұмылдырды. Коммунистер бұқараны өздерінің өнегесімен де алға ұмтылдырды. Осы ұйымдастыру жұмысының нәтижесінде Рязань озық тәжірибенің мектебіне айналып отыр. Кәзір мұнда ауыл шаруашылығының жүздеген шеберлері, тамаша ұйымдастырушылары өсіп шықты. Оларды Отанымыз мақтаныш етеді.

Біздің республикада да еңбекшілер бұқарасын жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау, ауылшаруашылық өнімдерін еселеп арттыру күресіне шебер жұмылдырып, бұл күресті тамаша ұйымдастырып отырған партия комитеттері мен партия ұйымдары, колхоздар мен совхоздар аз емес.

Өткен жылы республикамыздың 900-ден аса колхозы мен совхозы, 87 ауданы мемлекетке астық сату жөніндегі міндеттемелерін ойдағыдай орындады. Солардың алдыңғы қатарында Ақмола облысының Есіл, Баранкөл, Павлодар облысының Лозов аудандары болды. Бұл аудандық партия комитеттері колхоздар мен совхоздарда егін орағына техниканы, кадрларды даярлауды күн ілгері ойластырды, сонымен бірге егін жинау жұмыстарын жақсы ұйымдастырды. Осының нәтижесінде басқа озат аудандар сияқты бұларда да егін қар түспей мерзімінде жинап алынды, мемлекетке астық сату жөніндегі міндеттемелерін абыроймен орындап шықты.

Пәрменді ұйымдастыру жұмысының қандай жақсы нәтижелерге жеткізіп отырғанын Қостанай облысындағы «Железнодорожный» совхозының тәжірибесінен де айқын көруге болады. Бұл совхозтың өлке-сіндегі Октябрь ауданында бұдан төрт жыл бұрын ұйымдасты. Совхозды содан бері тәжірибелі ұйымдастырушы З. Франк жолдас басқарып келеді. Осы төрт жылдың ішінде совхоз коллективі 15 миллион пұт астық өндіріп, мемлекетке 13,5 миллион пұт астық тапсырды. 15 миллион айтуға ғана оңай, бұл совхоз коллективінің қажырлы еңбегінің, сонымен бірге жігерлі де ұйымдастыру жұмысының, шебер басшылықтың жемісі.

Өткен жыл бұл ұйымшыл коллектив үшін мол табысқа жеткен жылдың бірі болды. Совхоз жұмысшылары мен қызметкерлерінің қажымас-талмас еңбегінің нәтижесінде 60 мың гектар дәнді егістен 15,9 центнерден өнім жиналды. Совхоз мол өнімді мерзімінде жинап, Отан қоймасына 4 200 мың пұт астық құйды, сөйтіп социалистік жарыста алған міндеттемесін артығымен орындап шықты. Совхоз өндірген әрбір центнер астықтың түсер құны 21 сомнан келді. Бұл республикамыздағы ең арзан астық. Осының нәтижесінде совхоздың бір жылғы ша-



руашылықтан алған таза пайдасы 16 миллион сом болды. Бұл жерде республикамыздағы көптеген совхоздар өткен жылы шаруашылықты бейберекет жүргізудің, финанс және смета тәртібін өрескел бұзудың салдарынан пайда табудың орнына ауылшаруашылық жылын зиянмен аяқтағанын айта кету керек. Жуырда нақ осы үшін Қостанай облысындағы Островский атындағы совхоздың директоры Сурков пен Павлодар облысындағы «Путь Ильича» совхозының директоры Хамиев қатаң жазаланды.

«Железнодорожный» совхозы коллективінің қолы жетіп отырған елеулі табыстарының сыры неде? Мұнда онымен іргелес басқа совхоздарға карағанда жер құнарлы ма, техника, адамдар басқаша ма? Жоқ олай емес. Бұл совхозда да барлық объективтік жағдай жұртпен бірдей. Мұндағы артықшылық жер, техника жақсы пайдаланылады, өйткені оған адамдар ынталы. Ал, адамдардың ынталы болуы ұйымдастырушыларға байланысты, адамдарды ұйымдастырып, белгіленген нысанаға жетуге ынталандыра білу керек.

Осы ауданның тың жерде «Железнодорожный» совхозымен бірге ұйымдастырылған Герцен, Панфилов атындағы, «Жекекөл», «Шолақсай» совхоздарында жағдай басқаша. Олар өткен жылы егін жинау жұмыстарын нашар ұйымдастырды, соның салдарынан астық тапсыру жөнінде алған міндеттемесін былай қойғанда мемлекеттік жоспарды да орындай алмады.

Аудан шаруашылықтарының жағдайындағы ала-құлалық бір жағынан оларға ауданның партия, совет органдарының басшылығына да байланысты. Жақында болып өткен аудандық партия конференциясында делегаттар аудандық партия комитетін егін жинау жұмысын нашар ұйымдастырғаны үшін орынды сынады. Аудандық партия комитеті егін жинау кезінде жұмыс ақсап, техника нашар пайдаланылып жатқан жерлерде қолма-қол ұйымдастыру жұмысын жүргізіп, жағдайды түзетудің орнына әрбір бес күн сайын совхоз директорлары мен партия ұйымы секретарьларын түрлі мәжілістер мен жиналыстарға аудан орталығына шақырумен болған. Міне осының салдарынан аудан бойынша 39 мың гектар егін жиналмай қар астында қалып қойды.

Міне бұл мысалдар қай уақытта болса да әрбір шаруашылықтың өзінің алдында тұрған міндеттерін ойдағыдай орындап, табысқа жетуі, оның басшыларына, олардың ұйымдастыру жұмысындағы шеберлігіне байланысты екенін көрсетеді. Ал, аудан немесе облыс көлемінде алғанда кәзіргі жағдайда табыстың кілті басшы партия, совет және шаруашылық органдарының ұйымдастыру жұмысының дәрежесіне байланысты. Өйткені олар артта қалып келе жатқан шаруашылықтарды шебер ұйымдастырушы кадрлармен нығайтып, шаруашылықты ұйымдастырудың, ауылшаруашылық өнімдерін мол алудың озат тәжірибелерін кеңінен таратып отыруға, алған міндеттемелердің орындалуын ұйымдастырып отыруға тиіс.

Артта қалып келе жатқан шаруашылықтарды алдыңғы, озық шаруашылықтардың дәрежесіне жеткізу, еліміздің озат, таңдаулы адамдарының жұмыс тәжірибесін кеңінен таратып, барлық шаруашылықта да адамдардың озаттар сияқты жұмыс істеуін, солар сияқты өнім өндіріп, Отанымыздың күшіне күш қосуын қамтамасыз ету — міне біздің дамуымыздың бай резервтері, мүмкіндіктері осылар. КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы осы резервтерді шебер пайдалануды ерекше күшпен атап көрсетті. Бұл резервтерді іске асыру үшін партия комитеттері мен партия ұйымдары үлкен ұйымдастыру жұмысын жүргізуге тиіс.

Біздің республикада да бүкіл елімізге даңқы шыққан Гаганова, Мануковский, Гиталов, Чиж, Малашенко сияқты еңбек даңқына бөленген адамдар көп. Олардың қол жеткен табыстары мен алып отырған

міндеттемелері социалистік ауыл шаруашылығының бай мүмкіндіктері бар екенін көрсетеді. Мысалы, Семей облысындағы Ленин атындағы совхоздың шошқа бағушысы А. Крейник өткен жылы бір өзі 1 500 шошқа өсіріп, оның 1 360-ын мемлекетке тапсырды. Ол биыл Ярослав Чижбен социалистік жарысқа түсті, 2 мың шошқа өсіріп, мемлекетке 800 центнер ет тапсырмақшы. Крейник өткен жылы шошқа етінің әрбір центнерін 360 сомнан түсірсе, биыл әрбір центнер еттің түсер құнын 240 сомға дейін кемітпекші!

Сол сияқты Гурьев облысы «Передовик» колхозының шопаны С. Дәулетқалиев та бүкіл ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне үлкен өнеге көрсетіп отыр. Ол өткен жылы өз отарындағы әрбір жүз саулықтан 165-тен қозы өсірген болса, биыл Иван Малашенконың тәжірибесін қолданып, әрбір жүз саулықтан 400-ден қозы алмақшы. Республикамыздың колхоздары мен совхоздарында жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындаудың тамаша үлгісін көрсетіп келе жатқан мұндай жанашылдар, еңбек озаттары көп.

Жеке еңбек озаттарымен бірге республикамызда ауыл шаруашылығын өркендетудің резервтерін тамаша пайдаланып келе жатқан шаруашылықтар да бар. Солардың бірі Алматы облысындағы «40 лет Октября» колхозы. Артель ауылшаруашылық өнімдерін молайтуды жүгері егісінен бастады. Жүгері колхозшы шаруалардың үмітін ақтады. Артель соңғы төрт жылдың ішінде жүгері егісінің көлемін бес есе арттырса, оның өнімділігін 5,5 есе арттырды. Өткен жылы артель диқандары астық үшін егілген 700 гектар жүгеріден 363 пұттан өнім алды, ал биыл жүгері егісінің көлемін 1 906 гектарға жеткізіп, әрбір гектардан 400 пұттан өнім алмақшы. Бұл артель кәзір жүгерінің шығымдылығы жөнінен Американың атақты фермері Гарсты басып озды. Артельдің жүгері өсіру тәжірибесі кәзір халықаралық көрмелерде паш етілуде.

Жүгерінің мал шаруашылығына да пайдасы зор болды. Соңғы жылдары колхозда ет 3,5 есе, сүт 4 есе, жүн 3,8 есе, жұмыртқа 16 есе артты. Осымен бірге мал саны көбейді, бір жылдың ішінде ірі қара 2 есе, қой 1,9 есе өсті. Мал санын көбейте беруге берік негіз жасалды, алдағы екі жылда артель сиыр санын үш есе көбейтпекші. Осымен бірге артель ет жөнінен жетіжылдықтың аяғына белгіленген дәрежеге 1961 жылы жетпекші.

Озат шаруашылықтардың, ауылшаруашылық жанашылдарының қол жеткен табыстарының құндылығы мынада: олар ауылшаруашылық өнімдерін молайтудың резервтері мен мүмкіндіктерін қалай пайдалану керек екенін іс жүзінде көрсетеді. Мұндай резервтер республикамыздың барлық облыстарында, аудандарында, колхоздары мен совхоздарында ұшан теңіз. Сондықтан кәзір ауыл шаруашылығына басшылықтың мәнісі озаттардың тәжірибесіне сүйене отырып, резервтерді батыл ашып, зерттеп пайдалануды ұйымдастыру, бұл жөніндегі кемшіліктерді жедел түзетіп отыру болуға тиіс.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Министрлер Советі Н. С. Хрущев жолдастың кеңесі бойынша егіс көлемінің құрылымын қайта қарап, колхоздар мен совхоздарда жүгерінің егіс көлемін 1962 жылға дейін 4,5 миллион гектарға жеткізуге, яғни кәзіргіден 3,2 есе арттыруға ұйғарып отыр. Партия, совет және шаруашылық органдары барлық жерде де осы міндетті жүзеге асыруға көмектесетін басшылық, ұйымдастыру жұмыстарын күшейте түсуге міндетті. Партия ұйымдары атақты жүгері өсірушілер Мануковский, Гиталов, Головацкий және басқа жолдастардың тәжірибесін кеңінен таратып, оны әрбір шаруашылықта пайдаланып, жақсы нәтижеге жетуін қамтамасыз ету керек.

Республикамыздың партия ұйымдары кәзір өзінің X съезіне қызу әзірлік жасап жатыр. Аудандық, қалалық партия конференциялары бо-

лып өтті. Кәзір облыстық партия конференциялары өтуде. Бұл конференцияларда республика еңбекшілерінің алдында тұрған саяси және шаруашылық міндеттер кеңінен талқыланып, оларды жүзеге асырудың нақты жолдары белгіленуде. Сонымен бірге партия, совет және шаруашылық орындарының басшылық және ұйымдастыру жұмыстарындағы кемшіліктер ашылып, оны түзетудің жолдары белгіленуде. Қостанай, Павлодар, Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстық партия конференцияларында партиялық басшылықтың әдістері мен түрлері, ұйымдастыру жұмысын күшейте түсудің жолдары нақты да көп сөз болды. Республикамыздың партия ұйымдары конференциялардың шешімдерін табандылықпен жүзеге асыра отырып, Қазақстан Компартиясының X съезін бұрынғыдан да берік топтасқан бірлікпен және ұйымшылдықпен қарсы алады.

Республикамыздың барлық облыстары мен аудандарында да еңбекшілер КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумының шешімдерін орындау жолында ауылшаруашылық өнімдерін еселеп арттыруға бағытталған жаңа міндеттемелер қабылдап жатыр. Бұл міндеттемелер олардың елімізде коммунизм құруға, материалдық игіліктердің молшылығын жасауға деген ынта-жігерін көрсетеді. Еңбекшілер бұқарасы өз міндеттемелерін орындау жолында қажырлы еңбек етуде.

Қазақстан еңбекшілерінің ауылшаруашылық өнімдерін молайту жөнінде алған міндеттемелерін орындаудың негізі кәзір қаланып жатыр. Міндет — барлық жерде де көктемгі егіс жұмыстарына үлгілі әзірленуде, қысқы агротехникалық шараларды табандылықпен жүргізуде, қоғамдық малды қыстан аман, күйлі шығаруда болып отыр. Бұл жөнінде республикамыздың партия, совет және шаруашылық органдарының жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Республикамыздың кейбір партия, совет органдары көктемгі егіске әзірлік, мал қыстату жұмыстарын нашар ұйымдастырып отыр. Мысалы, Қостанай, Көкшетау облысының көптеген шаруашылықтарында техниканы жөндеу қарқыны нашар, көктемгі егіске жеткілікті сортты тұқым әзірленбеген.

Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда облыстарында мал қыстату нашар өтіп жатыр. Әсіресе Алматы облысының Жамбыл, Іле, Балқаш, Сарқант, Андреев, Қаскелең аудандарының жайылым учаскелерінде жемшөптің тапшылығынан мал шығыны көп. Алматы облыстық партия комитеті мен бұл аудандық партия комитеттері қысқа әзірлік, жайылым учаскелерінде сақтық жемшөп қорын жасау жөнінде шешім қабылдаудан кенде болған жоқ. Бірақ олар өз шешімдерінің жүзеге асуын ұйымдастырмады, сөйтіп жайылым учаскелерінде жеткілікті жемшөп қоры жасалмады.

Республикамыздың партия, совет және ауылшаруашылық органдары көктемгі егіске әзірлік, мал қыстату жұмыстарындағы кемшіліктерді жедел жойып, биылғы ауылшаруашылық жылында жақсы табыстарға жетудің қамын осы бастан ойластырулары керек. Міне сонда ғана Қазақстан партия ұйымдары республикамыздың 40 жылдық мерекесіне, КПСС Орталық Комитетінің биыл декабрьде болғалы отырған Пленумына лайықты тарту алып барып, Н. С. Хрущев жолдастың өткен жылғы декабрь Пленумында айтқан сынынан большевиктерше қорытынды шығарғанын іспен дәлелдей алады.

# Партия насихатының айбынды программасы

Мұнан бір жыл бұрын Совет Одағы Коммунистік партиясының кезектен тыс ХХІ съезі ұлы Отанымыздың дамуында тарихи жана дәуірдің—коммунизм құрылысын кең көлемде жаппай жүргізу кезеңінің басталғанын жариялады. Съезд қарап бекіткен жетіжылдық жоспар осы жана дәуірдің алғашқы алып адымының программасы. Оны орындауға аса зор қайрат-жігермен жұмылған совет халқы ұлы жоспардың бірінші жылын абыроймен аяқтады. Еліміздің өндіргіш күшін дамыта беруде, коммунизмнің материалдық және техникалық базасын жасау жолында, халықтың тұрмыс жағдайын жақсартып, мәдениетін көтеруде теңдесі жоқ табысқа қол жетті. Осы тамаша табысты қорыта келіп, СССР Жоғарғы Советінің сессиясында Н. С. Хрущев жолдас: біз жетіжылдығымызды жақсы бастадық, жетіжылдық жоспар орындалады, асыра орындалады — өмір осыны айқын көрсетіп отыр, деді.

Партия коммунизм орнату үшін ең алдымен оның өзіне лайықты материалдық техникалық база жасау керек деп үйретеді. Сонымен бірге оның ерекше маңызды тағы бір шарты коммунизмге алдын ала рухани, моральдық, идеологиялық әзірлік жасау, болашақ коммунизм қоғамының адамдарын осы бастан тәрбиелей беру. Бұл міндет идеология жұмысын, оның негізгі саласы—партия насихатын жанжақты жүргізуді керек етеді. Партиямыздың осы мақсатты көздеп қабылдаған маңызды шарасының бірі үстіміздегі жылдың 9 январындағы «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулысы. Бұл қаулыда және КПСС Орталық Комитетінің мұнан бұрын жарияланған «Сталин облысы еңбекшілері арасындағы бұқаралық саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысында идеология жұмысының бүгін таңдағы айбынды да айқын программасы берілген, оның негізгі міндеті мен бағыты, түрі мен әдісі туралы толық айтылған.

Бұл қаулы республикамызда барлық жерде кең талқыланып, партияда бар және партияда жоқ бүкіл жұртшылық оны қызу қуаттап қарсы алып отыр. Олар жергілікті жағдайды осы қаулының тұрғысынан қарап бағалап, алдағы іске кең шаралар белгілеуде.

Қаулыда партия насихатының кәзіргі кезеңдегі басты міндеттері белгіленген. «Партия насихатының басты міндеті, — делінген қаулыда, — марксизм-ленинизмнің идеяларын жанжақты терең түсіндіру, партияның елімізде социализм мен коммунизмнің жеңісі жолындағы күресінің барысында осы идеялардың ойдағыдай жүзеге асырылып жатқанын көрсету, партия жинақтаған теория байлығын практикалық жұмыста пайдаланып, творчестволықпен дамытып отыруға үйрету, еңбекшілерді партияның саясатын жүзеге асыру жолындағы күреске жұмылдыру, коммунизм жолындағы белсенді және табанды күрескерлерді тәрбиелеу».

Бұл қаулы кәзіргі дәуірдің көкейкесті мәселелеріне жауап береді. Кәзіргі тарихи кезеңде, елімізде коммунистік қоғам орнату ісін кең өрістету дәуірінде коммунистік көзқарасқа дағдылану, марксизм-ленинизм негіздерін меңгеріп, өмірді, партияның саясатын жете түсіну

әрбір совет адамы үшін өмірлік қажетке айналып отыр. Бұл жағдай идеология жұмысын жақсартып қана қоймай, оны сапа жағынан жаңа биік сатыға көтеруді талап етеді. Мұның себебі не?

Оның себебі, біріншіден, коммунизм құрылысы өз бетімен өтіп жататын стихиялы процесс емес. Ол Коммунист партиясы бастаған совет халқының белгілі нысаналы мақсат көздеп жүргізетін саналы ісі мен әрекеті. Сондықтан Орталық Комитеттің қаулысында коммунизм құрылысының программасын орындау, коммунизмнің материалдық техникалық базасын жасау, Совет Одағының экономикалық күш-қуатын арттыру, материалдық игілікті молайта беру міндеттерін ойдағыдай орындап шығу еңбекшілердің сана-сезімін арттыра беруге тікелей байланысты деп атап айтылған.

Екіншіден, біздің елде қоғам өмірін үнемі белгілі арнаға салып, тәртіптеп отыруда қолданылатын негізгі әдіс бұқараны тәрбиелеу, белгілі мақсатқа жұртшылықтың әбден көзін жеткізу әдісі. Коммунизмге қарай алға басқан сайын бұл әдіс қоғам өмірін реттеу үшін неғұрлым кең қолданыла бермек. Өйткені социалистік демократия барған сайын дами береді, оның шеңбері арта түседі, ел басқару, шаруашылық және қоғам қызметін атқару ісіне мыңдаған, миллиондаған адам тікелей араласа беретін болады. Сөйтіп социалистік мемлекеттің қызметі бірте-бірте қоғамдық сипат ала береді. Бұл жағдай бұқараны тәрбиелеу ісін, идеологиялық жұмысты бірінші кезектегі міндетке айналдырады.

Үшіншіден, коммунизм құрылысына тікелей кіріскен кәзіргі кезеңде коммунистік тәрбиенің жетекші орын алатын тағы бір себебі: коммунизм қоғамының адамдарын, коммунистік мінез-құлқы, дағдысы мен моралі бар жаңа адамдарды осы бастан тәрбиелеп, өсіре беру керек екендігінде, адам санасындағы капитализмнің, ескі тұрмыстың зиянды сарқыншақтары мен қалдықтарын мүлде жою қажет екендігінде. Бұл коммунистік тәрбиені, капитализмнің қалдықтарына қарсы күресті күшейте түсуді талап етеді.

Ақырында, әлеуметтік құрылысы әртүрлі мемлекеттер қатар өмір сүріп тұрған кезде идеология саласындағы күрес бәсеңдемейді. Өйткені социализм, коммунизм жеңістен-жеңіске жетіп, күшейген сайын, коммунизм идеясы дүние жүзіне кең тараған сайын, социализмді күшпен жеңу, коммунизм идеясының тарауына бөгет болу мүмкін болмаған сайын империалистер идеологиялық шабуылды күшейте түсуге жан талдасады. Олар кейбір совет адамдарының санасындағы капитализмнің қалдықтарын, зиянды ескішіл көзқарастар мен діни сенімдерді қоздыруға тырысады. Ревизионизмнің, ұлтшылдықтың уытын жаюға әрекет жасайды. Социализм елдері арасына ірткі салуға, Совет Одағындағы халықтар достығына нұқсан келтіруге ұмтылады. Бұл жайлар қырағылықты күшейтіп, буржуазиялық идеологияның қандай көрінісіне болса да, ұлтшылдықтың қандайына болса да қарсы күресуді, идеология жұмысын кең көлемде жүргізуді керек етеді.

Кәзіргі кезеңде партияның идеологиялық жұмысының және әсіресе оның шешуші саласы — партия насихатының зор маңыз алатын себептері осындай. Өмірдің талаптарына сай жанжақты жұмыс ұйымдастыруға бізде мүмкіншілік бар ма? Орталық Комитеттің қаулысында кәзір идеологиялық жұмысты ойдағыдай жүргізу үшін ерекше қолайлы жағдай жасалып отыр делінген. Сондықтан әсіресе партияның XX және XXI съездерінен кейін партиялық саяси жұмыс анағұрлым жақсарды, оның ұйымдастырушылық ролі көтерілді.

КПСС Орталық Комитетінің қаулысында: ауызша және баспасөз жүзіндегі насихатта осы уақытқа дейін зор кемшіліктер де болып келді, «партия насихатындағы басты кемшілік өмірден, коммунизм құрылысының практикасынан қол үзушіліктің әлі де болса толық жойылмай келе жатқандығында» деп атап айтылған.

Бұл ескертудің республика партия ұйымдарына тікелей қатынасы бар. Оны мына жағдайлар айқын дәлелдейді. Үстіміздегі оқу жылында экономикалық теорияны партия оқуы жүйесінде оқитындардың саны өткен жылға қарағанда едәуір азайып кеткен. Мәселен, Гурьев облысының партия ұйымдарында нақты экономиканы үйірмелерде оқитындар биыл былтырғыға қарағанда 3 еседен аса кеміп кетті. Кәзір олардың саны бүкіл облыс көлемінде 300-ге де толмайды. Сол сияқты Жамбыл облысында 2 есе, Қарағанды мен Қостанай облыстарында 1,5 есеге дейін кеміген. Семей, Батыс Қазақстан, Павлодар облыстарында да жағдай мәз емес.

Лекциялық насихатта да, әлі күнге елеулі кемшіліктер орын алып келеді. Әсіресе оның өмірмен байланысы, нақтылығы ойдағыдай болмай отыр. Мысалы, Қостанай облысы тың жерді көп игерген, ауыл шаруашылығы күшті облыстың бірі. Ал осы облыста соңғы жылдары ауыл шаруашылығы тақырыбына лекциялар аз оқылып жүр. Солтүстік Қазақстан облысында да жағдай осындай. Осы облыстың Соколов ауданында соңғы екі жыл ішінде ауыл шаруашылығы экономикасына арнаулы 5-ақ лекция оқылыпты. Осы уақыттың ішінде ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибесі жөнінде аудан көлемінде бірде-бір лекция оқылмаған. Полудин ауданында да жағдай осы тәрізді. Ал Көкшетау, Жамбыл облыстарында ауыл шаруашылығының нақты экономикасына арналған лекциялар былтырға қарағанда едәуір аз оқыла бастағаны байқалады. Өнеркәсіпті Алматы қаласы мен Қарағанды облысында КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумынан кейін де, өнеркәсіп экономикасы мен техникалық прогресс туралы лекциялық насихат өріс ала алмай, қайта бұрнағы жылдың дәрежесінде қалып қойған.

Лекциялық насихатта өндіріс озаттарының тәжірибесін кең таратудың маңызды орын алатыны белгілі. Бірақ кей облыстарда бұл жұмыс әлі нашар. Мәселен, саяси және ғылыми білім тарату қоғамының бөлімшелері мен топтары 1959 жылы өнеркәсіп озаттарының тәжірибесі жөнінде Шығыс Қазақстан облысы бойынша небәрі 44 лекция, Алматы қаласында—31, Батыс Қазақстанда — 5, Ақтөбе облысында — 4-ақ лекция өткізген. Сол сияқты ауылшаруашылық озаттарының тәжірибесін тарату әсіресе Батыс Қазақстан, Қызылорда, Гурьев, Ақмола облыстарында мардымды емес.

Бізде жұмысшылар мен колхозшылар арасында коммунизм туралы лекция оқығанда немесе баяндама жасағанда коммунизмнің халыққа беретін игілігі туралы көбірек айтып, сол игілікті жасау үшін не істеу керек екенін, осыған байланысты әрбір кәсіпорынның, колхоздың, цех пен бригаданың, жеке-жеке әрбір жұмысшы мен колхозшының нақты міндеті мен коммунизм құрылысына қосатын өзінің үлесі қандай екенін айтпай кетушілік жиі кездеседі. Мәселен, өткен жылы Қызылорда облысының Арал ауданындағы «Қарақұм» совхозында жыл бойы әртүрлі жалпы тақырыпқа 50 шамалы лекция оқылған екен. Бірақ лекторлардың ешқайсысы совхоз өндірісі туралы, совхоздың жеті жылдық жоспарды орындаудағы міндеті туралы бірауыз сөз айтпаған.

Партия насихат, үгіт жұмысының халық творчествосымен, оның өмірімен, коммунизм құрылысының тәжірибесімен тығыз байланысты болуын, ықпалды, пәрменді болуын талап етеді. Ал партия насихатының пәрменділігі ең алдымен өндіріс жұмысының нақты нәтижелерінен көрінеді. Демек, партия насихаты жұмысшыларды, колхозшыларды, интеллигенттерді, барлық совет адамдарын партия ұсынған шаруашылық және саяси міндеттерді жүзеге асыруға, өндіріс тапсырмаларын орындауға, асыра орындауға, еңбек өнімділігін арттыра беруге, жаңа резервтер тауып, өндіріс жаңалықтарын кең таратуға жұмылдыруды көздейді. Әсіресе кәзір коммунизм құрылысы күнделікті іске айналғанда және оның ойдағыдай орындалуы қалың еңбекшілер бұқарасы-

на, олардың белсенділігі мен саналылығына байланысты болып отырған кезде саяси тәрбиенің маңызы да, көлемі де арта түседі.

Осы тұрғыдан қарағанда партия насихатының тағы бір елеулі кемшілігі — оның әсер ету өрісінің тарлығы, кейде бұқараға жеткілікті, түсінікті болмауы. Ауызша және баспасөз жүзіндегі насихат көбінесе коммунистерді, партияда жоқ активті, интеллигенцияны қамтиды. Ал кейбір еңбекшілер тобы идеялық-саяси тәрбиеден тыс қалады. Мәселен, партия оқуы жүйесіне партияда жоқ жолдастар аз тартылып кетеді. Ақтөбе облысында партия оқуында олардың үлесі 9 проценттей, Семей облысында бестің бірі мөлшеріндей, Солтүстік Қазақстан облысында 3,5 процент қана. Бұлардың да басым көпшілігі партияда жоқ актив пен интеллигенттер.

Рас, партия оқуы жүйесі партия мүшелері мен мүшелігіне кандидаттар үшін ұйымдастырылады. Сонымен бірге партия ұйымдарының алда тұрған міндеті — әркімнің ықтиярымен санаса отырып, партияда жоқ еңбекшілерді де, ең алдымен партияда жоқ активті, комсомолецтер мен жастарды, өндіріс озаттары мен жаңашылдарды партия оқуына іркілмей тарту. Әрбір бастауыш партия ұйымы, аудандық, қалалық, облыстық партия комитеттері қосымша саяси оқу ұйымдастыруға жедел кірісуі қажет.

Партия оқуы жүйесінің ұлғаюымен байланысты насихатшылар даярлауға кірісу керек. Бұған даярлығы жақсы, өмір мен өндіріс жұмысынан тәжірибесі бар, оқыту қолынан келетін адамдар, ең алдымен партия қызметкерлері, инженер, агроном сияқты халық шаруашылығы мамандары тартылуға тиіс. Насихатшылар үшін семинарлар мен курстар өткізіп, әсіресе олардың экономикалық білімін көтеруге көмектескен жөн. Насихатшылық — негізгі партиялық тапсырма, сондықтан насихатшыларға басқа тапсырма бермеген дұрыс болады.

Саяси оқудың негізгі түрі бұрынғыша өздігінен оқу әдісі болмақ. Оның ұйымдық түрі — семинарлар мен конференциялар. Өз бетінше оқып білім алуға әзірше шамасы келмейтін жолдастар үшін үйірмелер, саяси мектептер ұйымдастырған жөн.

Лекциялық насихаттың да шеңберін кеңейтуге болады. Жасыратыны жоқ, көптеген лекторлар мен баяндамашылар үлкен қалалар мен ірі-ірі ауыл-селоларда ғана болады. Тіпті облыс орталықтарының өзінде де, мәселен, Қарағанды, Шымкент, Қызылорда, Гурьев сияқты қалаларда, қала шетіндегі халықтың арасында лекция, баяндама ұйымдастыру дағдылы іске айналған жоқ. Республикамыздағы жетіжылдықтың алып құрылыстарында — Қарағанды металлургия заводының, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының, Бұқтарма су электр станциясының тағы сол сияқты ірі құрылыстардың құрылысшылары арасында, әсіресе жастар арасында саяси тәрбие жұмысы әлі нашар. Құрылысшылар арасында лекторлар мен баяндамашылар өте сирек болады.

Жазда алыстағы мал жайылым учаскелерінде, қыста әсіресе шеткері мал фермаларында болатын малшыларға, халқы аз кішігірім елді пункттерге айлап-жылдап лекторлардан ешкім қатынамайтыны жұртқа аян. Мысалы, Гурьев облысы Теніз ауданының Киров атындағы колхозының Барын учаскесіндегі, Калинин атындағы колхоздың «Еңбекші» учаскесіндегі, Чапаев атындағы колхоздың мал жайылым учаскелеріндегі малшылар арасында соңғы бір жыл бойы бір-екіден ғана лекция оқылған. Ал қаладан 3 километр жердегі 200-дей халқы бар Самовое деген елді пунктте тұратын жұртшылық лекция не баяндама дегенді ұмытып барамыз деп хабарлады. Сол сияқты Қостанай облысының көптеген шеткері елді пункттерінде айлап, тіпті жылдап лекция оқылмайтыны да анықталды. Осы сияқты жағдайларды еске алсақ, лекциялық насихаттың өрісін әлі де кеңейте түсу керек екенін және ке-

нейтуге болатынын көреміз. Ал кейбір партия ұйымдары, саяси және ғылыми білім тарату қоғамының бөлімшелері мен топтары лекция мен баяндаманың жалпы санын мақтаныш көріп, жұртшылықтың белгілі топтары насихаттың бұл түрінен шет қалып отырғанын елегісі келмейді.

Партия ұйымдары, саяси және ғылыми білім тарату қоғамының бөлімшелері лекцияның саны мен сапасын бұрынғыдан да арттырып, оның өмірмен байланысын жақсартумен бірге, өрісін де кеңейте беруге міндетті. Мұның үшін, айталық, аудан көлеміндегі әрбір елді пунктті есепке алып, оның әрқайсысында қашан, қанша және қай тақырыпқа лекция оқылғанын қадағалап отырған дұрыс болар еді. Бұл лекцияны біртегіс ұйымдастыруға, оған халықты көбірек тартуға көмектеседі.

Әдетте лекторлар мен баяндамашылар кішкене елді пункттерге, жеке бригадаларға, халқы аз жерге бармайды. Ал шағын топ ортасында тіпті 4—5 кісімен де тартымды әдемі әңгіме өткізуге, кейде сұраққа жауап беру әдісін қолдануға да болады. Бұл да насихатқа халықты неғұрлым көп тартуға мүмкіншілік берер еді. Қысқасы насихатты нағыз бұқаралық ету үшін оның түрі мен әдісін байытып, идеялық мазмұнды, көкейге қонымды болуын қамтамасыз ету қажет. Бұл табандылықты, ерінбей еңбек етуді, жұмысты біліп ұйымдастыруды, оралымдықты керек етеді.

Баспасөз бен радио совет адамдарын коммунизм рухында тәрбиелеудің аса күшті әрі көп тараған түрі. Бірақ кәзіргі уақыттағы талапқа сай бұлардың да ықпал ету өрісі мен шеңберін кеңейте түсуге болады. Үстіміздегі жылы газет-журналдар республика бойынша жалпы әжептәуір тарады. Ендігі жұмыс сол газет-журналдарды алдырушыларға дер кезінде жеткізіп тұру. Бұл жөнінде кемшіліктер жоқ емес. Почта орындарының оралымсыздығынан, колхоз басқармаларының салақтығынан өте-мөте қыс айларында алыстағы ауыл-селолар мен қыстақтарға, мал фермаларына газет бір жеті, он күн, тіпті онан да кешігіп барады. Соның салдарынан газеттің мазмұны ескіріп, жұртшылық көбінесе сүйсініп оқымайтын болады, әсері кемиді, белгілі дәрежеде ықпал ету өрісі тарылады. Осы сияқты олқылыққа төзіп отыра беруге бола ма? Әрине, болмайды. Почта орындары газеттерді мүмкін болғанынша шыққан күні немесе келесі күні жеткізіп тұруға міндетті, ал шалғай пункттер мен фермаларға әсіресе колхоз басқармалары неғұрлым тез жеткізу шарасын қолдануға тиіс. Партия, совет, кәсіподақ ұйымдары бұл істі өз бақылауына алып, қадағалап отыруы қажет.

Радио — желісін кең жайған, алыс-жақынды білмейтін, жаңалық хабарды заматта таратып тұратын тамаша құрал. Оның жұртшылыққа беретін саяси, мәдени тәрбиесі үлкен. Радио—әрі насихатшы, үгітші, әрі кеңесші, тәрбиеші, әрі әнші, домбырашы. Жері шалғай біздің республикамыздың жағдайында радионың маңызы тіпті ерекше. Осы міндетін радио атқарып та келеді. Бірақ оның да жетпей жатқан жері аз емес. Радиоландыру жоспары республика бойынша соңғы үш жыл бойы орындалмай келеді. Бұл жағдай әсіресе Шығыс Қазақстан, Ақмола, Семей, Ақтөбе, Қостанай облыстарында өте нашар. Соңғы уақытқа дейін 100 колхоз орталығы, 69 совхоз орталығы радиоланбаған. Әсіресе Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұған мән бермей отырғанын атап айту керек. 1959 жылы совхоздарды радиоландыру жоспары осы министрлік бойынша орындалмай қалғаны былай тұрсын, тіпті бар радио нүктелерінің өзі өткен жылғыдан кеміп кеткен. Ал жаппай радиоландыру жұмысы әзірше тек міндет қалпында ғана тұр. Қәзір республика бойынша әрбір 100 адамға келетін радио нүктенің саны 12-ден аз-ақ асады. Сондықтан сан мыңдаған адамның күнделікті радио тыңдауға мүмкіншілігі болмай келеді. Партия, совет және байланыс орындары бұл істі шұғыл қолға алатын мезгіл жетті. Республикамызды таяу жылдары жаппай радиоланған өлкеге айналдыру зор міндет.



Өрістегі, фермалардағы мал басында жүрген малшылар үшін, шалрай жатқан кішігірім елді пункттерде тұратын жұрт үшін радиоқабылдағыш аса қажет нәрсе. Мұнан екі-үш жыл бұрын Гурьев облысының партия, совет, сауда орындары әрбір шопан бригадасында бір-бір радиоқабылдағыш болуын, бара-бара әрбір шопанның үйінде радиоқабылдағыш болуын міндет етіп, осы жұмысты қызу қолға ала бастаған еді. Кәзір облыста радиоқабылдағыш малшылардың үй тұрмысындағы әдетті нәрсеге айналып келеді. Бұл мал өсірушілердің өздеріне де, үй семьясына да күнделікті саяси және мәдени тәрбие беруге жағдай тудырды. Малшылар өз қаражатына радиоқабылдағыш сатып алудан қашып отырған жоқ. Күнделікті радио тыңдаушылардың, газет-журнал оқушылардың саны неғұрлым көбейсе, бұл жетіжылдық жоспарды орындауға сөзсіз көмектеседі. Аудандық, облыстық партия комитеттері, жергілікті советтердің атқару комитеттері мен байланыс, сауда орындары бұл жұмысты қолға алып, таяу уақытта шешуге тиіс.

Кино, көркемөнердің басқа да түрі, кітапхана, клуб сияқты мәдени-ағарту орындары бұқаралық саяси тәрбие жұмысын кең көлемде атқара алады. Сол сияқты кәсіподақ, комсомол ұйымдарының мүмкіншілігі өте зор. Міне осылардың бәрін бір арнаға бағыттап отыру партия ұйымдары мен комитеттерінің негізгі міндеті. Мақсат—еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру, мұны өмірмен, коммунизм құрылысының практикасымен тығыз ұштастыра жүргізу, оның шеңберін ұлғайту, әрбір совет адамына үнемі коммунистік ықпал етіп отыру. Мәселе даурықпа сөзді көбейтуде емес, коммунизмнің бүгін таңда алда тұрған нақты міндеттері туралы, жетіжылдықтың күндік, айлық, жылдық тапсырмаларын орындау туралы, соны орындауға жұртшылықты жұмылдыра білу туралы болып отыр.

Бұл ең алдымен еңбекке коммунистік көзқарас болумен, еңбек өнімділігін арттыра берумен тығыз байланысты. Негізгі бағыт — адамдарды еңбек үстінде тәрбиелеу, еңбек озаттарының үлгілі тәжірибесіне баулу. Әркім өзінің күнделікті жұмысы мен қимылының аса зор тарихи қоғамдық маңызы бар екенін ұғынуға тиіс. Сонымен қатар «еңбек етпеген — ішіп-жемейді» деген негізгі принципті жүзеге асырып отыру үшін күреспейінше, жалқаулар мен жатып ішерлерге қарсы үнемі күресіп отырмайынша болмайды.

Кең көлемдегі бұқаралық насихат пен үгіт халықтың әртүрлі топтарының кәсібін, жасын, білімін, ұлттық және басқа ерекшеліктерін есепке алып, жүргізуді керек етеді. Сондай-ақ еңбекшілердің қалың топтарына арналған шаралар: лекция мен баяндамалар, сұраққа жауап беру кештері, творчестволық айтыс, теориялық конференциялар, жолдастық әңгімелер, белгілі тақырыпқа арналған кештер, жексенбілік оқулар сияқты жұмыс жиі өткізіліп тұрғаны жөн. Бұл шаралар жалаң мәдениетшілдікті мақсат етпей, коммунистік идеологияны насихаттауды, еңбектің жемісті болуын көздеп жүргізілуге тиіс.

КПСС Орталық Комитетінің насихат жөніндегі қаулысында: «Партия насихатының негізгі мазмұны — марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, партияның ХХ және ХХІ съездерінде, КПСС Орталық Комитеті Пленумдарының шешімдерінде, партия мен үкімет басшыларының сөйлеген сөздерінде, халықаралық коммунистік қозғалыстың аса маңызды документтерінде баяндалған теориялық проблемалар мен практикалық міндеттерді жете оқып үйреніп, кенінен түсіндіру, КПСС тарихын, саяси экономияны, маркстік философияны оқып үйрену болуға тиіс» делінген, теория мен практиканы тығыз ұштастыра білу керек екені айтылған. Қаулыда қоғам тану ғылымдарының идеология жұмысындағы орны мен ролі туралы айтыла келіп, көптеген ғылыми қызметкерлердің коммунизм құрылысының практикасы мен идеология жұмысы-

нын міндеттерінен белгілі дәрежеде кейін қалып келе жатқаны, оларда догматизмнің, бисаясаттықтың салқыны әлі де сезілетіні ескертілді.

Партияның соңғы жылдары жүзеге асырған шараларының теориялық және практикалық маңызын кейбір ғылыми қызметкерлердің терең талдап түсіндіре алмау фактілері біздің республикада да кездеседі. Мәселен, Қазақ мемлекет баспасы 1959 жылы И. Шамшатовтың «Қазақстан партия ұйымының тың жер игеру жолындағы күресі» деген кітапшасын басып шығарды. Онда тың игеру жөніндегі өмір шындығы бұрмаланған. Партияның, оның Орталық Комитетінің, Н. С. Хрущев жолдастың тың игеруде атқарған бүкіл дүние жүзіне әйгілі ролі терең түсіндірілмеген, КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының (1953 жыл) тарихи маңызы жете баяндалмаған. 1954 жылғы февраль—март Пленумының маңызын автор түсінбеген де, Миллиондаған гектар тың жер игеруде қазақ халқына ұлы орыс халқы мен басқа да туысқан халықтар зор көмек көрсеткені туралы ештеме айтылмайды. Осылай қай жағынан болса да ақсап тұрған құнсыз кітапшаны Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты баспаға ұсынған. Қазақ мемлекеттік баспасының басшылары принципсіздік жасап, оны бастырып шығаруға жол берген. Бұл жағдай ғылыми зерттеу және баспа орындарының жұмыс дәрежесін Орталық Комитет қойған жаңа талапқа сай көтере түсуді талап етеді.

Республикада ғылыми атеистік насихат көлемі жағынан да, мазмұны жағынан да әлі қанағаттанғысыз екенін айту керек. Оның шеңбері тар, діннің шырмауында жүрген адамдар көбінесе насихаттың бұл түрінен сырт қалады. Олардың арасында әдейі жұмыс ұйымдастырылмайды, жекелеп жұмыс жүргізілмейді деуге болады. Ғылыми-атеистік насихаттың айбыны, ықпалы мен әсері күшті емес. Әсіресе Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Ақмола облыстарында, Алматы қаласында істің жайы нашар. Сондықтан бұл облыстарда молдалар, поптар, түрлі сектанттар қолайлы жағдайда қалып отыр. Партия ұйымдары, саяси және ғылыми білім тарату қоғамының бөлімшелері еңбекшілер арасында, әсіресе дінге сенушілер арасында ықпалды, өткір ғылыми-атеистік насихатты кең жүргізуге тиісті.

Саяси тәрбиенің пәрменділігі, ықпалы өндіріс жұмысының қорытындысынан көрінеді. Мұнан өндірістік табысты сылтауратып, саяси тәрбиені бәсеңдетуге болады деген жалған пікір тумасқа керек. Қайта бұл өндірістегі табыстың арқауы болу керек. Еңбекшілер бұқарасын, ең алдымен жастарды коммунизм рухында тәрбиелеу негізгі жұмыс. Сондықтан партия комитеттері мен бастауыш партия ұйымдары партия насихатына әрдайым баса назар аударып, оның жеке мәселелерін үнемі талқылап отыруға тиіс.

Коммунист партиясының, оның Н. С. Хрущев жолдас бастаған лениндік Орталық Комитетінің төңірегіне берік топтасқан республика партия ұйымдары мен барлық еңбекшілері ұйымдастыру және партиялық саяси жұмысты кәзіргі кездегі талаптардың дәрежесіне сай жүргізе отырып, жетіжылдықтың екінші жылының тапсырмаларын және 1960 жылға алған міндеттемелерді орындап шығатыны, сөйтіп биыл тойланғалы отырған Қазақстанның 40 жылдық мерекесін лайықты табыспен қарсы алатыны сөзсіз.

# В. И. Ленин және Қазақ Совет мемлекетінің тууы

Ә. МҰҚТАРОВ,

*тарих ғылымының кандидаты*

Биыл бүкіл дүние жүзі еңбекшілері, прогресшіл адамзат коммунистік партиямызды ұйымдастырушы, совет мемлекетінің негізін қалаушы ұлы көсеміміз В. И. Лениннің туғанына 90 жыл толуын атап өтуде. Ұлы Ленин марксизмді дамытып, жаңа сатыға көтерді, елімізде коммунизм орнатудың ұлы программасын белгіледі, оны социалистік құрылыстың даңғыл жолына түсірді. Ленинизм идеялары біздің елде салтанат құрды, социализм толық та түпкілікті жеңді. Кәзір дүниеде бір миллиардтан астам адам социализмнің даңғыл жолына түсті. Біздің елде коммунизм орнату және халықтық демократия елдерінде социалистік құрылыс жолындағы табыстар жеңімпаз лениндік идеялардың салтанаты.

В. И. Ленин партиямыздың ұлт мәселесіндегі ғылыми дәлелденген программасын жасап, оны жүзеге асыруға тікелей басшылық етті. Оның негізіне халықтардың өзін-өзі билеу правосы, помещиктер мен капиталистер өкіметін жою, социализм қоғамын орнату үшін түрлі ұлттардың пролетарлары мен жартылай пролетарларын біріктіруге бағытталған лениндік идеялар қойылды. Коммунистік партиямыздың басшылығымен ұлы орыс халқы бұрын езілген халықтарға, оның ішінде қазақ халқына жанжақты көмек көрсетіп, советтік ұлттық мемлекет құруына мүмкіндік жасады. В. И. Лениннің қолы қойылған «Бітім туралы декретте», «Россия халықтары правосының Декларациясында» және РСФСР Халық Комиссарлары Советінің «Россия мен Шығыстың барлық мұсылман еңбекшілеріне» үндеуінде және басқа документтерде Совет өкіметінің ұлт саясатының негізгі принциптері көрсетілді. Бұл документтерде: Россия халықтарының тең және ерікті екені; Россия халықтарының бөлініп, дербес мемлекет құруға дейін өзін-өзі билеуге правосы; қандай да болсын ұлттық және ұлттық-діни ардақтылық пен тежеулерді жою; Россияны мекендейтін аз ұлттар мен халықтық топтардың еркін дамуын көздейтін принциптер баяндалды.

Ұлт мәселесін дұрыс шешуде, Россия халықтарын бірлестіруде Советтік федерация үлкен роль атқарды. 1918 жылы январьда Советтердің III съезі Лениннің ұсынуы бойынша «Еңбекші және қаналушы халық правосының Декларациясын» қабылдап, онда «Советтік Россия республикасы ерікті азат ұлттардың ерікті одағы негізінде Советтік ұлттық республикалардың федерациясы болып құрылады» деп жариялады. Ұлт аймақтарында советтік автономиялық республикалар құрыла бастады. Мұндағы мақсат — совет өкіметін еңбекші бұқараға неғұрлым жақындату еді. Коммунист партиясы совет органдарына жергілікті халықтардың тілін, әдет-ғұрпын және тұрмысын білетін адамдардың көбірек тартылуын, еңбекшілердің мемлекет басқару ісіне көптеп қатысуын көздеді.

Лениндік ұлт саясаты Қазақстанда совет өкіметін орнатуға зор әсер етті. Қазақ еңбекшілері контрреволюциялық буржуазияшыл-ұлтшыл алашордаға, тағы басқа совет өкіметінің жауларына қарсы күресті. 1917 жылғы декабрьде Ақмола уезіндегі қазақ кедейлерінің он мыңдай адам қатынасқан жиыны В. И. Ленинге жолдаған телеграммасында «Алашорда автономиясының Қазақстан еңбекшілеріне қажеті жоқ екенін хабарлады.

Қазақстан еңбекшілері канаушы үстем таптарға қарсы күресінде Орталық Россиядан көп көмек алды. Ленин басқарған Совет үкіметі Қазақстанға саяси күрес мектебінен өткен табанды, тәжірибелі партия мүшелерін жіберді. 1917 жылы ноябрь айында Қырымда революциялық жұмыста болған Әліби Жанкелдин Москваға шақырылып В. И. Ленинде болды. 1917 жылы 14 декабрь күні В. И. Лениннің қолы қойылған куәлік бойынша Әліби Жанкелдин Торғай облысының уақытша комиссары болып бекітілді. Түркстанға төтенше комиссар болып партияның қарт қайраткері П. А. Кобозев жіберілді.

Қазақстанда совет өкіметі үшін күрес ерекше қиын жағдайда өтті. Өлкенің көп жерінде ақгвардияшылар мен алашордашылардың біріккен күші совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық бүліктер жасады. Мысалы, 1917 жылдың аяғында Қазақстан мен Орта Азияны Орталық Россиямен жалғастыратын Орынбор қаласынан Дутовтың ақгвардия әскерлерін қуып шығудың мәні зор болды. В. И. Ленин осы контрреволюциялық ошақты жоюға тікелей көмектесті. Ол 1917 жылғы 26 ноябрьде (9 декабрьде) Дутов әскерін талқандау үшін көмек сұрай келген Орынбор жұмысшыларының делегациясын қабылдап, Петроград соғыс округінің штабына былай деп жазды: «Өтініш жасаушылар — Орынбордан келген теміржолшы жолдастар. Дутовқа қарсы шұғыл соғыс көмегі керек. Мұны талқылап, іс жүзінде тезірек шешуді өтінемін» (Шығармалар, 3-басылуы, 24 том, орысшасының 473-беті).

Көмек көрсетілді де. Лениннің көмегі нәтижесінде 1918 жылғы 18 (31) январьда Орынбор қаласында советтік қызыл ту тігілді. Ал өлкенің барлық жерінде 1918 жылғы март айына дейін Совет өкіметі тегіс орнады. Сөйтіп қазақтың советтік автономиялы мемлекетін құруға даярлық жүргізіле бастады. 1918 жылы апрельде Түркстан өлкесі Автономиялық Советтік Социалистік Республика болып жарияланды. Бұған Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс аудандары да кірді. Қазақстан советтік автономиясын құруға әзірлік жасау үшін 1918 жылы 12 майда Ұлт істері халық комиссариаты жанында қазақ бөлімі құрылды. Сол жылы 14 майда Ә. Т. Жанкелдин Дала өлкесінің Төтенше Комиссары болып тағайындалып, оған да Қазақ АССР-ын құруға әзірлік жүргізу тапсырылды. Бірақ 1918 жылы май айында елімізде азамат соғысы мен шетелдік интервенция басталып кеткендіктен, қазақ өлкесінің көп жері контрреволюцияның қол астында қалып қою себебі, республиканың құрылуы уақытша тоқтатылды. Қазақ АССР-ын құру ісі контрреволюцияға қарсы қарулы күреске ұласты.

Азамат соғысы мен шет ел интервенциясының ауыр жағдайларына қарамастан В. И. Лениннің нұсқауымен қазақтың автономиялық советтік республикасын құруға әзірлік жүріп жатты. 1919 жылы 4 апрельде Қазақстан советтерінің Құрылтай съезін шақыру ұйғарылды. Оны даярлауға комиссия құрылды. 500 мың сом ақша босатылды. Бірақ сол тұста Шығыс майданындағы контрреволюциялық күштер шабуылға шығып, Отанымызға ауыр жағдай туғызғандықтан, Құрылтай съезі шақырылған жоқ. В. И. Лениннің ұсынысы бойынша РСФСР Халық Комиссарлары Советінің 1919 жылғы 10 июльдегі декреті бойынша қазақ өлкесін басқаратын Соғыс-революциялық Комитет (Кирвоенревком) құрылды. Декретке Ленин қол қойды. Оның құрамына 7 адам белгіленді. Председатель болып 1902 жылдан партия мүшесі, Ұлт істер

рі комиссарының орынбасары, 1917 жылы Петроградта Октябрь қарулы көтерілісі кезінде почта мен телеграф үйін алуға қатынасқан, бірінші Совет үкіметінің Почта мен телеграф комиссары болған С. С. Пестковский тағайындалды. Кирвоенревком құрамында Ә. Жанкелдин, С. Мендешев, Б. Қаратаев, В. Лукашев тағы басқалар болды. Бұл Қазақстандағы совет өкіметінің бірінші Орталық органы болды.

В. И. Ленин Қазақстанның жергілікті партия, совет құрылысына көмектесті. 1919 жылы октябрь айында Түркстан ісі жөнінде Комиссия құрылды. Комиссияның құрамында: Ш. З. Элиава (председатель), Г. И. Бокій, М. В. Фрунзе, В. В. Куйбышев, Ф. И. Голощекин, Я. Э. Рудзутак болды. Комиссиямен бірге көптеген партия-совет қызметкері жіберілді. 1919 жылдың аяғында партияның Орталық Комитетінің жолдамасымен Түркстанға 40, ал 1920 жылы 600 коммунист келді.

В. И. Ленин Түркстан комиссиясының құрылуымен байланысты Түркстан коммунистеріне әдейі мынадай хат жолдады: «Түркстанның халықтарымен дұрыс қатынас орнатудың кәзір Россия Социалистік Федерациялы Советтік Республикасы үшін аса зор, бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы бар деп асырмай айтуға болады.

Советтік жұмысшы-шаруа республикасының осы күнге дейін езіліп келген әлсіз халықтарға көзқарасының бүкіл Азия үшін және дүние жүзінің барлық отар елдері үшін, мындаған миллион адамдар үшін практикалық маңызы бар.

Менің сіздерден өте-мөте сұрайтыным: бұл мәселеге аса зор көңіл бөлу керек, — үлгі көрсетіп, іс жүзінде Түркстан халықтарына жолдас-тық қатынас орнату үшін барынша күш салу керек...» (Шығармалар, 30-том, 124-бет).

В. И. Лениннің осы нұсқауы және Түркстан комиссиясының құрылуы қазақ өлкесінде пролетариат диктатурасын онан әрі нығайтуға, Қазақ АССР-ын жариялауға ерекше ықпал жасады. 1920 жылы январь айында Ақтөбе қаласында өлкелік партия, совет қызметкерлерінің конференциясы өтті. Конференция барлық қазақ облыстарын Қазақтың Автономиялық Советтік Социалистік Республикасына біріктіру туралы қаулы алды.

1920 жылы 30 апрельде РКП(б)-ның Орталық Комитеті РКП(б)-ның өлкедегі облыстық бюросын құру туралы қарар шығарды. Енді Бүкілқазақстандық Құрылтай съезін шақыру жолындағы әзірлік осы облыстық бюроның тікелей басшылығымен жүргізіле бастады.

В. И. Ленин Қазақстандағы совет құрылысына, Қазақ АССР-ын жариялауға көп көңіл бөлумен қатар, өлкенің өндіріс күштерін дамытуға да әкелік қамқорлық жасап отырды. 1919 жылы декабрь айында В. И. Ленин Советтік Шығыс аймақтарының өкілдерімен кеңес өткізді. Осы кеңеске қатынасқан, 1919 жылдан партия мүшесі Хамит Чуриң былай дейді: «Кеңестің күн тәртібіне Қазақ, Башқұрт, Татар автономиялық республикаларын құру туралы мәселе қойылды. Кеңеске бұл болашақ автономиялық республика халықтарының өкілдерінен делегаттар шақырылды. Бұған мен де шақырылып, Кремльде В. И. Лениннің кабинетінде өткізілген осы кеңеске қатыстым. Владимир Ильич делегаттармен амандасып, олардың әрқайсысына жылы сөз таба білді. Ол қазақстандық біздерге былай деді: «Сіздердің өлкелеріңіз бай, оның мүмкіншіліктері де зор. Өлкенізді өркендету керек. Біз оны сөзсіз өркендететін боламыз, өркендетеміз де, ол үшін халықтың күші жетеді» («Революция от жалынында», естеліктер жинағы, Қазақ мемлекет баспасы, 1959 жыл, 29—30-беттер).

В. И. Ленин С. С. Пестковский жолдасқа көшпелі қазақ ауылдарындағы еңбекшілер арасында партиялық ағарту жұмыс жүргізу жайында мынадай кеңес береді: «Мен сізге практикалық кеңес берейін. Советтік Конституция туралы, Компартияның принциптері туралы, біз-

дің ұлт саясатымыз туралы бірқатар баяндамалар ұйымдастырыңыз. Өз ортамыздан жұртқа белгілі жақсы лекторларды таңдап алыңыздар, олар баяндамаларын не жазып шықсын, немесе оқып шықсын. Содан кейін ол баяндамаларды қазақ тіліне аудару керек, аударманы бақылауға болады, бізде қазақ тілін білетін ғалымдар бар. Соларға қаратып алғаннан кейін аудармаларды граммафон пластинкаларына жаздырып алу керек. Соған соң біздің жабдықтау орындарымыз арқылы граммафондарды көптеп алдырып алыңыз. Бұл жөнінен мен жәрдемдесермін. Граммафондар мен пластинкаларды ауылдан ауылға таратыңыздар, сөйтіп көшпелі елдің қалың бұқарасы арасында біздің үгіт-насихат жұмысымызды бастаңыздар» («Революция от жалынында» 31—32-беттер).

В. И. Лениннің қазақ мәдениетіне, баспасөзінің өсуіне істеген қамқорлығы да белгілі. 1920 жылы В. И. Ленин В. В. Воровскийге және Халық шаруашылығының Жоғарғы Советіне жолдаған белгілі хатында: «Қазақ жолдастар әріп құю, баспахана және қағаз жөнінен көмек сұрайды. Соларды қабылдап, барынша көмек көрсетуді өтінемін» деп жазды («Лениндік жинақ», орысша XXXIV том, 257-бет).

Бұл көмек Қазақстан баспасын дамытуға, көптеген кітап және газет шығаруға жол ашты. 1920 жылдың екінші жартысында қазақ тілінде 200 мың данадан астам кітап шығарылды.

Қазақ АССР-ын құру жөніндегі Совет үкіметінің декретін әзірлеу В. И. Лениннің есімімен тығыз байланысты. Мәселен, Владимир Ильич Орта Азия мен Қазақстанның ұлттық шегін айыру мәселесін қарай отырып, 1920 жылдың 13 июнінде: «1) Түркстанның Өзбекстанға, Қырғызстанға және Түркменстанға бөлінген картасын жасау (этнографиялық және басқалар) тапсырылсын. 2) Бұл үш бөлікті біріктіру немесе бөлу шарттары егжей-тегжейлі анықталсын» — деп жазды («Лениндік жинақ», орысша, XXXIV том, 326-бет).

1920 жылы август айында Москвада Қазақ АССР-ын құру мәселеріне арналған кеңестер өтті. Кеңес Қазақ АССР-ының территориясын белгілеуге байланысты талас мәселелерді қарады. Мәселен, көпке дейін талас болып келген Ақмола, Семей губерниялары кеңестің ұйғарымы бойынша қазақ республикасының құрамында қалды. Ұлт істері жөніндегі Халық Комиссариаты мен Ішкі істер Халық Комиссариаттарына кеңес Қазақ АССР-ын жариялайтын декретті толық бітіруді міндеттеді. 1920 жылғы 17 августа РСФСР Халық Комиссарлары Советінің мәжілісінде Қазақ АССР-ын құру жөніндегі Декрет бекітілді.

1920 жылы 25 августа РКП(б) Орталық Комитетінің Саяси бюросы Қазақстан облыстық партия бюросының жаңа құрамын бекітті. Партиямыздың тәжірибелі қарт қызметкері, 1898 жылдан партия мүшесі В. А. Радус-Зенькович жолдас Кирвоенревкомның председателі және облыстық партия бюросының мүшесі болып бекітілді.

1920 жылы 26 август күні Владимир Ильич Ленин және Михаил Иванович Калинин «Автономиялы Қырғыз (қазақ) Советтік Социалистік Республикасын құру туралы» тарихи декретке қол қойды.

1920 жылы 4—12 октябрьде Ленин декретіне сәйкес Орынборда Қазақстан Советтерінің Құрылтай съезі өтті. Съезд «Қазақтың Автономиялы Советтік Социалистік Республикасын жариялап, бүкіл Қазақстанның РСФСР-ге біріккен советтік республикалардың ерікті федерациялық одағына кіру тілегін білдірді.

Сөйтіп, қазақ халқы өзінің тарихында тұңғыш рет ұлттық суверендік мемлекетін жариялады, оны совет өкіметінің қолынан алды. Коммунист партиясы және оның негізін қалаушы В. И. Ленин қазақ совет мемлекетінің дем берушісі, ұйымдастырушысы болды.

В. И. Ленин совет халықтарын бір бірімен жақындастыру, олардың шаруашылық және мемлекеттік құрылысындағы күш-жігерін бі-

ріктіру жолдары мен әдістерін белгілеуге мейлінше назар аударды. Оларды ұлы көсем өзінің партияның XII съезіне жолдаған «Ұлттар туралы немесе «автономияландыру» туралы мәселе жайында» деген хатында белгіледі. 1922 жылы декабрьде Советтердің бірінші Бүкіл-одақтық съезі лениндік нұсқаулар негізінде Советтік Социалистік Республикалар Одағын құру туралы Декларация мен Договорды қабылдады. Сөйтіп, съезд ұлт мәселесін шешудің, тең праволы және азат халықтардың ерікті одағына негізделген көп ұлтты мемлекет құрудың лениндік принциптерін тұжырымдады. Жоғарыда көрсетілген документтер мен фактілердің бәрі де — елімізде ұлт мәселесін бірден-бір дұрыс шешуге, артта қалған қазақ халқының өркендеп өсуіне арналған лениндік қамқорлықтың айқын айғағы.

Коммунистік партия өзінің ұлт саясатында халықтардың тек саяси теңсіздігін жойып қана қоймай, олардың экономикалық, мәдени теңсіздіктерін де түбірінен жою мақсатын қойды. Владимир Ильич 1920 жылы бұрынғы Россия империясындағы мешеу қалған өлкелердегі советтік құрылыстың тәжірибесін қорыта келіп, олардың экономикалық даму жолдарын белгіледі: «Артта қалған елдер алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының көмегімен дамудың капиталистік сатысына соқпай, советтік құрылысқа және дамудың белгілі сатылары арқылы коммунизмге өте алады» (Шығармалар, 31-том, 243—244-беттер) деп көрсетті. Көсемнің бұл қағидасы іс жүзінде толық дәлелденді. Елімізде көп халықтар, оның ішінде қазақ халқы да, капиталистік даму сатысына соқпай, капитализмге дейінгі өндірістік қатынастардан тура социализмге көшті.

Коммунистік партия Лениннің нұсқауларын жүзеге асыра отырып, аз уақыттың ішінде еліміздің ұлт республикалары мен облыстарында социалистік өнеркәсіп орындарын салып, жергілікті халықтың ішінен жұмысшы табы мен интеллигенцияны жасақтады, артта қалған шаруашылықты көтеріп, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетті дамытты. Коммунистік партияның басшылығымен ұлы орыс халқының және басқа да елімізді мекендейтін халықтардың көмегімен тарихи қысқа мерзім ішінде Қазақстан күшті өнеркәсібі мен механикаландырылған ірі социалистік ауыл шаруашылығы бар гүлденген одақтық республикаға айналды.

1958 жылы республикада өнеркәсіп өнімдерінің жалпы көлемі 1913 жылмен салыстырғанда 44 есе өсті. Кәзір Қазақстан электр қуатын революцияға дейінгі бүкіл Россиядағыдан 4 есе артық шығарады. Ал жетіжылдықтың аяғында, яғни 1965 жылдары, жалпы өнеркәсіп өнімі 1913 жылмен салыстырғанда 100 еседен артық өседі.

Совет өкіметі жылдары республикамыз жаңа техникамен қаруланған ірі-ірі колхозды, совхозды елге айналды. Соңғы жылдарда Коммунистік партия лениндік идеяларды жүзеге асыра отырып, республиканың ауыл шаруашылығын шұғыл көтеруге бағытталған ірі-ірі революциялық шараларды іске асырды. Аз уақыттың ішінде құлазыған қазақ даласында жүздеген совхоздар орнатылып, 23 миллион гектардан астам тың және тыңайған жер игерілді. Бұл идея партияның лениндік Орталық Комитетінің, оның бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдастың басшылығымен, СССР-дің барлық халықтарының көмегі нәтижесінде жүзеге асырылды. Кәзіргі уақытта Қазақ ССР-і астық өндіру жағынан РСФСР-ден кейінгі екінші орынға ие болып отыр.

Қазақ республикасы құрылғаннан бері елімізде аса ірі мәдени революция жүзеге асты. Қазақстанда 9 мыңнан астам жалпы білім беретін мектеп, 300-дей еңбек резервтері мен арнаулы орта дәрежелі, 26 жоғары оқу орны жұмыс істейді. Кәзір республика бойынша әрбір 1000 адамның ішінде жоғары, орта және орталау білімі бар адамның

саны 251-ге жетіп, Қазақстан мәдениетті республикалардың қатарына шығып отыр.

Қазақ халқының социалистік мәдениетінің зор табысы ғылымның дамуы болып саналады. Қазақстанның Ғылым академиясында, Ауыл шаруашылығы ғылымдарының академиясында және 108 ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарында 8 000-нан астам ғылыми қызметкер істейді, олардың ішінде көптеген академик, ғылым докторлары мен кандидаттары бар. Республикамыздағы социалистік экономиканың, халық ағарту ісі мен ғылымның тамаша табыстары жергілікті халықтардың рухани күші толық кемеліне жетуіне мүмкіндік берді. Қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік ұлт мәдениеті шарықтап дами береді.

Республикамызда еңбекшілердің әл-ауқаты мен мәдениет дәрежесінің өсуі, денсаулық сақтау ісінің жақсаруы арқасында халықтың денсаулығы жақсарып, өлім азайды. 1958 жылы елде жалпы өлім 1940 жылмен салыстырғанда үш еседен астам, ал балалардың өлімі одан да көп кеміді. Кәзір республика халқының табиғи өсімі Америка, Англия тағы басқа капиталистік елдермен салыстырғанда 6 есе артық. Жакында жарияланған КПСС Орталық Комитеті мен СССР Министрлер Советінің «СССР халқына медициналық қызмет етуді онан әрі жақсарту және халықтың денсаулығын сақтау шаралары туралы» қаулысы халыққа деген ұлы қамқорлықтың бір айқын белгісі болып табылады. Бұл қаулыда денсаулық сақтауды жақсартудың жаңа программасы белгіленген.

Кәзіргі кезде Қазақстан, басқа одақтық республикалар сияқты, кемеліне келіп отыр. Ол туысқан республикалар семьясында коммунизм құрылысын кең өрістете бастады. Соңғы жылдарда партиямыз лениндік нұсқауларды іске асыра отырып, одақтас республикалардың, оның ішінде Қазақстанның, суверендік праволарын одан әрі кеңейтіп, нығайта түсті. Одақтас республикалардың мүддесін жалпы мемлекеттік мүдделермен дұрыс ұштастыру үшін СССР Жоғарғы Советінің Ұлттар Советі жанынан экономикалық комиссия құрылды. Одақтас республикалардың шаруашылық құрылысы жөніндегі правосы кеңейтілді. Қазақ ССР-інің тікелей басқаруына көптеген ірі кәсіпорындар берілді. Одақтас республикалардың өз шаруашылығын жоспарлау мен қаржыландыру жөніндегі правосы өсті. Заң шығару, сот жұмысын ұйымдастыру, әкімшілік-территория мәселелерін шешу жөнінде де одақтас республикалардың праволары көп кеңейді.

Қазақ республикасының 40 жыл ішінде қолы жеткен тарихи табыстары марксизм-ленинизм идеяларының жеңімпаз күшін, партиямыздың лениндік ұлт саясатының салтанатын толық көрсетеді. Қазақстан еңбекшілері Совет Одағының басқа да халықтарымен бірге лениндік партияның басшылығымен социалистік Отанымыздың игілігі үшін, партияның ХХІ съезі алға қойған ұлы жұмысты іске асыру үшін, елімізде коммунистік қоғам орнату үшін күш-жігерін аямастан күресуде. Қазақстан халықтары бұл ұлы программаны жүзеге асыруға үлкен үлес қосады.



# Советтер мол астық үшін күресте

*Ж. ЖАНҒОЗИН,*

*Ақмола облыстық Совет атқару комитетінің председатели*

Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің негізін салушы ұлы Владимир Ильич Ленин Советтерге орасан зор баға берді. Бірінші орыс революциясының от жалынында туған бұл Советтер пролетариат диктатурасының мемлекеттік формасына айналды. Советтер елімізде Ұлы Октябрь социалистік революциясының және социализм орнатудың ұлы міндеттерін орындауда шешуші роль атқарды.

Коммунистік партия ұйымдастырып құрған Советтер партияның басшылығымен жұмыс істеп, оның барлық шешімдерін мүлтіксіз жүзеге асырып келеді. Советтер — партияны халықпен байланыстырып, біріктіретін дәнекер. Кәсіподақ, комсомол, кооперация сияқты қоғамдық ұйымдардан оның айырмашылығы бар, өйткені Советтер қалың бұқараны мемлекеттік басқару ісіне кең қатынастыру арқылы партиямен тығыз байланыстырып отырады.

Еңбекшілердің қалың бұқарасымен тығыз байланыс жасау тұрғысынан ала отырып, В. И. Ленин Советтер жөнінде былай деген болатын: «Советтер жаңа мемлекеттік аппараттың дәл өзі... бұл аппарат бұқарамен, халықтың көпшілігімен тығыз, ажырамастай, оңай тексеріліп, жаңартылып тұра алатындай байланысты болады, бұрынғы мемлекеттік аппаратта бұған ұқсас ешнәрсе болған емес». (В. И. Ленин, Шығармалар, 26-том, 86-бет).

Коммунистік құрылыстың кең өрістетілген кәзіргі дәуірінде Советтер үлкен роль атқаруға тиіс. КПСС Орталық Комитетінің Бірінші секретары, СССР Министрлер Советінің Председатели Н. С. Хрущев жолдас партияның ХХІ съезінде жасаған баяндамасында Советтердің кәзіргі кездегі атқаратын міндетіне, роліне тамаша сыпаттама берді.

Совет қоғамының ұдайы дамып, ілгері басуымен бірге біздің мемлекеттің қызметі де өзгеріп, дамып келеді. Кәзір Советтердің шаруашылық, ұйымдастыру, мәдениет, тәрбие саласындағы міндеті бұрынғыдан анағұрлым арта түсіп отыр.

Еліміздің коммунистік құрылыстың кең өрістетілген кезеңіне енуі советтік демократияның онан әрі дамытылуын, еңбекшілердің белсенділігін арттыруды, жұмысшылар мен шаруалардың одағын бұрынғыдан да нығайта түсуді көздейді.

\* \* \*

1953 жылдан бері, яғни КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан бері партияның, Н. С. Хрущев жолдастың инициативасы бойынша елімізде тың және тыңайған жерлерді игеру кеңінен өрістетілді.

1954 жылға дейін Ақмола облысында құнарлы да орасан зор көлемді жер игерілмей босқа жатты. Мұнда 1100 мың гектар жерге ғана егін салынды, оның 800 мың гектары ғана дәнді дақыл болатын.

Осыншама ұшан-теңіз жердің пайдаланылмауы, шаруашылық кәдесіне жаратылмауы ірі қате болды. КПСС Орталық Комитетінің сентябрь (1953 жыл) және февраль — март (1954 жыл) Пленумдары қарарларының, Н. С. Хрущев жолдастың тікелей нұсқауларының негізін-

де облыстың партия ұйымдары, совет органдары тың және тыңайған жерлерді игеріп, пайдаға асыру жұмыстарын кеңінен өрістете бастады.

Тың және тыңайған жерді игеру басталған кезде облысымызға партияның шақыруымен Отанның 126 мың патриоты келді. Бұл кезде жергілікті советтердің алдына қойылған басты міндет — бізге көмекке келген жас патриоттарды жұмысқа дұрыс орналастырып, оларды еңбек өнімділігін арттыру, бай техникаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеу еді.

Облыста тың игеру жұмысы жаңа совхоздарды ұйымдастырумен басталды. Жергілікті Советтердің аса жауапты міндеттерінің бірі бұл жерде әрбір совхозды жерге дұрыс орналастыру еді. Поселкелік, селолық, ауылдық, аудандық советтер, сондай-ақ, еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің атқару комитеті өз қызметкерлерін жер-жерге жіберді. Олар совхоздардың жерді, суды пайдалану тәртібін, совхоз орталықтары мен бригадалардың жайғасатын жерлерін белгіледі.

Сонымен бірге әрбір совхозда жұмысшылардың тұрақты коллективін құру жөнінде жергілікті советтердің алдына нақты міндет қойылды. Бұл үшін ең алдымен жаңа қоныстанушыларға тұрғын үйлер салу керек болды. Жергілікті қазақ еңбекшілері тың игеру жөніндегі партияның белгілеген шараларын асқан қуанышпен қарсы алды. Олар жаңа қоныстанушыларды құшақ жая қарсы ала отырып, уақытша өздерінің үйлеріне тұруға жайғастырды. Қазақ еңбекшілерінің толып жатқан семьялары жаңа қоныстанушы — орыстармен, украиндықтармен, белорустармен және басқа ұлт өкілдерімен бір үйде тұрып, бір дастарханнан ас ішті. Бұл жөнінде толып жатқан мысал келтіруге болады. Сонымен, тың жер игеру астық қорын молайтудың шарты болумен бірге ол халықтар достығын нығайтуға да себепші болды.

Советтердің тұрғын үйлер, жатақханалар, асхана, нан пісіретін орындар, монша және тұрмыстық басқа орындар салуда үлкен ұйымдастырушылық роль атқарғанын атап өтуге болады. Облыс совхоздарында тың игерілгеннен бергі жылдары 407 мыңдай шаршы метр тұрғын үй салынды. Мұның өзі үлкен игілікті іс болды. Тыңда жаңа ұйымдастырылған елуден астам поселкелік совет едәуір көмектесті.

Калинин атындағы, «Свободный», «Ново-Владимир», «Энтузиаст», Ленин комсомолы атындағы, «Донской», Костычев атындағы, «Державин» сияқты совхоздардың орталықтары тың игерудің алғашқы жылдарының өзінде-ақ көркейген жұмысшы поселкелеріне айналды.

Ақмола облысында 111 совхоз құрылды. Сонымен бірге 107 колхоз өркендеп, өсіп келеді.

1953 жылдан бергі уақыт ішінде облыстың колхоздары мен совхоздарында 4 миллион гектардан аса жаңа жер игерілді. Тың және тыңайған жерді игеру нәтижесінде тек совхоздар ғана құрылып қойған жоқ, сонымен бірге бүтіндей жаңа аудандар да пайда болды. Жаңадан Баранкөл, Қима аудандары құрылды. Кәзіргі уақытта бұл аудандардың егіс көлемі 1953 жылғыдан 54 есе артық. Тек қана Қима, Баранкөл, Есіл аудандары ғана 1 миллион 350 мың гектар егін салып жүр.

Баранкөл ауданының жері бұрын тек отарлы мал шаруашылығына ғана жарамды деп есептелетін. Мұның теріс пікір екенін өмір айқын көрсетті. Аудан жерінде жаңадан 15 совхоз құрылды, олар жыл сайын мемлекетке 19—22 миллион пұт астық тапсырып келеді.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің жаңа жер игеру және астық өндіруді ұлғайту жөніндегі шешімдерін орындауды ұйымдастыра отырып, күнделікті жұмысында қалың бұқарамен байланысын барған сайын нығайта түсуші жергілікті советтер облыстың бұрын ел мекен деген ескі аудандарында да тың және тыңайған жерлерді игеру бағытында едәуір жұмыс істеді.

Тың жер игеру экономикалық жағынан өзінің өте тиімді шара екенін көрсетті. Ол колхоздардың дәулетін арттыруға үлкен әсер етті. Мұны Атбасар ауданының Ленин атындағы колхоздың мысалынан байқауға болады. 1954 жылға дейін бұл колхоз экономикалық жағынан әлсіз болатын. Ауылшаруашылық дақылдарының, мал шаруашылығының өнімділігі төмен еді. Мал қоралары кәзіргі талапқа сай емес-ті, жемшөптің берік қоры жасалмайды, колхозшыларды материалдық жағынан ынталандыру принципі бұзылып келді. Коммунистік партия белгілеп, ойдағыдай іс жүзіне асырған шаралар, оның ішінде әсіресе тың жерді игеру шарасы колхоздың экономикасын жаңа белеске көтерді. Екіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өндіру мөлшері ұлғайды. Қысқа мерзім ішінде колхозда 16 мың гектар жаңа жер игерілді. Осының есебінен ғана мұнда егіс көлемі екі еседей артты, сол сияқты астықтың жалпы түсімі 3,5 есе ұлғайды. Мемлекетке астық тапсыру мөлшері күрт өсті. Соңғы екі жылда астық тапсыру 1953 жылғыдан 9 есе артты. 1953 жылы әр гектардан 2 центнер ғана астық өткізіліп келген болса, былтыр 8,8 центнерден астық өткізілді. Колхоз 1953 жылы дәнді дақылдың әр гектарынан орта есеппен 7,6 центнер өнім жинаған болса, 1958 жылы 13,4, 1959 жылы 16 центнер өнім жиналды. Артель сапалы астық тапсыру есебінен ғана былтыр қосымша 2 миллион сом табыс алды. Сол сияқты картоп, овощ, бақша дақылдарын өндіру екі еседей артты.

Тың жер игеру нәтижесінде облыс колхоздары мен совхоздарының егіс көлемі едәуір ұлғайды. Кәзіргі уақытта ол 4 миллион 500 мың гектар болып отыр. Мұның өзі 1953 жылғыдан 3 миллион 400 мың гектар артық. Облыстың шаруашылықтары аса бағалы дақыл бидайдың өзін 3,5 миллион гектар жерге егеді.

Тың игеру арқылы егіс көлемін ұлғайта отырып, облыстың жергілікті советтері партияның аса маңызды тағы бір директивасын — дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру міндетін орындауға кірісті. Облыс бойынша 1954 жылы, яғни жаңа жерді жаппай игерудің бірінші жылында дәнді дақылдың әр гектарынан алынған өнім 10,2 центнер болып еді. Ал 1958 жылы 11,2 центнерге жетті. 1959 жылы әр гектардан жиналған өнім орта есеппен 10,2 центнерден айналды. Соның арқасында товарлы астық алу мөлшері едәуір өсті. Тың игеру басталғаннан бері өткен алты жыл ішінде облыстың колхоздары мен совхоздары мемлекетке 714 миллион пұт астық берді. Ал жаңа жер жаппай игерілгенге дейінгі алты жылда небәрі 68 миллион 300 мың пұт астық тапсырылған болатын.

Облыс 1956 жылы астық тапсырудың мемлекеттік жоспарын орындап қана қоймай, сонымен қоса бұл жөнінде қабылдаған міндеттемесінде абыроймен орындады. Ал 1958 жылы облыс мемлекетке 210 миллион пұт астық тапсырды, сөйтіп жоспардан тыс 50 миллион пұт астық өткізілді. Ауыл шаруашылығын өркендетудегі зор табысы үшін Ақмола облысы Ленин орденімен наградталды.

1959 жылы егін жинау және астық тапсыру ауа райының қиын жағдайында өткізілді. Бірақ соған қарамастан, партия ұйымдарының басшылығымен жергілікті советтер алда тұрған міндетті орындауға қалың бұқараны жұмылдыра білді. Облыс Отанға 167 миллион пұттай астық беріп, мемлекеттік жоспарды абыроймен орындады.

Жергілікті советтердің көп салалы жұмыстары барлық депутаттарды белсенді қатыстыру арқылы жүзеге асырылып отырады. Өткен жылы облыс бойынша егін жинау жұмысына 7 мыңнан астам депутат қатысты, 2 мыңнан астам депутат лафетті жатка машинисі, комбайншы, тракторшы болып істеді.

Бұлар өздерінің қажырлы еңбегімен, өнегелі ісімен басқаларға үлгі болды. Баранкөл ауданындағы Донской поселкелік советі (предсе-

дателі В. И. Кривова жолдас) тындағы «Донской» және Костычев атындағы екі совхозды қамтиды. Совет атқару комитетінің сессия мәжілістерінде шаруашылық, мәдени-құрылыс, егіншілік пен мал шаруашылығының, сауда, көпшілікті тамақтандыру жайы және тағы басқа осындай аса маңызды мәселелер талқыланады. Совет қабылданған қарарлардың орындалуын ұдайы тексеріп отырады. Соның нәтижесінде саяси шаруашылық науқандарды бұл советке қарасты совхоздар ұйымшылдықпен өткізді. Егін орағы күндерінде поселкелік совет және оның депутаттары қалың бұқараны ұйымдастыра білді. «Донской» совхозында егін жинауға 74 комбайн және лафетті жатка қатысты. Әрбір агрегатта советтің депутаты жұмыс істеді. Совет депутаты совхоз инженері Кушев жолдас барлық агрегатта техниканың тоқтаусыз жұмыс істеуін қамтамасыз етті. Коммунист депутаттар Плещев, Кривова, Исаенко, Яковлев жолдастар совхоз өндірісінің жауапты учаскелеріне бекітілді.

Поселкелік совет пен бастауыш партия ұйымы, совхоз дирекциясы бар назарды егіншілер мен механизаторлар арасында социалистік жарысты ұйымдастыруға аударды. Жұмыс қорытындысы күн сайын шығарылып, көрсеткіш тақтасына жазылып отырды, егін орағының озаттарына сыйлық берілді. Мысалы, 20 комбайншыға, 8 шоферге сыйлық берілді, көптеген механизаторларға алғыс жарияланды. Жергілікті советтің депутаты Иманалиев жолдас егін орағының қызу күндері тәжірибелі комбайншылардың жетіспей жатқанын көріп, комбайн басқаруға тілек білдірді (ол совхоздың коменданты болып істейтін). Иманалиев агрегаттың жұмысын тәулік бойы ұйымдастырып, күніне екі норма орындап отырды. Поселкелік советтің ұйымдастыру жұмысы өзінің ізгі нәтижесін берді. «Донской» совхозы егін орағын ауданда бірінші болып аяқтады, мемлекетке астық тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындады, Отан қоймасына жоспардағы 999 мың пұт орнына 1 миллион 190 мың пұт астық өткізді.

Курск поселкелік советі де (председателі Быков жолдас) үлкен ұйымдастыру бұқаралық жұмыс атқарды. Осы совет қамтуындағы «Двуречный» совхозы былтыр егін жинауды табысты аяқтады, мемлекетке астық тапсыру міндеттемесін абыроймен орындап шықты. Бұл шаруашылық Отанға 1 миллион 800 мың пұт астық берді. Жергілікті совет депутаты В. В. Полевой жолдас басқаратын № 6 бригаданың егіс көлемі 4 мың гектардай. Бригадада жұмыстың жақсы ұйымдастырылуы арқасында осындай зор көлемдегі егін 9 күнде дестеге салынды, оны сыдыра жинап бастыру 12 күн ішінде аяқталды.

Полевой жолдас үш жылдан бері бригадир. Ол ұйымдастыру жұмысымен шұғылданумен бірге механизаторларға ұдайы қамқорлық жасап отырады. Бригада мүшелерінің бәрі пәтер үймен қамтамасыз етілген. Егіс басындағы қызыл мүйісте көркем, саяси әдебиет, жаңа газет, журнал бар, радиоқабылдағыш жұмыс істейді, кино көрсетіледі, үгітшілер механизаторлар арасында ұдайы әңгіме өткізеді.

Астық үшін күресте Баранкөл ауданындағы «Ешім» совхозының трактор бригадасының бригадирі облыстық советтің депутаты Шарипа Нағызқанова өнімді жұмыс істеудің өнегесін көрсетуде. Оның бригадасы былтыр егінді шашпай-төкпей тез жинап алды. Бригада жоспардағы 18 200 центнер орнына, Отан қоймасына 20 800 центнер сапалы астық құйды. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Қорғалжын ауданының Жамбыл атындағы колхозының комбайншысы Дикен Шіңкеева жолдас та тамаша еңбек етіп келеді. Өткен жылы ол маусымдық тапсырмасын асыра орындады. Озат комбайншы КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының жұмысына қатысты. Ол кәзір пленум қарарын жүзеге асыруға белсене атсалысуда. Мұндай мысалдарды көп келтіруге болады. Бұл мысалдар мемлекетті басқару ісіне, саяси шаруашы-

лық жұмыстарға еңбекшілердің қалың бұқарасы белсенді қатыстырылса, істің үнемі нәтижелі болатынын айқын дәлелдейді.

Жергілікті советтер астықты мол алу, оның түсер құнын кеміту үшін де батыл күрес жүргізіп келеді. Жаңа совхоздарда астықтың түсер құны жоспардағыдан анағұрлым төмен болып жүр. Демек, тың астығы ең арзан астық болып отыр. 1958 жылы облыс совхоздарында астықтың әр центнерінің түсер құны 30 сом, 1959 жылы 34 сом 64 тиын болды. Ал жоспар бойынша 36 сом болатын. Атбасар ауданының «Қайрақты» совхозы астықтың түсер құнын жоспардағыдан 8 сом 9 тиын кемітті, сөйтіп мұнда әр центнер астық 26 сом 27 тиынға түсті. Совхоз жоспардағы 1 миллион 646 мың сом орнына 3 миллион 730 мың сом пайда алды. Сол сияқты жоғарыда айтылған «Двуречный» совхозы дәнді дақылдың әр гектарынан 14,4 центнер өнім жинап, астықтың түсер құнын жоспардағы 40 сом 67 тиын орнына 30 сом 40 тиынға түсірді. Сөйтіп бұл шаруашылық 3 миллион 93 мың сом пайда келтірді. Мемлекетке 27 миллион пұт астық тапсырған Есіл ауданының совхоздары 1959 жылды 22 миллион сомдай табыс алумен аяқтады. Былтыр облыста «Атбасар» қой совхозы ең арзан астық алды. Мұнда астықтың әр центнері 19 сом 67 тиыннан айналды. Ал жоспар бойынша ол 32 сом 91 тиын болуға тиіс еді. Бұл шаруашылықта мал өнімдері де арзан. Мысалы, сиыр етінің әр центнерінің түсер құны жоспардағы 658 сом орнына 525 сом, қой еті 616 сом орнына 564 сом болды. Сөйтіп совхоз 4 миллион сомдай табыс алды.

Облыс колхоздары мен совхоздары егіншілік мәдениетін арттыруға да зор көңіл бөліп келеді. Облыстық совет былтыр март айында өзінің арнаулы сессиясында ауыл шаруашылығын ғылыми негізде жүргізу шараларын талқылады. Колхоздар мен совхоздар ауыл шаруашылығын ғылымға негізделген жүйе бойынша өркендету шараларын жасауға озаттарды, агрономдарды, зоотехниктерді кеңінен қатыстырды. Бұл жүйе бойынша жалпы егісте таза және екпе пардың үлесі 15 — 20 процент болуға тиіс. Сонымен қатар егістік жерге ылғалдың көп жиналуына, ол үшін қыста қар тоқтатуға, көктемде қар суын жинауға ерекше маңыз беріледі. Тұқым себу нормасы бекітілді, тұқым шаруашылығын жақсарту жөнінде шаралар жасалды. 1959 жылы облыс бойынша егістің 85 процентіне аудандастырылған сортты тұқым себілді. Ал биыл барлық егіске жаппай сортты тұқым себу міндеті алға қойылып отыр. Жетіжылдықтың екінші жылы — биыл облыста астықтың жалпы түсімін 266 миллион пұтқа жеткізу — Ақмола диқандарының негізгі нысаны.

Астықты мол алуда МТС-терді қайта құру, техниканы колхоздарға сату шарасы зор роль атқарды. Партия белгілеп, жүзеге асырған бұл шараның әбден дұрыс болғандығын біздің облыс колхоздарының алғашқы тәжірибесі айқын көрсетті. Қуатты техниканы сатып алған колхоздар машиналарды едәуір өнімді пайдаланатын болды.

Облыстың колхоз, совхоздарын басшы кадрлармен нығайту жөнінде біраз жұмыс істелді. Бізде орта және жоғары ауылшаруашылық білімі бар 3600 адам совхоз директоры, колхоз председателі, маман болып істейді. Бірақ әлі де болса механизатор кадрлары жетіспейді. Сондықтан егін жинау кезінде сырттан жұмысшылар мен механизаторларды шақыруға тура келіп жүрді. 1958 жылы егін жинау кезінде басқа жақтан 45 мыңнан аса адам келіп жұмыс істеді, мұның өзі мемлекетке өте қымбатқа түсті. Облысқа басқа жерден жұмысшы әкелуге соңғы 4 жыл ішінде 229,8 миллион сом қаржы жұмсалды. Сонымен бірге бұл жағдай жергілікті кейбір тоғышар басшы қызметкерлерді тілемсектікке итермеледі, сондықтан біз өткен жылы сырттан жұмысшы күшін әкелу мөлшерін едәуір қысқарттық. Ақмола ауданының «Шалқар», «Ақмола» совхоздары, Атбасар ауданының Ленин атында-

ғы, Сталин ауданының «Ленинский путь», Сталин атындағы колхоздары егін жинауды өз күшімен атқарды.

Облыстың партия, совет ұйымдары колхоздар мен совхоздардың өздерінің жеткілікті механизатор кадрлары болуы үшін күресіп келеді. Осы мақсатпен облыста механизаторлардың он мектебі ашылды. Әрбір совхозда тракторшыларды, комбайншыларды, жатка машинистерін даярлайтын курс ұйымдастырылды. Сондай-ақ «СК-3» комбайнында жұмыс істеуге комбайншылар үйретіліп жатыр. Сонда да егін жинаудың қызу күндерінде жұмысшы күші біраз жетіспейін деп отыр. Бірақ біз бұл мәселені сырттан адам әкелу жолымен емес, еңбек өнімділігін күрт арттыру есебінен шешпекпіз. Ал мұның өзі көбінесе егін жинау, астық бастыру, тазарту жұмыстарын механикаландыруға тікелей байланысты. Еңбек өнімділігін анағұрлым арттыру үшін колхоздар мен совхоздар комбайндарды, жаткаларды қосарлап және комбайндарды топтап пайдалану, агрегаттардың түнгі жұмысын ұйымдастыру сияқты тәсілдерді келешекте де кеңінен қолданады.

Тыңдағы совхоздардың мейлінше нығайтылуы жұмысшыларды тұрақтандырып, олардың ауыса беруін мүлде жоюға байланысты. Міне осыған орай ауыл шаруашылығы еңбекшілеріне тиісті тұрмыс жағдайын жасау жөнінде нақты шаралар қолданылуда. Селолық, поселкелік, аудандық советтер жатақхана, жеке үй, балалар бақшасын, ясли, асхана, магазин, тағы басқа құрылыстар салуға, бригадаларда егіс қостарын дұрыс ұйымдастыруға әрдайым көңіл бөліп, қамқорлық жасап отырады. Әсіресе мектеп салуға соңғы жылдары мықтап назар аударылды. 1958—59 оқу жылында 659 мектеп болды, онда 76 200 бала оқыды. Тың игергеннен бергі уақыт ішінде мектеп санын көбейту, балаларды оқуға жаппай тарту бағытында Есіл, Атбасар, Балкашин, Қорғалжын аудандарында зор өзгерістер жасалды.

Бірақ КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумында Н. С. Хрущев жолдас атап көрсеткендей, Қазақстанда, оның ішінде Ақмола облысында былтыр егін дер кезінде жинап алынбады, астық ысырабы көп болды, біраз егінді жинай алмай, қар астында қалдырған колхоздар мен совхоздар да бар. Мұның өзі мемлекетке астық тапсыру міндеттемесінің орындалмай қалуына әкеліп соқтырды. Бұл кемшіліктердің басты себебі ұйымдастыру жұмысының нашарлығынан еді. 1959 жылы егіс жұмыстары бірсыпыра шаруашылықтарда қолайлы мерзімде сапалы өткізілмеді әрі егін жинауға әзірлік тыңғылықты болмады. Егін орағының қызу күндерінде көп машина, құрал-сайман іске қосылмады. Мұның үстіне механизатор кадрлары жетіспеді, ал оларды күні бұрын даярлау жағы қатты ескерілмеді. Партия ұйымдарының басшылығымен бұл кемшіліктерді енді болдырмау үшін шара қолданылуда.

Партияның XXI съезінің тарихи шешімдерінде советтердің өнеркәсіп, құрылыс және ауыл шаруашылығы өндірісіне көңіл бөлуі күшейтілсін деп атап көрсетілді. Облыстық Совет атқару комитеті өзінің күнделікті жұмысында осы қарарды басшылыққа алып, коммунизмнің материалдық техникалық базасын жасау, жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін жергілікті советтердің ұйымдастырушылық ролін арттыра түсуде. Бұл үшін советтердің тұрақты комиссияларының беделі арттырылып, жұмысы күшейтілді, депутаттар мен совет активтерінің назары шаруашылық міндеттерді ойдағыдай шешуге аударылды.

Бұл тұрғыдан алғанда облыстың Баранкөл, Атбасар аудандық Совет атқару комитеттері (председательдері И. Захаров, І. Байлин) еңбекшілерді шаруашылық міндеттерді ойдағыдай шешуге жұмылдыруда үлкен ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуде. Мысалы, Баранкөл аудандық Совет атқару комитеті депутаттарды өндірістің шешуші учас-

келеріне бөлді. Советтің тұрақты комиссиялары экономиканың маңызды мәселелерін терең талдап шешуге кең қатыстырылады. Міне осының нәтижесінде аудан жетіжылдықтың алғашқы жылын табысты аяқтады. Баранкөлдіктер Отан қоймасына 19,2 миллион пұт астық кұйды. Сонымен бірге мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспарын да ойдағыдай орындады.

Облыста кейбір жергілікті советтер колхоздар мен совхоздар экономикасын көтерумен нашар шұғылданады. Мәселен, Калинин аудандық атқару комитеті шаруашылыққа іскер басшылық жасай алмай келеді. Былтыр аудан мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындай алмады. Осы ауданда Урюпинск совхозы шаруашылық жағынан артта қалып отыр, мұнда былтыр дәнді дақылдың әр гектарынан 4,4 центнерден ғана өнім жиналды. Бұл совхозда тұқым шаруашылығы дұрыс жолға қойылмаған, тұқымның мол өнімді сорттары совхоз өндірісіне енгізілмей отыр. Міне бұл кемшілікке аудандық совет төзіп келеді.

Сондай-ақ Калинин ауданы мал басын көбейту жоспарын ірі қара, қой, құс жөнінде орындамады. Әр аналық малдан 54 бұзау, 60 козы ғана алынды. Облыстық Совет атқару комитеті бұл олқылықты жедел жоюдың шарасын жүзеге асыруда.

Облыстық Совет жаңа қоныстанушыларға мәдени тұрмыс қызметін көрсетуді үздіксіз жақсартуға әрқашан көңіл бөлуде. Өткен жылы екінші сессияда совхоз жұмысшыларына мәдени тұрмыс қызметін көрсетуді жақсарту, тұрғын үй салу жоспарын орындау жөнінде арнайы мәселе қарады. Мұнда тың игерушілер мен механизаторларды, егіншілерді, малшыларды тұрғын үймен, азық-түлікпен қамтамасыз ету шаралары белгіленді. Былтыр облыста 2 037 миллион сомның өнеркәсіп товарлары, азық-түлік және басқа товарлар сатылды. 1958 жылғыдан 178 миллион сомның товары артық сатылды. Ал биыл өткен жылға қарағанда 198 миллион сомның товары артық сатылмақ.

Өткен жылдары облыс шаруашылықтарында техниканың сынып, бүлінуіне жол берілді. Мұндай фактілер Ақмола, Балқашин, Қорғалжын, Вишнево және басқа аудандарда орын тепкен еді. Қазір бұл кемшілікті біржолата жоюдың шарасы қолға алынып отыр.

Ақмола облысы экономикасының болашағы зор. Облыс еңбекшілері КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының қарарын жүзеге асыру үшін күресе отырып, жетіжылдықтың соңғы жылында астықтың жалпы түсімін 285 миллион пұтқа жеткізуге тиіс. Облыс еңбекшілері бұл міндеттемені мерзімінен бұрын 1962 жылы, ал мал шаруашылығы өнімдерін өндіру жөніндегі жетіжылдық тапсырманы мерзімінен бұрын 1963 жылы, соның ішінде ет жөнінде 1962 жылы орындауға жұмылды.

Облыс еңбекшілері жетіжылдықтың екінші жылында көтеріңкі міндеттеме алып отыр. 1960 жылы облыста астықтың жалпы түсімі 266 миллион пұтқа жеткізіледі. Мемлекетке 50 мың тонна ет, оның ішінде 13 мың тонна шошқа еті, 95 мың тонна сүт, 3,1 мың тонна жүн, 14 миллион жұмыртқа тапсырылады.

Есіл ауданының егіншілері, «Терісаққан» совхозының малшылары, Балқашин ауданының механизаторлары бұл міндеттемелерді абыроймен орындау жолындағы жарысты ұйымдастыруға бастаушы болып отыр. Бұл жарыс барлық шаруашылықта кең өріс жайды.

Ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастыру жолдарын белгілеген КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының қарарын ойдағыдай жүзеге асыруға, сөйтіп елімізде коммунизм орнату ісіне лайықты үлес қосу күресіне Ақмола облысының партия, совет ұйымдары, бүкіл еңбекшілері барлық күш-жігерін жұмсайды.

# Биік мақсат, кең өріс

## СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ

Жануар ойсыл қара көс-көс дедім,  
Сен бітсең мен де еліме көшпес пе едім,  
Пайданнан зияның көп кедейшілік  
Алдымнан қайда барсам кес-кестедің, —

депті Торғай бойының ертеде өткен бір ақыны революциядан бұрынғы сонау бір қаралы шақ, қаранғы түндерде. Осы бір өленде бүкіл елдің арманды күйі, ащы зары жатыпты. Жоқшылықтың улы кермек дәмін татқан қалың елдің кеудесінен сол бір күйсіз өмірдей, булығы ағылған көз жасындай жаралы да зарлы өлендер атылыпты.

Я, ол кезде сахараның құм қиырларында, жолсыз-жөнсіз асулы белдерінде, сусыз-нусыз құлазыған шөлдерінде дала кемесі атанған тарих сандығын тиеген сары атан жүзіпті. Бірақ ол да жалпақ жұрттың қолына түсе бермепті.

Ел тардыры құйын құған ебелектей көшіпті. Сарыарканың құба жондарында «Бозінген» күйі сарнапты. Бетіне соры шығып созылып жатқан сол далада халықтың қол артар үміті мал ғана болыпты. Жұртты атанның қомы, аттың жалы алыс сапарларға тартыпты. Желмаяның мөр табанының іздері құла құмдардың үстіндегі керуен жолдарында қалыпты. Қалың ел азық-түлігін аруанаға артыпты. Токтышақтың терісі тон болып жұрт денесін сұрапыл аяз, суық күндерден сақтапты. Үлбіреген ақ мамық жүн ақ шатыр болып айдалада тігіліпті. Сол бір шатыр аспан айналып жерге түскендей қырықкүн шілде аңызакта көлеңке, бұлт қабағы түйіліп, күн күркіреп сырлы жебесін тартқан жауынды-шашынды күндерде баспанаға жарапты. Халықтың ішіп жемі де, киер киімі де, аяқ артар көлігі де, арқа тірер серігі де мал болды. Қазақ жаны мал десе құстай ұшып, қияға самғады.

Әр түліктің алуан қасиетін, ауан-жағдайын малшы жұрт жақсы білетін. Төрт түліктің сүйер асы да алақанда болды. Жылқыны боздың түбіндегі бетеге, майқара, бұйырғын, бидайық, изенге, карамалды тарлау, жұмыр, қиякқа, қойды қарға тұяқ, қызғалдақ, жапырақ шайырлы жайылымдарға жайды. Бірақ көшпелі ел аз күнде жасыл жайлаудың шаңдағын шығарып, ақ тақыр етіп, аспанға телміріп алақтап қалатын. Көшерін жел, қонарын сай білген сол бір шақта қалың ел жұтап, қаңырап, ертоқымын арқалап айдалада аңырайтын. Жұт ызғары ұрған жұрттың еңсесі жылдар бойына бір көтерілмейтін. Қабағы қату, жүзі жадау, жүрегі жаралы жалпақ жұрт барарға жер, басарға тау таппайтын. Ақындары қаралы, қанды жылдарды, азапты ауыр күндерді ел басына төнген қазанның қара түнек бұлттарын күңірене жырлап, емірене толғайтын. Терістіктен тұтаса көшіп, жолшыбай табысып түнере келіп жаумай кеткен торыала бұлттарға, жайлау атырабын күйдіріп аңқылдап ескен аңызак желдерге, нуы жапырылып, суы сарқылып бедірейіп қатып қалған көлдерге қарғыс жаудыратын қалың ел. Бірақ көк те, жер де телмірген елге емірене қоймайтын, тіл қатпайтын, жылы жүз көрсетпейтін. Арман көші белағашы сынған арбадай адырлы асуларда қараңғы түнде қалғып қала берді. Қасақы тағдыр қалың елді қаңбақтай аударып, доптай домалатты. Жарыла көшкен жалпақ жұрт жапан далада қоныс таппай теңіз толқынындай төңкеріліп тұрды.



Октябрь таңында бүкіл дала атқа қонып, азаттық дабылын қақты. Кек алатын, теңелетін күндер туды... Октябрь революциясы тумаса, Совет өкіметі орнамаса, бауырлас ұлттардың ыстық құшағына енбесе, ел жатарлы өзінің еркіндігі үшін ең күшті, ең ақырғы зор майданға шықпаса, кемеңгер Ленин келешек жолды сілтемесе қазақ өмірі сол даладай қаңсып, күн күйдірген сол гүлдердей солар еді. Қаратау басын айналған қаралы мұң халқымыздың басынан кетпес еді.

Октябрь ғасырлар бойы азап шеккен арманды елді азаттық дүниесінің асқар шыңына алып шықты. Қазақ халқы Отанымыздың басқа халықтарындай бақыт бақшасына бөленіп, алтын күннің асыл нұрымен тыныстады. Республика шаруашылығы Октябрь таңымен бірге өр қияға құлаш сермеп, толқынын кең жайып кемерге ұрған шалқар көлдей шалқып өсті. Қазақ даласы Лениннің дана ойымен қайта туып, алғы күндерге қырандай қанат қақты. Жаңа заман жарлы жұртты жарылқап, қуанышқа кенелтті. Қаулаған егінмен, қайнаған темірмен, ақтарылған көмірмен мал басы да жарыса өрбіп өсті. Кенже қалып, кейінге тартқан кесірлі жылдар келмеске кетті. Бұрын өзгенің малы деп қарайтын жұрт енді өз малым деп қарап, ел дәулетін өркендетуге жанын сала кірісті.

Алыс жылдардың аумақты беттерін аударып жатпай, соңғы жылдардың соны іздеріне көз жіберсек керемет көріністер ғажайып бар көркімен жанды тербетіп, қиялды баурай жөнеледі. Дала келбеті кестелі дастарханның бетіндей өзгерген. Сол өзгерістерде қайратты Қазақстан халқының өр қайраты, еңбеккер алақанының жылы табы жатқанына кім шүбә келтіре қояр екен. Республиканың кең байтақ даласының төскейі толған мыңғырған мал. Асқар таулардың жақпарлы қойнаулары, көлкіген көлдердің көк түбектерінің қойны-қоншы толы жас төлдер. Жалпақ даланың жазығында жондана жатқан құм адырлары қора-қора қой сияқты болып көрінеді көзге. Республикада екінші тын болып есептелетін мал санының өсуі ел жүрегін елжіретпей қоймайды. Жаңа қарқын, қуатты қозғалыстың күдіретті лебі сезіледі қол жеткен әрбір көрсеткіштен. Әрбір көрсеткішке көз салсақ, аршындап адым басып алыс кеткенімізді байқаймыз. Бір жылдан бір жылдың бойы биіктеп, алып құшағына қысып алып асқар шындарға көтеріп бара жатқандай біздерді. Басқаны былай қойғанда сүйікті партияның Орталық Комитетінің тарихи сентябрь Пленумынан бергі өткен соңғы жылдардың табысы телегей-теңіз. Төрт жылда жер танабын қуырып, төрт ғасыр алға кеткендейміз. 1954—1958 жылдардың көрсеткішінің өзі көңілді толқытып, қиялды қиянға ұшырады. Сол төрт жылда республика бойынша ірі қара 23, қой-ешкі 42 процент өсіпті. Бұл өсу өлшеусіз өсу, өнегелі іс. Бұл цифрлардың астарында мың, миллион сандар жатыр. Сол сандардан керемет байлығымызды, қуатты күдіретімізді, игілікті ісімізді көргендей боламыз.

Осындай орасан зор табыстарға бастаушы да, елді ерлік еңбекке ұйымдастырушы да, жеңістердің жетекшісі де, жетістіктердің ұйтқысы да лениндік Ұлы Партия. Бүгінгі шыққан биіктер, ертенгі өрлейтін өр, асқар бел партияның қыран көзінің аясында. Кемеңгер партия келер күндерді қиядан шолады. Алдағы жылдардың зор тұлғасын, туған елге беретін жемісін, нұрлы дидар, жылы жүзін бүгінгі күндердің биігінен тап басып, дәл болжай біледі лениндік Ұлы Партия. Шырқау биік шындардың қиясына құлаш ұрарда жұртқа партия дем беріп, қолтықтай жебеп отырады.

Ұлы партия өзінің ел тағдырын толғанған тарихи мәжілістерінде Отанымыздың экономикалық қуатын барған сайын арттыруға, еліміздің дүние жүзінде теңдесі жоқ ең мықты ел болып шығуына күш салумен келеді. Ұлы партия өзінің тарихи ХХІ съезінде елімізге өрелі биіктерге баратын жолдарды бағдарлап берді. Келешек жылдардың кемең-

гер жоспарын сызды. Ел алдына жетіжылдықтың, коммунизм орнату-дың кең құлаш сермеген желісін тартты. Ел экономикасы кеңінен зерттеліп, алдағы алыс жылдарға батыл барлау жасалды. Жуықтағы жеті жылдың жұмыс тәртібі белгіленді. Сондықтан да совет халқы бұл жетіжылдық жоспарды коммунизм көктемінің жыл құсына, адамзат аңсаған ұлы дәуірдің тұңғышына балады.

Съезд мінбесінен ұлы міндеттерді ұрандаған қасиетті сөздер қанат қақты. Алға жан басына ет, сүт-май өндіру жөнінен жақын жылдардың ішінде Америка Құрама Штаттарын қуып жету мақсаты қойылды. 1959 жылдың олжасы көп. Соның бірі мынау еді. Жан басына мал майын өндіру жөнінен Совет елі 1959 жылдың өзінде-ақ АҚШ-ты қуып жетіп, басып озды. Сүттің жалпы мөлшері жағынан да АҚШ-тан алдамыз. Бұл үздік іске біздің Қазақстанның қосқан лайықты үлесі бар екенін мақтан етеміз.

Халық шаруашылығының қаулаған қалың бұтақтарының барлық тарамдары партияның дана ойының таразысына түсті. Халық шаруашылығының өсер мөлшері, берер өнімі, жеті жылдың ішінде шарықтар шегі, шығар белесі белгіленді. Жылдарға ауыр жүктер артылды. Сол жылдардан социалистік Отанның қашаннан Шығыстағы мал базасы атанып келе жатқан советтік Қазақстанның да алатын үлесі мол. Қазақстан ұшы-қиырына көз жеткісіз көлбеп жатқан кең байтақ қазыналы өлке. Кең өлкенің ел байлығына қосар қазынасы да мол болмақ. Совет өкіметі жылдарында шаруашылығы шарықтап өсіп қайнар бұлақтай толқын атқан Қазақстанның жаңа жетіжылдықта жасайтын адымдары да жаңаша. Қазақстанның мал шаруашылығы жеті жылдың ішінде жедел өркендеп, байтақ даланың бауыры жас төлдердің жамыраған үндерімен жаңғырмақ. Айдын көлдерде жылқы үйездеп, ақтылы қой алқапта қаптап, мал тұяғы дала омырауын дүбірлетіп, ақ қанатты құстардың қиқуымен жазира жәрменкесі қыза түспек. Дауылды күні бірімен бірі жарысып, көкала жалын жел үрлеп жағаға жармасқан толқындардай жаңа төлдер туындамақ, жасыл атырапта жаңа байлықтың арнасы тартылмақ. Бұл жайларды цифр тілімен айтқанда 1965 жылы қазыналы Қазақстанның құтты қойнауынан миллиондаған қой, 7 миллион ірі қара, 2 миллион шошқа өреді. Көк үйірім көлдерде 25 миллион құс өседі. Қандай таңғажайып мән байлықтар жатыр бұл цифрларда. Осы цифрлар байтақ Қазақстанның алдағы жылдардағы бар байлығын алақанының аясына алып келіп қондырғандай. Табыс тіліне тек қана миллиондаған цифрлар тізбегі ілінеді. Сол миллиондар коммунизмнің нұрлы күндерін жақындата түсетіндей. Осыдан аз ғана жылдар бұрын миллионер деген сөздер жұртқа бір жаңалықтай көрінетін. «Миллионер» колхоз деген ол кездерде асқан бір мәре сияқты еді. Енді бүгін бұл меже болмай қалды. Бізде миллиондарды қусырмаған шаруашылықтар кемде-кем десек, асырып айтып, асылық еткен болмаспыз.

Жаңа жетіжылдықта мал басының өсімі жоғарыдағыдай болғанда оған жұмсалатын қайрат-қажыр да қаншама болмақ. Табыс өздігінен қолға келіп, оп-оңай қона қалмайды. Жаңа жетіжылдықтағы нысана— биік нысана, өр асу, қат-қабат қамал. Жаңа істер жаңа қарқынды, тың күшті талап етеді. Әр биіктің асулы өткелі де, бұралаң қиын жолдары да, әралуан шатқалдары да, кездесетін қиыр-қиыншылықтары да мол болмақ. Оны жеңіп, өрлеп ұшар биіктің шығанына шығып барып, көздеген нысанаға жету жолында қажырлы еңбек, алып қайрат қана ер серігі.

Осы жайды ойына мықтап түйген қазақстандықтар ХХІ съездің тарихи қарарымен қарулана отырып, қарыштап алға басып жаңа жетіжылдықтың алғашқы жылын табысты аяқтады.

Ұлы уақыттың алғашқы жылына еңбек ерлері өз қолдарынан ескерткіш орнатты. Сол ескерткішке ұлы аттаныстың алдыңғы шебіндегі

өрендердің аттары жазылды. Былтыр Қазақстан бойынша мал саны едәуір көбейді: фермаларға 2 549 мың қой, 489 мың ірі қара, 222 мың шошқа қосылды. Елімізге берген мал өнімдері ұшан-теңіз. 1959 жылы республика ауыл шаруашылығының еңбеккерлері жоспардан тыс 214 мың тонна ет, 11 мың тонна сүт, 26,5 миллион жұмыртқа, 3,5 мың тонна жүн, 150,5 мың қаракөл елтірісін сатты.

Бірақ қол жеткен табыс алдағы жеңістердің баспалдағы ғана. Ұлы аттаныстың биік белестері әлі де алда жатыр. Үлкен жетістік оқыс кеткен кейбір кемшіліктерді көлеңкелей алмайды. Өткен жылдың соңғы аптасында болып өткен тарихи декабрь Пленумы табыстарымызға қауағат тұтумен бірге ойсыраған олқылықтарымызды да баса айтты. Әкелік қамқорлықпен әділ айтып, ақылға салып қорытып, кемшілікке көңбеуге шақырды. Бұл жөнінде Н. С. Хрущев жолдас көпке ортақ бір жайды Пленумда сөйлеген сөзінде баса аңғартты: «Біз алға қарай басқан сайын және біздің табыстарымыз неғұрлым арта түскен сайын еңбекшілер кемшіліктерге соғұрлым қатты қарап, оларға төзбейтін болады. Неліктен? Өйткені егер экономиканы өркендетуде табыстарға қол жетіп отырса, онда адамдар бұл табыстардың магазинде де және азық-түлік салынатын сумкада да сезілуін тілейді. Біздің партиямыз еліміздің тұрмысы бұрынғыдан да жақсарып кемеліне келе түсуі үшін еңбекшілердің ынта-жігерін тасытып, халықтың белсенділігін онан сайын арттыруда. Бізде адам өзінің ойлағанын турасынан және ашық айта алады, мұны өзі тілеген әрбір адамына айта алады және бұл сөздер кімге арналса, солардың әрқайсысы оларға жауап беруге тиіс».


Кемшілігін іспен жөндеп, болашағына батыл қарау — совет адамының қанына сіңген ежелгі қасиеті, игі дәстүрі.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жақында өткен Пленумы, республикалық партия активі былтырғы жылдың мүлт кеткен жай-жағдайын, кеміс-кетігін ақыл-ойға салып, талқылады. Декабрь Пленумының сынынан сабақ алып, мінді түзетуге бекем бел байлады.

«Дала аруы», «Дала падишасы», «Егін жайдың еркесі», «Дүлділ тұлпар» деп аталатын жүгері дақылының шаруашылыққа шаш-етектен пайда келтіретінін Чистов совхозы жұмысшыларының өнегелі ісі жұртшылыққа айқын дәлелдеп-ақ берді. Бұл совхоз жүгеріні 1955 жылдан өсіре бастаған. Совхозда алғашқы жылы жүгері егісінің аумағы 1 022 гектар болса, өткен жылы оның көлемі 3 501 гектарға жеткізілген. Мал шаруашылығын өркендетуде жүгерінің қадіріне көздері айқын жеткен совхоз саңлақтары бұл дақылды бұдан былай да мол мөлшерде, кең көлемде өсіре беруге берік бел байлап отыр.

Жаңа жыл республика малшыларына өз жаңалығын, жаңа міндеттерін ала келді. Сәтті аяқталған ескі жыл жаңа жылға — жетіжылдықтың екінші жылына өз аманатын тапсырды. Өткен жылдың табыстарын үстемелеп, үрдіс көтеру жаңа жылдың сыбағасына тиді. Биылғы жылы республика еңбекшілері мемлекетке 700 мың тонна ет, 86 мың тонна жүн, 1 миллион тонна сүт, 168 миллион жұмыртқа, жүздеген мың елтірі сатуға міндеттеніп отыр. Үстіміздегі жылы Қазақстанда мал саны: ірі қара 4 миллион, қой-ешкі 30 500 мың, шошқа 1 175 мың, құс 10 миллион болу керек. Бұл республика еңбекшілерінен қауырт қарқынды, зор серпінді, мол құлашты, еселі екпінді, жалынды жігерді талап ететін мол меже, зор биік. Жыл мұнарасы, жеңіс шыңы әрбір күндер мен апталардағы еңбек қимылының қуатымен қаланады. Әрбір жыл өз ағысымен ұлы заманның арнасына құйылмақшы. Ендеше, әрбір күннің есесі маңдай терімен өтелу керек.

Мал шаруашылығы саласындағы осындай орасан зор міндетті орындап шығуға кең байтақ Қазақстанның мүмкіншілігі де мол. Рес-



публикамызда қой малы жыл сайын қаптап өсуде. Асқар таудың баурайлары, күм жоталарының қойнаулары қора-қора қойларға толы. Республикада қой саны 50—70 мың басқа жететін жүзден астам ірі шаруашылықтар бар екен. Ал 20—30 тіпті 40 мың қойы бар шаруашылықтар кәзір екінің бірінен кездеседі деуге болады. Бұл шаруашылықты меңгеріп әкету оңай жұмыс емес. Мал басы өскен сайын жұмыс күрделі болып, қиындай түсетіні мәлім. Қой шаруашылығын алдағы уақытта да мол өсіру үшін берік жемшөп қорын жасау қажет-ақ. Механикаландыруға ебдейлі жақсы қора-жайлар салу жұмысын да барынша жеделдеткен жөн. Бүгінгі мал шаруашылығы кешегі көшпелі мал шаруашылығы емес, ол кәзір ұшан ғылымға, озық тәжірибеге арқа сүйейді. Ғалымдарымыз мал шаруашылығын өркендету ісіне үлес қосып келеді. Қазақтың биязы жүнді қойы, арқар-мериносы, қазақтың ақбас сиыры Қазақстаннан тыс жерде де танылды.

Ғылымның бұл саладағы қол жеткен табысы тек қана мұнымен шектелмейді. Өрісі кеңіп, өнері асып барады. Дегерес қойы, Алатау сиыры сияқты малдың жаңа тұқымы республика шаруашылығына етене болып еркін еніп барады. Бізге етті, сүтті, жүнді сапалы тері-терсекті мол беретін асыл тұқымды бірегей, мол өнімді мал керек екені белгілі. Ғалымдар осы бағдарда әлі де көп ғылыми жұмыстар жүргізіп, барлаулар жасап, мал басын асылдандыру ісіне білек сыбана батыл кіріссе!

Көк шалғынды, жасыл орайлы жайлаулар, қорғасы иіліп суға суретін салып тұрған қопалы көлдер, қалың қамысты қара сулар, арнасын алысқа тартып, сусынын ауызға тосып ағып жатқан арналы өзендер үлкен істі игеріп әкетуге себепші болғандай. Бірақ табиғи жайылымдарды игеру ісінде, жер суландыруда, мал шаруашылығын механикаландыруда көп жұмыстар кезегін күтіп тұр. Ай мен күнді ауыл үйдей аралап, аспанда алшандап басып жүргенде мал шаруашылығының кейбір өзекті мәселелерінің әлі күнге дейін толық шешілмеуі өкінішті жай.

«Өзен жағалағанның өзегі талмайды» дейді халық. Сулы жерге ну бітеді. Жердің жаны—су. Осы жетіжылдықтың аяғында Қазақстанда миллиондаған гектар жер суландырылуы керек екен. Арыс-Түркстан каналы, Мырзашөл су қоймалары, Орал-Көшім арналары, Қызылорда су жүйесінің алып құрылыстары жедел іске қосылса, қарт Ертіс—Қарағанды каналы салынса жалпақ дала жасыл шалғынмен, сылдырап аққан су гүрілімен жаңғырығып, жарқын шыраймен жайнай түспекші. Барлық жайылымдар суға қанса, бос жатқан атыраптар толық пайдаланылса мал басы бұдан да гөрі дүркіреп өскен болар еді.

Шошқа малы кәзір біздің шаруашылығымызға бесінші түлік болып қосылды. Шошқадан түсетін пайданың қаншалық екеніне қазақ малшыларының да көзі жетті.

«Баға білсең, құс та бағылан» дейді халық. Халық айтса қалып айтпайды. Біздің республикамызда арнасын алысқа тартып, арқырап жатқан өзендер, дала төсінде айнадай жарқырап, тұнып жатқан көгілдір көлдер көп. Жарқамысты қалың қопалар да қаншама. Осының бәрі құс өсіруге бола жаралғандай. Құс өсірген жерлер оның пайдасын да көріп отыр. Павлодар облысының бір өзі биылғы жылы 4 миллион құс өсіріп, оның 3 200 мыңын мемлекетке етке тапсырмақ. Осы павлодарлықтардың жақсы бастамасы республиканың басқа облыстарына да түгелдей жайылса, қандай ғанибет болар еді.

Мал шаруашылығын механикаландыру — маңызды жұмыс. Сиыр сауатын механикаландырылған алаңдар, қолдан жаңбыр жаудыратын машиналар, жайылымдарды суландыратын тоғандар, қысқасы құрылыс қызу қолға алыну керек. Мал шаруашылығына жаңалық атаулыны жаппай енгізу абзал. Жақында газеттерде «МИ-1» вертолетін Қазақстанда қолдану жөнінде жақсы бір хабар жарияланды. Осыдан біраз жылдар бұрын Қостанай облысындағы Аманкелді ауданының кейбір

Отарлары көктемгі су тасқынында аралдарда қалып қойғанында вертолеттер аспаннан малшыларға азық-түлік тастап, оларды апаттан аман алып қалғанына куә болған кездеріміз де бар. Бұл вертолеттер мол қолданылып малшыларға қызмет істесе нұр үстіне нұр жауар еді.

Озат тәжірибе көпке ортақ деген қашаннан белгілі қағидамыз бар. Өткен жылдың июнь айында Кисловодск курортында бірге дем алған журналист бір жолдасым бір күні маған Кисловодскіден 5—6 станция қашықтықта тұратын Невинномыс қаласына баратынын айтты.

— Онда не жұмысың бар деген маған ол:

— Невинномыс ауданының Сталин атындағы колхозында Ставрополь өлкесінің жаңашыл атақты шопаны Иван Малашенко жөнінде мақала ұйымдастырамын деді.

Кейін біз Малашенконың Никита Сергеевич Хрущев жолдаспен алысқан телеграммаларын оқыдық. Иван Никитич Малашенко жолдас қойды жылына екі рет қоздату жөнінде Никита Сергеевич Хрущев жолдасқа берген өзінің уәдесін абыроймен орындап шығыпты. Бұл тағаша табыс, тосын жаңалық. Республикамыздың шопандары өз отарларында осы озат әдісті кеңінен қолданса, жаңа тәжірибенің жаршысы болса қандай жарасты. Иван Малашенкодан үлгі алып, мал шаруашылығын өркендетуде маңдай терін сыпырып еңбек етіп жүрген атақты шопандар біздің республикамызда да аз емес.

Атақты шопан Жазылбек Қуанышбаевтың есімін бүкіл ел біледі. Жазылбек Қуанышбаевтың Еңбек Ері атағын екі рет алып, өзі туған жерінде көзі тірісінде ескерткіш орнатылуы советтік өміріміздің шындығы, ұлы дәуіріміздің еңбек адамына деген ілтипатының көрінісі. Бізде атақтары бүкіл аймаққа жайылып, одаққа тараған майталман басқа да малшылар бар. Әрбір жыл өзінің жаңа жүйріктері мен жүлделілерін шығарып келеді. Семей облысының қойшысы Е. Барлықбаев, Жамбыл облысының шопаны Е. Үдербаев, Батыс Қазақстан облысының бақташысы Ғ. Ізтілеуов жолдастардың есімін абырой даңққа бөлеген де олардың жан аямас еңбектері. Алыстағы Мойынқұм атырабының аға шопаны Есенбай Қойшыбековтің де мал өсірудегі еңбегі ересен зор. Осы сияқты ерлердің қатары күн сайын көбейіп, даңқтары дәуірлей берсе деген бір тілек жүректе ұялайды да тұрады.

Мал шаруашылығы тәжірибелі маманды, мәдениетті адамды тілейді. Мал шаруашылығын екінші тыңға балап, жыл сайын алыстағы отарларға, мал жайылымдарына жалынды жастар аттанып келеді. Олар өздері барған жерде басқаларға өнеге көрсетіп, еңбек ерлері болып жүр. Қазақстанның Малашенкосы атанған Сақан Дәулетқалиев пен Әзімқан Шақабаяев жолдастар қойды ерте қоздату сияқты құнды тәсілді кең қолдана отырып, мал басын жыл сайын арттырып келеді. Биыл Дәулетқалиев әр жүз саулықтан 400 қозы өсірем деп, Иван Малашенконы жарысқа шақырды. Бұл нысанаға ол қойды бір жылда екі рет қоздату жолымен жетпекші.

Жақында Қостанай астық совхозының жас малшысы Дәмелі Жаксылықованың жаңа бастамасы жұртшылыққа кеңінен жайылды. Жас Дәмелінің суреті газеттердің көбінде басылды. Атағы ауа толқындарын шарлады. Дәмелі былтыр мың шошқаны бордақылап, етке өткізді. Ол шошқа етінің әр центнерінің құнын жоспардағыдан 100 сом арзан түсірді. Оның биылғы шығар белесі былтырғыдан да биік. Ол биыл мемлекетке 700 центнер семіз ет тапсырмақшы. Жаксылықова жолдас биылғы жылы еліміздің атақты шошқа өсірушісі Ярослав Чижбен жарысқа түсті. Бұл еңбеккер жастың батыл қадамы, ерен қимылы.

Осы сияқты жалынды жастар мал шаруашылығына биыл да тобымен аттанбақшы. Осы жылы 30—35 мың жас жігіттер мен қыздар мал шаруашылығына араласады. Бір ғана Алматы облысындағы фермаларға 10 мың жас қосылады. Жалынды жастық, қайсар қайрат, қа-

жымас жігер мал шаруашылығын жаңа сатыларға көтеруге көмектеседі. Жастар бар жерде өмірдің жалыны да бар. Тау қойнаулары, қыста жазықтары қызғылықты әндермен жанғырықпақ. Жастар өздері жүрген жерінде басқаларға үлгі, өнер көрсетіп, мәдениет жұмыстарының жандандыра түспек, ескілікпен айқасқа түсіп, жайлауларда жаңалықтың гүлдерін өсірмек. Сонымен қатар оларға аталық қамқорлық та керек. Олардың мал шаруашылығына машықтануына, бай тәжірибелерден үйреніп өсуіне көмектескен абзал.

Малшы еңбегі ауыр еңбек. Отанымыздың байлық қорын өз қолдарымен жасап жатқан малшылардың мәдениетті, көңілді тұруға әбден хақысы бар. Олардың орасан еңбегі сондай зор құрметке лайықты да. Бірақ бізде малшылардың мәдени-тұрмыс қажетін, рухани тілектерін өтеу ісінде кемшіліктер де баршылық. Малшыларға үй-жай салу, ойын-сауықтар көрсету, көркем әдебиет кітаптарын жеткізу жұмыстарында салдыр-салақтықтың ұшқындары сезілгендей. Республиканың атақты артистері, көрнекті жазушылары малшылар арасында аз болады. Қия таудың құздарында жатқан малшылар жүрегімен етене сырласпайды. Малшылар өмірінен жазылған көркем әдебиет кітаптары да саусақпен санарлықтай. Алыста табиғаттың долы күшімен алысып жатқан малшы өмірінде романтика жоқ деп кім айтар.

Шабыт құсын Алматы шарбақтарынан іздемей, жазушыларымыздың малшылар өміріне қарай бет бұрғаны жөн. Малшылар жөнінде шығарылған әндер де шамалы. Олардың көпшілігінде малшының ішкі дүниесі, жан сарайы ашылмайды. Қилы-қилы еңбек кезеңдері, ерлік істері кеңінен көрсетілмейді. Малшы туралы жазылған бірқатар ән тексттері де онша онып тұрған жоқ. Кейбір тексттерде малшының міндеттемесі өлең жолдарына қосылатын күлкілі жайлар да бар. Кейбір өлеңдерде табиғат суреттері жырланады да малшының өз бейнесі соның көлеңкесінде қалып қояды. Мұның бәрі малшылар өмірін жете білмегендіктен, қайнаған өмірдің ішіне кірмей, олардың жүрек түкпіріне еңбей сырттай қызықтап қараушылықтан туған жайт.

Қазақстан ақындары өткен жылдың жазында Жетісу өлкесінің малшыларының арасында болып жақсы бір бастама көтерді. Ақындар малшылардың өмірін көзбе көз көріп, нақты бір жайттардың төңірегінде жақсы өлеңдер тудырды. Сол сапардың қорытындысы көлемді жинақ болып, жақында шыққалы тұр. Осы бастаманы алдағы уақытта да жалғастыра берсе пайдадан басқа зияны жоқ.

Қазір Қазақстан малшыларының өмірінде аса бір жауапты кезең туды. Республиканың байтақ далаларын қар басты. Солтүстік облыстардағы айнымалы ауа райы кейде ішін тартып, боранын бұрқыратып, қар лақтырып құйындатып жөнеледі. Қатал қыстың қойнауында, осы даланың өңірінде қаншама қаптаған мал жатыр. Сол малды қыстан аман-есен алып шығу аса бір қиын да жауапты жұмыс. Мал шаруашылығын өркендету жалғыз ғана малшының міндеті емес. Оған көп болып көмек беру керек. Жалынды сөздер де, дарынды жырлар да малшы қосында қонақтап, олардың жанына жалынын төгуге тиіс.

Біз биіктерден биікке өрлеп келе жатырмыз. Сол биіктерден ақын бол, әнші бол, малшы бол, қол ұстаса бірге өтуге, рахатын бірге көруге, жеңіс дастарханының дәмінен бірге татуға керек.

# Партиялық, мемлекеттік тәртіп қатаң сақталсын

Ә. ЖҮСІПОВ,

*Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы  
Советтік бақылау комиссиясының председателі*

Совет халқы Коммунистік партияның, оның лениндік Орталық Комитетінің басшылығымен елімізде коммунизм құрылысын ойдағыдай жүргізіп жатыр. Жетіжылдықтың алғашқы жылының қорытындылары Қазақстан еңбекшілерінің партиямыздың тарихи ХХІ съезінің шешімдерін орындай отырып, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, мәдениетті дамытуда, халықтың әл-ауқатын арттыруда жаңа табыстарға жеткенін көрсетті. Республикамыздың өнеркәсібі жалпы өнім шығарудың жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындап, жоспардан тыс миллиондаған сомның түрлі өнімдерін берді.

Кәзір жетіжылдықтың екінші жылының тапсырмаларын, сол сияқты жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы бүкілхалықтық социалистік жарыс кең өрістеді. Партия, совет, кәсіподақ, комсомол және шаруашылық ұйымдарының алдында тұрған басты міндет бұл қозғалысты кең өрістеті отырып, еңбекшілер бұқарасының шаруашылықты, мәдениетті өркендетудің барлық мүмкіндіктерін пайдалануы жолындағы ынта-жігерін арттыра түсу. Бұл міндет кадрларға, әсіресе басшы кадрларға талапты күшейтуді, партиялық, мемлекеттік органдардың кәсіпорындардың, колхоздар мен совхоздардың, шаруашылық ұйымдарының қызметін жақсартуға бағытталған ұйымдастыру жұмысын күшейтуін талап етеді. Ұйымдастыру жұмысының кілті кадрлардың қолында.

Коммунистік партия әр уақытта да ұйымдастыру жұмысына, партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайту мәселесіне зор маңыз беріп келді. Ұлы көсеміміз В. И. Ленин совет өкіметінің алғашқы жылдарының өзінде-ақ «...Ең қатаң ұйымдастыру жұмысы мен еңбек тәртібі ғана бізді социализмге жеткізеді. Ал мұнсыз социализм жоқ» (Шығармалар, 27-том, 291-бет) деп көрсеткен болатын. Владимир Ильич Лениннің бұл нұсқауы кәзір біз елімізде коммунизм құрылысын жүргізіп жатқан кезде де сол күшінде.

Партиялық және мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтап, нығайта берудің маңызы кәзір бұрынғыдан да арта түсіп отыр. Міне сондықтан да КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумы партияның ХХІ съезінің шешімдерін орындаудың аса маңызды шараларын — техниканы ілгері дамытудың міндеттерін белгілеумен бірге, партиялық және мемлекеттік тәртіпті нығайта беру керек екенін ерекше атап көрсетті.

КПСС Орталық Комитетінің Бірінші секретары, СССР Министрлер Советінің Председателі Н. С. Хрущев жолдас пленумда сөйлеген сөзінде «Партиялық және мемлекеттік тәртіптің мәселесі — партия және мемлекет аппаратының барлық кадрлары жұмысының негіздерінің негізі. Партиялық және мемлекеттік тәртіпті бұзушылықтың қандай түріне болса да оған қарсы батыл күрес жүргізу керек. Кадрларды партия мен мемлекет мүдделерін бір кісідей мүлтіксіз орындайтындай етіп тәрбиелеу қажет. Біз мұнсыз алға баса алмаймыз» деді.

Елімізде социалистік құрылыс жылдарында мындаған партия, совет, шаруашылық кадрлары тәрбиеленіп, өсіп жетілді. Біздің бұл

кадрларымыз жоғары саналылық, коммунистік құрылыстың ісіне берілгендік рухта тәрбиеленді, сондықтан олардың басым көпшілігі өзінің күнделікті жұмысында мемлекеттік тәртіпті бұзу фактілеріне, салдыр-салақтыққа, жауапсыздыққа төзбейді. Міне сондықтан да осы кадрлардың басшылығымен еңбекшілер бұқарасы коммунизм құрылысында күн сайын жаңа табыстарға жетіп келеді. Еліміздің өнеркәсібінде, ауыл шаруашылығында социалистік жарыс кең өрістеп, коммунистік еңбек бригадалары мен еңбек озаттарының қатары өсіп келеді. Бұл отаншылдық қозғалысқа қатынасушылар өздерінің алдына коммунистше еңбек етіп, білім алу, коммунистше тұрмыс құру міндетін қойып отыр. Коммунистік партия, социалистік өмір тәрбиелеген біздің кадрларымыздың, совет адамдарының жаңа рухани бейнесі міне осы қозғалыстан айқын көрінеді.

Өнеркәсіпке және құрылысқа басшылықтың қайта құрылуы, одақтас республикалардың праволарының кеңейтілуі, советтік демократияны күшейту және кеңейту жөніндегі шаралар — міне осының бәрі халық бұқарасының социалистік өндіріс тәсілдерінің бай мүмкіндіктерін сарқа пайдалануға деген ынта-жігерін, талантын тасыта түсуге жағдай жасады. Кәсіпорындар мен құрылыс ұйымдарына басшылық жақсара түсті, осының нәтижесінде олар жұмысты бірқалыпты істейтін, өндірістік жоспарды орындап отыратын және асыра орындайтын болды. Әсіресе басшы кадрлары мемлекеттік және партиялық тәртіпті қатаң сақтап, жоспарлардың орындалуын шебер ұйымдастырып отырған кәсіпорындар, колхоздар мен совхоздар және басқа шаруашылық орындары жақсы табысқа жетіп келеді.

Кадрлардың инициативалы болуы, сонымен бірге партиялық, мемлекеттік тәртіпті қатаң сақтауы, бұл екі қасиет оларды табысқа жеткізетін негізгі шарт. Партия кадрларды әруақытта осыған үйретеді. Біздің кадрлардың басым көпшілігі партиялық, мемлекеттік тәртіпті көздің қарашығындай сақтап, өзінің барлық күш-жігерін халықтың игілігі үшін адал қызмет атқаруға жұмсап отырады. Осының нәтижесінде республикамыздағы кәсіпорындардың көпшілігі-ақ өндірістік жоспарын оның барлық көрсеткіштері бойынша мүлтіксіз орындайды. Бірақ бізде партия мен үкіметтің қаулы-қарарларын орындауда тәртіпсіздік көрсететін, совет заңдарын бұзатын қызметкерлер бірен-саран болса да ұшырап қалып отырады. Мұндай фактілер қаншалықты аз болғанмен олардың зияны өте зор болуы мүмкін. Сондықтан партия, совет ұйымдары партиялық, мемлекеттік тәртіпті нығайта беруге, мемлекеттік жоспардың мүлтіксіз орындалуына баса назар аударуға тиісті.

Мемлекеттік жоспар — заң. Осылай бола тұрса да жалпы мемлекеттік мүддені елемей, жергілікшілдік мүддені баса көздейтін басшы қызметкерлер әлі де бар. Мысалы, Ақтөбе Халық шаруашылығы советіне қарайтын Донской хромит руда басқармасы (директоры Петров жолдас) өткен жылдың 9 айында хромит рудасын шығарудың жалпы жоспарын 108,8 процент, республиканың ішкі мүдделеріне тиісті руда шығару жоспарын 177 процент орындай отырып, экспортқа шығарылатын өнімдердің жоспарын 87,1 процент қана орындады. Сол сияқты Қарағанды көмір өткізу мекемесі (бастығы С. Назаров жолдас) көмірді жеке тұтынушыларға бөлінген қордан 131 мың тонна артық берген, ал бүкілодақтық қорға 101 мың тонна кем берген. Мұндай кемшіліктер Қарағанды мен Ақтөбе Халық шаруашылығы советтеріне қарайтын басқа кейбір өнеркәсіп орындарында да бар.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советі өткен жылы 27 майда орталықтандырылған қорға ет тапсыру жөніндегі міндеттеменің орындалу барысы туралы мәселе қарап, бұл жөнінде нақты тапсырмалар белгіледі. Осыған қарамай, мал



дайындап бордақылау орындарының кейбір трестері бөгде себептерді бетке ұстап малды ет комбинаттарына тапсыруды тежеп келді. Әсіресе Ақмола облысындағы трестер бұл жөнінде нашар жұмыс істеді. Осындай кемшіліктердің салдарынан республикамыз өткен жылдың бірінші жартысында жалпыодақтық қорға ет тапсыру жоспарын кем орындады. Бұл жөнінде Н. С. Хрущев жолдас июнь Пленумында сөйлеген сөзінде біздің республика туралы әділ сын айтты. Мұндай кемшіліктерге жол берілгені кейбір ет комбинаттарының, сонымен бірге республикамыздың бірсыпыра дайындау органдарының басшыларының мемлекеттік тәртіпті бұзғандығынан болды.

Республикамыздың жергілікті өнеркәсіп және кәсіпшілік кооперациясы жүйесінің басшылары да мемлекеттік тәртіпті бұзғаны тексеруде анықталды. Олар халыққа сату үшін сауда жүйелеріне товарлар шығарудың жоспарын орындамай тұрып, көптеген товарды заңсыз рыноктен тыс тұтынушыларға берген. Мұның өзі біріншіден, еңбекшілердің мүддесіне нұқсан келтірсе, екіншіден, республиканың бюджетіне зиянын тигізеді. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысының жергілікті өнеркәсіп кәсіпорындары өткен жылы облыстың сауда жүйелеріне көпшіліктің тұтынуына арналған товарды 2 миллион сомдай кем бере отырып, көп товарды рыноктен тыс тұтынушыларға берген. Сол сияқты сауда орындарының өзі де көпшіліктің тұтынуы үшін базарға түсіретін товарларды талан-таражға салады. Ақшаны қолма-қол төлемей сатуға тыйым салынған товарларды жалған счеттар жазып, заңсыз босатады. Мұндай заңсыздықтар Шымкент, Кентау қалаларының, Зайсан ауданының сауда орындарында болды.

Мемлекеттік жоспарды орындамау, жергілікшілдік мүддені жалпыодақтық мүддеге қарсы қою, сол сияқты халыққа базарға сатылуға тиісті товарларды талан-таражға салу және т. б. осындай заңсыз әрекеттер мемлекеттік тәртіпті өрескел бұзғандық болып саналады. Сондықтан жергілікті партия, совет, кәсіподақ органдары, бұл мәселелерді күнделікті бақылап отыруға тиісті.

Кәсіпорындардың, құрылыс ұйымдарының мемлекеттік жоспарды барлық жағынан орындап отыруы үшін оларды материалдық-техникалық жағынан дұрыс жабдықтап отырудың маңызы зор. Республиканың кәсіпорындары мен құрылыстарын материалдық-техникалық жағынан жабдықтап отыру Қазақ ССР Жоспарлау комиссиясы мен оның жабдықтау басқармаларына тапсырылған. Халық шаруашылығы советтері, министрліктер мен ведомстволар, кәсіпорындар мен құрылыстар Жоспарлау комиссиясы мен оның жабдықтау басқармаларының бұл жөніндегі жұмысына риза емес. Жоспарлау комиссиясының жабдықтау басқармаларының жұмысында мемлекеттік тәртіп сақталмай келген. Мұның себебі: осы уақытқа шейін Жоспарлау комиссиясының өзінде ұйымдастыру мәселесі тиісінше шешілмеген, кадрларды іріктеп алу және тәрбиелеу ісі бетімен жіберілген. Республиканың Жоспарлау комиссиясының жұмысы туралы ереже жоқ, ал жабдықтау басқармалары туралы ереже қайта қарауды керек етеді. Жоспарлау комиссиясының жабдықтау органдарының құрылымындағы кемшіліктерді былай қойғанда, оларға басшылық нашар.

Жабдықтау басқармалары құрылғаннан бері олардың жұмысы Жоспарлау комиссиясының мәжілістерінде талқыланған емес, ал олардың бухгалтерлік есептерін де ешкім қарап бекіткен емес. Міне осылайша басқармалардың жұмысына бақылаудың болмауы кейбір қызметкерлердің жұмысында жауапсыздыққа, жабдықтау ісінде қателіктерге жол берілуіне, кейбір алаяқтардың аса тапшы материалдар мен жабдықтау органдарына талан-таражға салуына әкеп соқтырды.

Жоспарлау комиссиясының жабдықтау басқармалары көптеген жабдықтау органдарының өзін Алматыдағы базасына әкелдіреді,

сонан кейін барып оны тұтынушыларға жібереді. Ал мұның өзі шикізаттарды, жабдықтарды тұтынушыларға жеткізу мерзімін кешіктіреді, олардың транспорт, сақтау шығындарын арттырады, ал кейбіреулері осылай әрі-бері тасып жүргенде жоғалып кетеді. Мысалы, өткен жылы июль айында жабдықтау басқармаларының Алматыдағы базасына Иркутскідегі автомобиль және трактор бөлшектерін жасайтын заводтан 1285 рамалы ара түсті, ал бұлар кейін қайтадан Иркутск облысы мен Краснояр өлкесіндегі орман шаруашылықтарына жіберілді. Мұндай мысалдар өте көп. Міне осындай орынсыз тасымалдардың салдарынан, жабдықтау басқармаларының кінәсінен миллиондаған сом мемлекет қаржысы босқа шығын болуда.

Республиканың Жоспарлау комиссиясында кадрларды іріктеп алу, тәрбиелеу жұмысы да нашар. Жабдықтау басқармаларындағы жауапты орындарда көпке дейін кейбір алаяқтар отырып келген. Олар товарлар мен қымбат материалдарды өз пайдасына жаратқан, талан-таражға салған. Олар үкіметтің қорынан кейбір материалдар мен жабдықтарды жеке тұтынушыларға берген, бірақ бұған олар үкіметтің рұқсатын алмаған. Жоспарлау комиссиясының бұрынғы бөлім меңгерушілері Фуфуриннің, Познанскийдің және басқалардың рұқсаты бойынша үкіметтің қорынан әртүрлі тұтынушыларға 50 мың текшеметр ағаш материалдары, 1,5 миллион дана шифер босатылған және 78 мың сомның түрлі мебельдері сатылған. Жабдықтау басқармаларының базалары Алматы қаласындағы № 50 мамандандырылған магазинге үкімет қорынан 532,9 мың сомның аса тапшы товарлары мен жабдықтарын берген. Бұлардың ішінде республикамыздағы аса маңызды кәсіпорындарды, ғылыми-зерттеу лабораторияларын жабдықтауға керекті приборлар, ыдыстар мен жабдықтар бар.

Мұндай кемшіліктерге жол берілуіне басты себеп жабдықтау орындарында арнаулы мамандығы және тәжірибесі жоқ кездейсоқ адамдар істеп келген. Жабдықтау органдарының жұмысын жақсартып, онда тәртіпті күшейту үшін бұл орындарды маман, қолынан іс келетін, адал, коммунистік ісімізге шын берілген кадрлармен нығайту керек.

Мемлекеттік есеп-қисап ісін бұрмалау, нақты орындалған жұмыстың көлемін көбейтіп көрсету, сөйтіп мемлекетті алдау фактілерін де қылмыс деп санау керек. Осылай бола тұрса да кейбір шаруашылық ұйымдарының, кәсіпорындар мен құрылыстардың басшылары мұндай қылмысты әрекеттерге барады. Әсіресе Автомобиль транспорты, Ауыл шаруашылығы, Астық өнімдері министрліктерінің құрылыс ұйымдарында орындалған жұмысты көбейтіп көрсету фактілері жиі кездеседі.

Мұндай мемлекетті алдау фактілеріне жол берілуі кейде заказ берушілердің қабылдау актілеріне орындалған жұмысты тексермей қол қоюынан, сол сияқты тиісті министрліктердің, ведомстволардың және Халық шаруашылығы советтерінің бұл істі бақылауға алмауынан болады.

Халық шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарын табысты орындау үнемдеу тәртібін қатаң сақтауды, материалдық және ақша қорларын жұмсау тәртіптерін сөзсіз орындап отыруды талап етеді. Н. С. Хрущев жолдас партияның XXI съезінде жасаған баяндамасында «Әңгіме шаруашылыққа иесіздіктің, ысырапқорлықтың, халық мүлкіне немқұрайды қараушылықтың қандай да болса көріністеріне қарсы шын мәнісінде бүкілхалықтық жорық ұйымдастыруда болып отыр» деп атап көрсетті.

Осыған қарамай, кейбір кәсіпорындардың және мекемелердің, ұйымдардың басшылары мемлекет қаржысын заңсыз жұмсайды, мемлекет есебінен орынсыз мырзалық көрсетеді, олар өздерінің праволары мен өкілдігіне кірмейтін іс істейді, жазылған заңдарды өздеріне қаты-

сы жоқ деп есептейді. Сол сияқты мемлекет қаржысын ұрлау, талан-таражға салу әрекеттеріне қарсы күресті нашар жүргізеді.

Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатын салуға біздің республикамызға бүкіл еліміз көмектесуде, бұл құрылысты жүргізуге мемлекет мол қаржы бөліп отыр. Мұның өзі Соколов-Сарыбай комбинатының директоры Н. Сандригайло және Соколов-руда құрылыс тресінің бастығы Я. Гиммельфарб жолдастарға, құрылыстың және басқа басшы қызметкерлеріне оларға сеніп тапсырылған мемлекет қаржысын ұқыпты, үнемді жұмсау жөнінде зор жауапкершілік жүктейді. Бірақ Гиммельфарб және Сандригайло жолдастар бұл сенімді өздерінше түсініп, мемлекет қаржысын қалай жұмсасақ та өз еркіміз деп санап, заңды тәртіппен есептеспейтін сияқты. Бұл жолдастарға республикамыздың үкіметі мен Қазақстан КП Орталық Комитеті мемлекет қаржысын үнемдеп жұмсау жөнінде әлденеше рет ескертті де. Осыған қарамай, өткен жылы Гиммельфарб жолдастың бұйрығы бойынша кәсіпорындарға түрлі уәкілдер жіберуге, бәйгелер мен көмектер беруге 100 мың сомнан астам ақша орынсыз жұмсалған, ал Сандригайло жолдас онан да асып түскен. Ол 350 мың сом қаржыны әртүрлі сылтаумен орынсыз жұмсаған. Мысалы, мұнда өзінің жеке басының жұмысымен бара жатқан адамға командировка ретінде ақша төлеу деген ешнәрсеге тұрмайды. Рудник бастығының орынбасары Барсуков жолдасқа ол Есентукиге курортқа бара жатқанда Ленинградқа командировкаға бара жатыр деп ақша төлеген. Мұндай мысалдарды көп келтіруге болады.

Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Министрлер Советі Қазақстан тұтынушылар одағына және оның председателі Адерихин жолдасқа бұл системада кооператив мүлкін сақтау ісі нашар екенін әлденеше рет ескертті. Бірақ Адерихин жолдас бұл сыннан тиісті қорытынды шығармай келді. Тұтынушылар кооперациясының жүйесінде жыл сайын, миллиондаған сом кооператив қаржысы ұрланады. Сонымен бірге кооперациялардың еңбекшілерге қызмет көрсету ісінде елеулі кемшіліктер бар. Ал тұтынушылар одағының басқармасы кооператив қаржысын, мүлкін ұрлап, талан-таражға салушыларды қатаң жазалаудың орнына, оларды қорғау, арашалау сияқты принципсіздікке жол беріп келеді. Қазақстан тұтынушылар одағының басқармасы және оның председателі Адерихин жолдас бұл системада мемлекеттік тәртіпті қашан орнатады деген заңды сұрақ туады.

Қазақстан еңбекшілері соңғы жылдары ауыл шаруашылығын өркендетуде елеулі табыстарға жетті, көптеген колхоздардың экономикасы нығайып, олар үлгілі шаруашылықтарға айналды, колхоз құрылысы күшейе түсті. Осыған қарамай, Шығыс Қазақстан, Қызылорда, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарының кейбір колхоздарында ауылшаруашылық артелінің Уставын бұзу мен қоғамдық жер, мал, өнімдер мен ақша қаржыларын талан-таражға салу фактілері бар. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Ильич ауданының «Победа», Аманкелді, Ворошилов, Тельман атындағы колхоздарында қоғамдық жер жеке адамдардың заңсыз пайдалануына берілген.

Кейбір жерлерде колхозшылардың жеке меншігінде Уставта көрсетілген мөлшерден тыс мал ұстауына жол берілген. Ал осының салдарынан ондай колхозшылар қоғамдық еңбекке қатынаспайды, колхоздың қоғамдық шаруашылығын нығайтуға ынталы болмай шығады.

Сол сияқты кейбір колхоздарда артель басқармасының тарапынан бақылау болмағандықтан еңбеккүн артық жұмсалады. Мұның өзі артель өндірген өнімдердің түсер құнын арттырумен бірге, еңбек тәртібін нашарлатуға әкеліп соқтырады. Кейбір колхоздарда әкімшілік жұмысына еңбеккүн және қаржы көп жұмсалады. Ал кейбір колхоздарда бөлінбейтін қорды толықтыру және оны пайдалану ісінде елеулі кемшіліктерге жол берілген. Мұндай кемшіліктер кейбір артельдердің басшы-

лары өздеріне тапсырылған іске жауапсыз қарауы себепті орын алып жүр. Ал жергілікті партия, совет, шаруашылық органдары болса, бұлардың жұмысына жеткілікті бақылау жасамайды.

\* \*  
\*

Партиялық, мемлекеттік тәртіпті нығайту үшін ең алдымен бақылау жұмысын жақсы ұйымдастыру керек. КПСС Орталық Комитетінің июнь Пленумы партиялық, мемлекеттік бақылаудың жолдары мен әдістерін жетілдіре беруді ерекше атап көрсетті. Пленум шешімдері бойынша құрылған партиялық бақылау комиссиялары оларға партия ұйымдары күнделікті басшылық жасап отырған жерлерде жұмыстағы кемшіліктерді ашып, түзету, партиялық, мемлекеттік тәртіптің қатаң сақталуын қамтамасыз ету ісіне жақсы көмектесіп отыр.

Сонымен бірге жергілікті советтердің шаруашылықты ұйымдастыру, бақылау қызметтерін жетілдіре түскен дұрыс. Облыстық, аудандық, ауылдық советтердің түрлі комиссияларын үкімет пен партия директиваларының мүлтіксіз орындалуын бақылауға кеңінен тарту керек.

Егер бақылау жұмысына еңбекшілер бұқарасы неғұрлым кең қатыстырылса, ол солғұрлым өтімді болады. Бұл жөнінде кәсіподақ ұйымдарының алдында үлкен міндеттер тұр. Олар кәсіподақ активтерінің, тұрмыс, сауда және басқа комиссияларының жұмысын жандандыра түсуге тиіс. Республикамыздың кәсіподақ Советі, оның республикалық комитеттері кәсіподақ ұйымдарының бақылау жұмыстарына басшылық етіп, оларды бағыттап отыруға міндетті.

Қоғамдық бақылауды күшейту үшін комсомол активтерін де пайдалану керек. Комсомол постыларының жұмысын жақсы ұйымдастыру кәсіпорындардың, шаруашылық ұйымдардың жұмысын жақсартуға, кемшіліктерді жоюға, тәртіпті нығайтуға көмектеседі.

Партиялық, мемлекеттік тәртіпті нығайту, тәртіп бұзудың қандай көріністеріне болса да қатал күрес жүргізу партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының ең маңызды міндеті. Мұның өзі жетіжылдықтың екінші жылында алда тұрған міндеттерді табыспен орындаудың кепілі.



# Кәсіподақтар — мәдени-көпшілік жұмыстың ұйтқысы

Ш. АРТЫҒАЛИЕВ,

*Қазақстан кәсіподақтар советінің секретары*

Кәсіподақ ұйымдарының бүкіл көп салалы жұмысы, сайып келгенде, совет адамдарын коммунизм рухында тәрбиелеуді көздейді. Кәсіподақтары еңбекшілер бұқарасын мемлекеттік, қоғамдық іске белсене қатынасуға жұмылдыра отырып, олардың арасында саяси-тәрбие, мәдени-көпшілік жұмысын кеңінен жүргізуге міндетті. Бұл міндетті орындау үшін республикамыздың кәсіподақ ұйымдарының қолында көп күш-мүмкіндік бар.

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь (1953 жыл) Пленумынан кейін Н. С. Хрущев жолдастың бастамасы бойынша Қазақстанда тың жерлер игеріліп, жыл сайын жүздеген миллион пұт алтын астық алына бастады.

Тыңды игерумен байланысты 644 жаңа совхоз ұйымдастырылды, астық өндірісінде совхоздардың ролі анағұрлым артты. Республикамызда өндірілетін астықтың 70 проценттейі совхоздар үлесіне тиеді. Осымен байланысты ауыл шаруашылығында істейтін жұмысшылар мен қызметкерлер саны 2,5 есе өсті. Бұлардың 87 проценті кәсіподақтың мүшесі. Қазір ауыл шаруашылығында үш мыңға жуық кәсіподақ ұйымы бар. Бұл жағдай В. И. Лениннің кәсіподақтар коммунизм мектебі бола тұрып, барлық жұмысшылардың, ал содан кейін барлық еңбекшілердің мектебі болуы керек деген сөзінің іс жүзіне асып келе жатқанын көрсетеді.

Тың игеруге орай Қазақстанда сан-алуан мәдени орындары бар жаңа қоныстар пайда болды. Соңғы жылдардың ішінде совхоздарда 3 миллион шаршы метрдей тұрғын үй, 237 мектеп, 183 балалар мекемесі, 125 клуб, 132 қызыл бұрыш, 47 аурухана және көптеген өндірістік құрылыстар салынды.

Совхоз жұмысшылары арасында мәдени-көпшілік жұмысын ұйымдастыруға кәсіподақ ұйымдары жыл сайын көп қаржы жұмсайды. Кәсіподақтың Бүкілодақтық Орталық Советі өткен жылы астық жинау кезінде ғана мәдени-көпшілік жұмысын ұйымдастыруға 72 миллион сомның мәдени және спорт товарларын берді.

КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы ауыл шаруашылығын дамытудағы жұмыстарды қорыта келіп, алдағы міндеттерді белгіледі. Пленум белгілеген міндеттерді ойдағыдай орындауда кәсіподақ ұйымдарына үлкен жауаптылық жүктеледі. Олар бұқара арасында жетіжылдықтың екінші жылының тапсырмаларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты кеңінен ұйымдастырулары керек. Кәсіподақтар жұмысшыларға мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуді жақсартудың жаршысы болуға тиіс.

Республикамыздың кәсіподақтары партия ұйымдарының басшылығымен мәдени-көпшілік жұмысын біркелкі жақсартта түсті. Қазір кәсіподақ ұйымдарының карауында 1 мың клуб, мәдениет үйі, мәдениет сарайы, 1 300 кітапхана, 5 мыңдай қызыл мүйіс, 1 300-дей кино қондырғы жұмыс істейді. Бұл мәдениет мекемелерінде мыңдаған қызмет-

керлер бар, олар еңбекшілер арасында партияның саясатын іске асырушылар, бұқараның жетекшілері.

Мәдениет орындары халық бұқарасын коммунистік рухта тәрбиелеу жөнінде, капитализмнің адам санасындағы қалдықтарын жою, еңбекке, қоғамдық меншікке коммунистік көзқарасты қалыптастыру жөнінде қыруар тәрбие жұмысын жүргізуде. Мысалы, өткен жылы кәсіподақ ұйымдарына қарайтын мәдениет орындары ғана 15 мыңнан астам лекция, баяндама өткізді, оған 3 миллионнан астам адам қатысты, 3 мың тақырыптық кеш өткізіліп, көптеген концерт берілді. 317 мың рет кино көрсетіліп, оған 40 миллиондай адам қатынасты.

Республикамызда өз міндетін үлгілі орындап, еңбекшілер арасындағы саяси-көпшілік, мәдени-тәрбие жұмысының нағыз орталығы болып отырған мәдениет орындары аз емес. Осылардың бірі Лениногор қорғасын-мырыш комбинатының «Октябрьдың 10 жылдығы» атындағы клубы (клуб басқармасының председателі М. Фертель жолдас). Өткен жылдың соңғы айларында ғана бұл клубта 145 лекция оқылды. Клуб басқармасы лекцияларды клубта ғана емес, сонымен қатар комбинаттың цехтарында, жұмысшы жатақханаларында, қызыл мүйістерде де өткізіп отырады. Мұнда лекция оқуға инженер-техник қызметкерлермен қатар коммунистік еңбек бригадаларының мүшелері, өндіріс озаттары тартылған. Клубта лекциядан соң кинофильм, өнерпаздар қойған ойын немесе концерт көрсетіледі. Мысалы, «Капитализмнің адам санасындағы қалдықтарына қарсы күрес» деген лекциядан кейін жазушы В. Коростелевтің «Екі құдағи» атты пьесасы көрсетілді.

Клуб басқармасы партиямыздың ХХІ съезі қабылдаған жетіжылдық жоспар жайлы көрнекі үгітті жақсы ұйымдастырған. Клуб фойесіндегі лениногорлықтардың коммунистік еңбегіне, еліміздегі коммунизм құрылысының барысына арналған стендтер өте қызықты, мазмұнды жасалған.

Клуб қызметкерлері өндірістік-техникалық насихатты да жақсы жолға қойған. Бұл жөнінде соңғы кездің өзінде 31 лекция оқылған, төрт рет коммунистік еңбек бригадалары мүшелерінің жас жұмысшылармен кездесу кеші өткізілді. Әсіресе, «Еңбек мақтанышы» деген тақырыпта өткізілген кеш жұмысшылардың есінде қаларлық болды. Бұл кеште еңбек ардагерлері, қарт жұмысшылар, коммунистік еңбек бригадаларының мүшелері жастарға өз тәжірибесін айтып берді. Клуб жанынан «Өмірдің жаналықтары» деген ауызша журнал үздіксіз шығып тұрады. Клуб басқармасының тағы бір жақсы ұйымдастырған ісі — көркем өнер үйірмелері. Мұнда әртүрлі жанрдан 11 үйірме жұмыс істейді. Бұларға 400-ден астам жұмысшылар мен қызметшілер қатынасады. Сонымен бірге балалардың көркемөнер үйірмесі де бар. Осы клубтың драма үйірмесінің коллективіне халық театры деген атақ берілді.

Жезқазған кеншілерінің мәдениет сарайы, Ащысай түсті металл комбинатының «Дружба» клубы, Қаратау фосфор комбинатының клубы, Ақмола станциясы теміржолшыларының мәдениет сарайы да еңбекшілердің мәдени демалысын жақсы ұйымдастырып отыр.

Соңғы уақытта біздің мәдени мекемелерімізде саяси-тәрбие жұмысының жаңа түрлері — мәдениет университеті, жексенбілік оқу, музыкалық лекторийлер өріс алып келеді. Кәзір кәсіподақтардың мәдени мекемелерінде 57 университет жұмыс істейді. Бұл университеттерге 8 мыңнан артық кісі қатынасады. Университеттер жұмысшылар мен қызметкерлерге социалистік мәдениеттің негіздерін үйретіп, олардың жалпы мәдени дәрежесін көтеруіне көмектеседі.

Мысалға Жамбыл суперфосфат заводы мәдениет сарайының жанындағы университеттің (директоры Жигель жолдас) жұмысын алайық. Университеттің екі факультеті бар, оқу программасы екі жылға

есептеліп жасалған. Музыка факультетінде 150 адам оқиды, оның 82-сі жұмысшы, сурет салу факультетінде 63 адам оқиды, оның 21-ы жұмысшы. Университетте сабақ беруге темір жол мектебінің әдебиет пәнінің оқытушысы Румянцев, музыка мектебінің оқытушысы Киршнер, музыкалық оркестрдің жетекшісі Халилов, қалалық партия комитетінің нұсқаушысы Сұраев, облыстың бас архитекторы Рахматиджолдасовтар белсене қатынасады. Университетте сабақ үнемі белгіленген мерзімде өтіп тұрады. Университеттің жұмысын ұйымдастыруға завод кәсіподақ комитеті мен облыстық кәсіподақ советі үнемі көмектесіп, басшылық жасап отырады.

Кәсіподақ ұйымдары мәдениет университеттерінің жұмысын ұйымдастыруға түгел бірдей көңіл бөліп отырған жоқ. Кейбір университетті лекторийдан айыру қиын, оларда сабақ уақытында өтіп тұрмайды. Сол сияқты жексенбілік оқудың да еңбекшілер арасында мәдени-көпшілік жұмысын жүргізуде маңызы зор. Бұл жұмысты қалай ұйымдастырған жөн деген сұрақ мәдениет қызметкерлерінің алдына жиі қойылады. Жексенбілік оқу клубтарда, мәдениет үйлері мен мәдениет сарайларында апта сайын күндіз сағат 11—12-ден 17—18-ге дейін өткізілгені дұрыс сияқты. Кейбір жерлерде жексенбілік оқу күні былай өткізіледі: алдымен белгіленген тақырып бойынша лекция оқылады, онан кейін ғылыми немесе көркем фильм көрсетіледі, ол біткеннен кейін екінші лекция оқылып, соңынан өнерпаздар коллективі ойын-сауық көрсетеді. Бұл дұрыс сияқты. Жексенбілік оқуды өткізудің әдістері мен формалары жергілікті жағдайға, оған қатынасушылардың талап-тілектеріне қарай белгіленуге тиіс.

Кәсіподақ ұйымдарының мәдени-көпшілік жұмысында осындай негізгі істермен қатар кемшіліктер де көп. Бірқатар кәсіподақ ұйымдары мәдени-көпшілік жұмыстарының озат, өтімді тәжірибелерін сылбыр пайдаланады. Көптеген жерлерде клубтардың, мәдениет үйлерінің және басқа мәдени орындардың жұмысы нашар ұйымдастырылған. Осының салдарынан кәсіпорындардағы, құрылыстардағы және совхоздардағы жұмысшылардың, әсіресе жастардың едәуір бөлігі арасында саяси-тәрбие жұмысы, мәдениет жұмысы жүргізілмейді. Мәдени-көпшілік жұмысы әсіресе кәсіпорындарының цехтарында, жұмысшы жатақханаларында, құрылыс алаңдарында нашар ұйымдастырылған. Мұндай кемшіліктер Қарағанды металлургия заводы құрылыс тресінің, Соколов кен құрылысы басқармасының, Павлодар құрылыс тресінің кәсіподақ ұйымдарының жұмысында орын алып келеді. Мысалы, Павлодар құрылыс тресі басқармасының, Ертіс көмір құрылыс тресінің клубтарында ешқандай мәдени-көпшілік жұмыстары жүргізілмейді.

Осы кезге дейін кейбір шаруашылық басшылары мәдениет мекемелерін салу, оларды оңдау ісіне тиісті көңіл бөлмей келеді. Мұндай кемшіліктер әсіресе совхоздар мен РТС-терде кең орын алған. Ал кейбір кәсіподақ ұйымы болса, өздеріне берілген праволарды пайдаланбай, мұндай кемшіліктерге төзе береді. Жұртқа мәлім, өткен жылы Жамбыл облысы Қордай ауданының және Ақмола облысының еңбекшілері мәдениет ошақтарын көбейтіп, олардың жұмысын жақсарту жөнінде бүкіл республиканың еңбекшілеріне үндеу қабылдады. Бұл бастаманы партия орындарымен бірге кәсіподақ орындары да қызу қолдады. Қазақстан кәсіподақтар советі барлық облыстық советтерді, республикалық және облыстық комитеттерді мәдениет орындарын көбейту, олардың жұмысын жақсарту ісімен нақты шұғылдануға міндеттеді. Бірақ кейбір кәсіподақ комитеттері мен советтері және бастауыш ұйымдары бұл жөнінде тиісті қажырлылық, табандылық көрсете алмады.

Республикамыздың кәсіподақтар советінің президиумы жуықта қордайлықтардың және ақмолалықтардың бастамасы бойынша алған мін-

деттемелерінің орындалу барысы жайлы Батыс Қазақстан облыстық кәсіподақ советінің баяндамасын тыңдады. Облыста бұл жөнінде біраз жұмыстар істелген: 29 клуб және мәдениет үйі, 36 мектеп, 36 монша, 49 қызыл мүйіс, 8 балалар бақшасы салынған, парк жасалған, 89 гектар жерге ағаш отырғызылған. «Тамды құдық» совхозының коллективі өзінің алған міндеттемесін абыроймен орындап, клуб, мектеп, асхана және монша салып алған. Бірақ облыстың көптеген кәсіподақ ұйымдарында алған міндеттеме орындалмай қалған. Әлі де болса көптеген кәсіпорындарда, совхоздарда, елді жерлерде мәдениет орындары жеткіліксіз. Ал кейбір жерде бар мәдениет мекемесінің өзі де жұмысты нашар істейді.

Жетіжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындаудың негізгі шарты—өндіріс жұмыстарын машиналандыру, автоматтандыру. Бұл үшін жұмысшылар мен қызметшілердің мамандығын, техникалық білімін арттыра беру керек. Бұл міндетті орындауда да мәдениет мекемелерінің тигізетін көмегі ерекше зор. Олар ғылыми-техникалық насихатты жақсартта түсуге тиіс. Республикамыздың бірсыпыра мәдениет орындары жұмысшылар мен қызметшілердің техникалық білімін көтеруіне тәп-тәуір қолқабысын тигізіп келеді.

Бұл жұмыс Балқаш мыс комбинатының, Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының мәдениет сарайларында жақсы ұйымдастырылған. Бұл мәдениет сарайларының техникалық кабинеттерінде сол кәсіпорындардың макеттерінен бастап өндірістің озат технологиялық процестерін көрсететін көптеген жабдықтар, сурет-диаграммалар қойылған. Техникалық кабинеттерде ғылым мен техниканың жаңалықтары, кәсіпорын өнертапқыштары мен жаңашылдарының ұсыныстары, оларды өндіріске енгізудің жолдары кеңінен насихатталады.

Коммунизмге қадам басқан сайын еңбекшілердің мәдени талап тілегі, эстетикалық талғампаздығы арта түсетіні мәлім. Мәдениет орындарының міндеті бұқараның өскелең талап-тілегін қанағаттандырып отырумен бірге, оларды әсіресе жастарды жоғары идеялылыққа, талғампаздыққа тәрбиелеп отыру болуға тиіс. Жұмысшылар мен қызметшілердің рухани талап-тілектерін қанағаттандырып, оларға мәдени қызмет көрсету жөнінде көркемөнер үйірмелерінің маңызы зор. Соңғы жылдары халық арасынан шыққан өнерпаздар қатары сан жағынан өсумен бірге олардың шеберлігі де артып келеді. Егер мұнан екі жыл бұрын көркемөнер үйірмелерінің саны 7 мың, оған қатынасшылардың саны 115 мың адам болса, кәзір үйірме саны 19 мыңға, оған қатынасшылардың саны 305 мың адамға жетті. Бұл қозғалыстың кең өрістеуіне себеп болған жағдайдың бірі—жыл сайын әрбір кәсіпорында, аудан мен қалада, облыс орталығында өнерпаздардың байқауы өткізілуі дәстүрге айналды. 1958 жылы Отанымыздың астанасы Москвада Қазақстан көркемөнері мен әдебиетінің онкүндігі болып өтті. Бұған көптеген өнерпаздар коллективі қатынасып, олардың өнеріне жоғары баға берілді.

Шынын айтқанда көптеген өнерпаздың, әсіресе драма үйірмелеріндегілердің шеберлігі қалыптасқан театр коллективінің өнерінен кем түспейді. Соңғы бір жылдың ішінде ғана кәсіподақтарының мәдениет үйлері мен мәдениет сарайларының жанындағы 9 драма үйірмесі коллективіне халық театры деген атақ берілді. Олардың ішінде Жезқазған халық театры бар. Бұл театрдың репертуарында жазушы Горбатовтың «Бір түн», Арбузовтың «Таня», Винниковтың «Акация гүлдегенде» деген сияқты көрнекті шығармалары қойылып жүр.

Бұл коллектив халық театры атағын алу дәрежесіне инженер Васильев жолдастың басшылығымен жетті. Кәзір театр Ғ. Мүсіреповтың «Қыз-Жібек», Котляровтың «Наталка Полтавка», Гольдонидің «Қонақ



Үйдің кожасы» деген пьесаларын дайындап жатыр. Театр өз өнерін Қарағандыда, Теміртауда, Балқашта көрсетті.

Көркемөнерпаздар үйірмесінің халық театрларының жұмысын жақсарту үшін профессионал театрлардың, көркемөнер қайраткерлерінің, композиторлардың, жазушылардың көмегі керек. Оларға лайықты пьеса, музыка жазу, сахна шеберлерінің спектакльді қоюға көмектесуі, жеке рольдерді халық театры сахнасында ойнап көрсетуі өте керекті.

Еңбекшілер арасында мәдени-көпшілік, саяси-тәрбие жұмысын жүргізуде кітапханалардың алатын орны ерекше. Кітап — білім бұлағы, адамның көмекшісі, досы. Кітап адамның бойына жігер, ойына қанат бітіретін қазына. Совет өкіметі тұсында халықтың кітапқа ынтасы ерекше артты. Еңбекшілердің осы өскен талап-тілегін қанағаттандыруда кітапханалардың ролі күшті. Кәзір біздің елімізде 400 мың кітапхана бар, олардың кітап оқушылар саны 70 миллионнан артық.

КПСС Орталық Комитетінің «Елімізде кітапхана ісінің жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысы еңбекшілердің мәдени тілегін қанағаттандыру ісін ұйымдастыруда ерекше роль атқарады.

Орталық партия комитеті кітапханалардың еңбекшілердің жалпы білімін, мәдени-техникалық дәрежесін көтеру жөнінде көп жұмыс істегенін көрсете келіп, бұл жұмыстағы кемшіліктерді атап көрсетті. Бұл кемшіліктер біздің республикамыздағы кәсіподақ кітапханаларының жұмысында да бар. Көптеген кітапханалар өзінің жұмысын тек кітап беріп отыру деп түсінеді. Олар ғылым мен техниканың табыстарын, еңбек озаттарының тәжірибесін жеткіліксіз насихаттайды. Кейбір кітапханаларда білімнің маңызды салалары жөніндегі кітаптар жоқ. Әсіресе ауыл шаруашылығы жөнінде және еңбекшілерге бұқаралық мамандықтарды меңгеруге көмектесетін кітаптар жеткіліксіз. Міне осының салдарынан ондай кітапханалардың оқушылар саны өспейді, қайта кеми береді.

Кітапты қыдырып сату, көшпелі кітапхана, кітапты әрбір оқушының өзі таңдап алуы сияқты кітап таратудың жаңа түрлері нашар пайдаланылады. Сонымен бірге республикамызда кітапханашыларға методикалық көмек нашар. Ертіс көмір құрылысы тресінің кәсіподақ ұйымы өз кітапханасына соңғы бес жыл ішінде ешқандай жаңа кітап алмаған. Совхоздар мен жөндеу-техника станциялары кітапханаларының көпшілігінде де хал осындай.

Кітапханаларды толықтыру жөнінде «бибколлекторлар» үлкен көмек көрсете алады. Бірақ олардың кейбіреуі кітапханалардың талап-тілегін зерттемейді. Алматы қаласының «бибколлекторы» облыстағы кітапханаларға кітапты олардың керегімен санаспай жібере береді. Мысалы, ол Жезқазған руднигінің мәдениет үйінің кітапханасына ауылшаруашылық мәселелеріне арналған жүздеген кітап, ал Қарағанды металлургия заводы құрылыс тресінің кәсіподақ комитетінің кітапханасына кеншілердің жұмыс тәжірибесі жөнінде жазылған көптеген кітапшалармен бірге саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы шығарған «Мал азығы қорын қалай жасау керек» деген лекциясының көптеген данасын жіберген.

Көптеген кітапхананың үй жағдайы нашар. Мысалы, Жамбыл облысының Ленин атындағы совхозының кітапханасы екі адам айнала алмайтындай үйге орналасқан, кітапхана үйі қысты күні жылытылмайды. Мұндай жағдайда кітапхананың оқушылар арасында ешқандай жұмыс жүргізе алмайтыны белгілі. Жақында республикалық кәсіподақтар советі кітапханалардың жайы туралы мәселе қарап, оны жақсартудың шараларын белгіледі. Қалаларда және ауылдық жерлерде кейбір ұсақ кітапханаларды біріктіріп, оларды жаңа кітаптармен толықтыру мәселесі шешілді.

Кәсіподақ ұйымдарының жүргізетін мәдени-көпшілік жұмыстарының саласы көп. Әңгіме бұл жұмыстың санында ғана емес, сапасын жақсартуда. Кәсіподақ ұйымдары мәдени-көпшілік жұмыстарын жақсарту үшін ең алдымен мәдени қызметкерлерді іріктеп алу, орналастыру, оларды тәрбиелеу, білімін көтеру ісіне баса көңіл бөлуге тиіс. Республикамызда мәдени қызметкерлерінің тең жартысына жуығының орта білімі де жоқ, мамандық дәрежесі төмен.

Қазақстан кәсіподақтар советі, облыстық кәсіподақ советтері соңғы кезде бұл жөнінде біркелкі жұмыстар жүргізді. Өткен жылы Алматыда кітапхана қызметкерлерінің, көркемөнер үйірме жетекшілерінің, клуб меңгерушілерінің курстары ұйымдастырылды. Кәзір халық театрлары режиссерларының екі айлық курстары жүріп жатыр. Бірақ кадрларды тәрбиелеу жөніндегі жұмыстар әлі де жеткіліксіз. Кәсіподақ ұйымдары мұнан былай да бар мүмкіндіктерді пайдаланып, мәдени қызметкерлердің білімін, мамандығын арттыра беруге тиіс. Биылдан бастап кәсіподақтың Ленинградтағы жоғарғы мектебінің жанынан мәдени қызметкерлердің білімін көтеретін сырттан оқу бөлімі ашылды.

Кәсіподақ ұйымдары мәдени-көпшілік жұмысын кеңінен жүргізу арқылы ғана бүгінгі айбынды міндет—еңбекшілерді жетіжылдықтың екінші жылының жоспарын мерзімінен бұрын орындау жолындағы күреске жұмылдыра отырып, оларды советтік патриотизм, пролетарлық интернационализм, халықтар достығы рухында тәрбиелеу ісіне лайықты үлес қоса алады.

Кәсіподақ ұйымдары өздерінің бұл міндеттерін табыспен орындауы үшін оларға партия ұйымдары мен партия комитеттері күнделікті басшылық жасап отырулары керек. Партиялық басшылық кәсіподақ жұмысының жемісті болуының негізгі шарты. КПСС Орталық Комитетінің «Сталин облысы еңбекшілері арасындағы бұқаралық саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы», «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулылары кәсіподақ ұйымдары жұмысының да іс программасы. Партия ұйымдары кәсіподақ ұйымдары жүргізіп жатқан мәдени-көпшілік, мәдени-ағарту жұмыстарының мазмұнына күнделікті зер салып, оған басшылық жасап отырса, мұның өзі еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісін жақсартып, бұқараны партияның ХХІ съезі қойған міндеттерді мүлтіксіз орындауға жұмылдыра түседі.

# Партия тұрмысы

## Партия ұйымдарының төл ісі

Ә. ТОБАҒАБЫЛОВ,

*Қазақстан КП Аякөз аудандық комитетінің секретары*

Коммунистік партия өз қатарын алдыңғы қатарлы жұмысшылар, колхозшылар мен совет интеллигенциясы өкілдері есебінен үнемі толықтырып отырады. Мұның өзі коммунистік құрылыстың барлық сатысында да партиямыздың басшы, ұйымдастырушы ролін арттыра түсіп, еңбекшілер бұқарасының коммунизм орнату жолындағы күресінде жаңа табыстарға жете беруіне жағдай жасайды.

Партиямыздың мызғымас бірлігі мен ұйымшылдығы оның құрамына байланысты. Сондықтан да партия өз қатарына барлық тілек білдірушілерді қабылдай бермейді, олардың ішінен алдыңғы қатарлы, коммунизм ісіне берілген белсенді күрескерлерді іріктеп алады, өз қатарын ең алдымен жұмысшы табы есебінен жаңа күшпен толықтырып отырады.

Партия өз қатарына ең таңдаулы, белсенді адамдарды қабылдай отырып, бұл мәселені өзінің алдында тұрған міндеттердің тұрғысынан шешеді. Мысалы, Отан соғысы кезінде партия қатарына Отанды төсін төсеп қорғаушы майдан шебіндегі жауынгерлер қабылданған болса, кәзір коммунизм құру, материалдық игіліктерді молайту міндеті шешіліп жатқан кезде партия қатарына ең алдымен материалдық игіліктерді қолма-қол жасаушыларды — жұмысшылар мен колхозшыларды қабылдайды. Өйткені коммунист қай уақытта болса да партия мен үкіметтің алдыңғы шептегі жауынгері болуға тиіс.

Партия қатарын толықтырып отыру үшін партия ұйымдары өзінің ішкі жұмысын жандандырып, жұмысшылар, колхозшылар және интеллигенция арасындағы саяси-тәрбие жұмысын мейлінше жақсартуы, сөйтіп, оларды өз төңірегіне берік топтастыра білуі керек.

Партиямыздың тарихи ХХІ съезі партия ұйымдарын еңбекшілерді ерлік еңбекке жігерлендіріп, еліміздегі коммунизм құрылысына жұмылдырумен қатар еңбек сүйгіш, саналы, тәртіпті, жаңа техниканы игеруге талапты, кездескен қиыншылықтарды батыл жеңе білетін, істе өзін көрсете білген жұмысшылар, колхозшылар және интеллигенция өкілдерін іріктеп алып, өз қатарын нығайта беруге міндеттеді.

Құрамында 87 бастауыш партия ұйымы, екі мыңға жуық мүшесі мен кандидаты бар Аякөз аудандық партия комитеті партиямыздың ХХ және ХХІ съездерінің тарихи шешімдерін орындай отырып, партияға адам алу және жас коммунистерді тәрбиелеу жұмысын едәуір жақсартты. Бұл мәселе аудандық комитеттің пленумдарында және бюро мәжілістерінде жиі талқыланып тұратын болды.

Аудандық партия комитеті өз жұмысын жаңаша құрды. Кәзір ұйымдастыру бөлімінде бұрынғы екі нұсқаушының орнына 8 нұсқаушы жұмыс істейді. Егер бұрын барлық партия ұйымдарын екі нұсқаушы қамтыса, ал кәзір әрбір нұсқаушыға 10 — 12 партия ұйымы бекітіліп

берілген. Мұның өзі партиялық-ұйымдастыру жұмысының дәрежесін арттыра түсуге мүмкіндік берді.

Мәселен, аудандық комитеттің нұсқаушылары Кулатов, Демеубаев, Тәшенов жолдастар партия ұйымдары жұмысымен терең шұғылданып, оларға жоспар жасауға, партия жиналыстарын және бюро мәжілістерін дайындап өткізуге көмектесіп, талқыланатын мәселелер жөнінде ақыл-кеңес беріп отырады. Олар партияға адам алу және жас коммунистерді тәрбиелеу жұмыстарын жақсарту жөнінде де нақты көмек көрсетіп келеді.

Аудандық партия комитеті екі айда бір рет партия ұйымдары секретарьларының семинар-кеңестерін өткізіп, онда партияға адам алу, ұйымдастыру, партия ұйымдарының ішкі жұмысы туралы да мәселе талқылап отырады, бұл кеңестерде секретарьлардың өздері де тәжірибе ауысады. Аудандық комитет секретарьлары мен бюро мүшелері бастауыш партия ұйымдарының ішкі жұмысына үнемі талдау жасап, оларға нақтылы көмек көрсетіп отырады.

Партия қатарын өсіру партия ұйымының бүкіл қызметімен байланысты. Егер бастауыш партия ұйымы өз жұмысын белсенді жүргізіп, коллективтің ісі үшін, еңбекшілердің талап-тілектерін орындау жолында қажырлы күрес жүргізіп отырса, бұқараның бастамасын қолдап отырса, мұндай ұйымның бұқара арасында беделі күшті болады да оның қатары үнемі өсіп отырады.

Мысалға «Қарақол» совхозы, «Шолпан» колхозы, паровоз және вагон деполары мен кондуктор резерві партия ұйымдарының жұмысын келтіруге болады. Бұл партия ұйымдары өз төңірегіне партияда жоқ активтерді, озат жұмысшылар мен колхозшыларды топтастырып, олардың арасында саяси-көпшілік жұмысын өтімді жүргізеді. Бұлардың әрқайсысына нақты тапсырма беріп, ашық партия жиналысына қатынастырады, олардың саяси-идеялық және жалпы білім дәрежесін көтеруіне камқорлық жасап отырады. Осының нәтижесінде озат жұмысшылардың, колхозшылардың партия қатарына өтуге деген тілегі зрға түсті. Мұны соңғы жылдардағы партия қатарының өсуінен айқын аңғаруға болады. Мысалы, 1955 жылы партия мүшелігіне кандидаттыққа 57 адам қабылданған еді, оның 21-і жұмысшы, 6-ы колхозшы, 10-ы маман. Ал 1957 — 1958 жылдары кандидаттыққа 143 адам қабылданды. Өткен жылы аудан партия ұйымдарында партияға кандидаттыққа ғана 125 адам алынды. Олардың 70-і жұмысшы, 15-і колхозшы. Партияға алынғандардың көпшілігі-ақ өнеркәсіптің, темір жол транспортының, ауыл шаруашылығының озат адамдары. Мысалы, «Қарақол» қой совхозының аға шопаны Социалистік Еңбек Ері Әбжанов Бекембай жолдас 1959 жылы әр жүз саулықтан 158-ден қозы өсіріп, әр қойдан 5 килограмнан жүн қырықты. Ол биыл онан да жоғары табысқа жету үшін жарысқа қосылып, 100 саулықтан 160-тан қозы алуға міндеттеме қабылдап отыр.

Партия қатарының өсуі колхоз, совхоз, өнеркәсіп, транспорт кәсіпорындары жұмысының жақсара түсуіне ықпал жасады. Мысалы, бұдан үш жыл бұрын «Шолпан» колхозы партия ұйымы шағын, коммунистердің саны аз болатын. Олардың да көпшілігі артельдің жұмысына белсене қатынаспайтын, колхоздың шаруашылығы нашар өркендеп келді.

Аудандық партия комитеті артель экономикасын жолға қоюды ең алдымен партия ұйымының жұмысын жандандырудан бастады. Бастауыш партия ұйымына басшылық жақсартылып, коммунистер шаруашылықтың шешуші буындарына орналастырылды. Көп кешікпей-ақ коммунистер бұқараға еңбек үлгісін көрсетті, қоғамдық байлықты молайту жолындағы күресті бастаушы да, ұйымдастырушы да болды. Мұның өзі колхозшылар бұқарасын қажырлы еңбекке жұмылдырды.

Озат колхозшылар партия қатарына өтуге тілек білдіріп, даярланды. Партияға алдыңғы қатарлы колхозшылардан 27 адам қабылданды. Олардың ішінде зоотехник Ақанаев, шопан Исабеков, тракторшылар Нұрқасымов, Зарықбеков, Базарбаев, сауыншы Жұмабекова, комбайншы Тұрлыбеков тағы басқа жолдастар бар. Артельде партия комитеті құрылды, фермалар мен бригадаларда бастауыш партия ұйымдары бар. Осының нәтижесінде партия ұйымының колхоз шаруашылығына ықпалы күшейді, ол шаруашылықтың артта қалып келе жатқан саласымен терең шұғылданатын болды, еңбек тәртібін нығайту жолындағы күрес те күшейді. Партия жиналысы мерзімінде шақырылып, оларда колхоз өмірімен байланысты мәселелер кеңінен талқыланады.

«Шолпан» ауылшаруашылық артелі кәзір озат шаруашылықтың бірі. Колхоздың табысы 1956 жылы 2 миллион сом болса, кәзір 10 миллион сомға дейін өсті. Соңғы 2—3 жылда колхозда ірі қара 49 процент, қой-ешкі 167 процент, жылқы 48 процент өсті. Артель өткен жылы мемлекетке ет сату жөніндегі міндеттемесін 140 процент орындады. Мемлекетке тек семіз мал сатылды. Етке өткізілген ірі қараның орташа салмағы 355 килограмнан, қойдың орташа салмағы 57 килограмнан желді. Артель биыл мемлекетке 9 215 центнер ет сатып, жетіжылдықтың аяғына белгіленген дәрежеге жетпекші.

Партия қатарының өсуі вагон депосы (партия ұйымының секретары Келбуганова жолдас) жұмысын жақсартуға көмектесті. Соңғы үш жылда мұнда партияға 21 адам қабылданды.

Партия ұйымы жұмысының жақсартылуы, оның қатарына жаңа адамдардың қосылуы, коммунистердің авангардтық ролінің артуы нәтижесінде депоның шаруашылық қызметі де жақсара түсті. Депо өткен жылы вагон жөндеудің жоспарын 108 процент, жалпы өнім шығару жоспарын 120,3 процент орындады, бір жылдың ішінде еңбек өнімділігі 13 процент артты. Паровоз депосы партия ұйымында да коммунистердің қатары жақсы өсіп келеді. Мұнда өткен жылы 20-дан астам озат жұмысшы партия мүшесіне кандидат болып қабылданды.

Сол сияқты «Қарақол» совхозы партия ұйымы да (секретары Ешенғазин жолдас) жұмысшылар арасында саяси тәрбие жұмысын жақсарту нәтижесінде өткен жылы озат шопандардан 11 адамды партия қатарына қабылдады. Партия ұйымы коммунистердің өздеріне тапсырылған іске жауапкершілігін арттыра отырып, олардың бұқара арасындағы авангардтық ролін көтеруде. Кәзір бұл совхоз асыл тұқымды қой өсіретін ірі шаруашылыққа айналды. Қой саны соңғы 5 жыл ішінде төрт есе көбейді. Мұнда жыл сайын әр жүз саулықтан 110—120 қозы алынуда. Совхоз өткен жылы жоспар бойынша 5 600 центнер ет сатудың орнына мемлекетке 8 169 центнер ет сатты. Етке өткізілген әрбір ірі қараның тірідей салмағы орта есеппен 395 килограмға, әр қойдың салмағы 64 килограмға жеткізілді. Совхоз биыл мемлекетке 13 мың центнер ет тапсыруға, жетіжылдық жоспарды екі жылда орындауға міндеттеніп отыр.

Партия ұйымдары өз қатарын жаңа күшпен толықтырумен бірге коммунистерді өнеркәсіп, транспорт және ауыл шаруашылығы өндірісінің жауапты учаскелеріне дұрыс орналастыру ісіне де баса көңіл бөліп отыр. Колхоздар мен совхоздардағы бастауыш партия ұйымында коммунистін 80 проценті шаруашылықтың шешуші буындарында жұмыс істейді. Сол сияқты өнеркәсіп, транспорт орындарындағы 881 партия мүшесі мен кандидатының 657-і өндірісте жұмыс істейді. Мұның өзі жетіжылдықтың бірінші жылында алға қойылған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Өткен жылы ауданда астықтың жалпы түсімі 4 миллион пұтқа жетіп, мемлекет қоймасына 2,5 миллион пұт астық құйылды. Сөйтіп, бұл жөніндегі тапсырма 166 процент орындалды. Тек 1959 жылдың өзінде ғана аудан шаруашылықтары

18 мың гектардан аса тың және тыңайған жер игерді. Астық шаруашылығының ойдағыдай дамытылуы колхоздар мен совхоздардың экономикасының нығайып, колхозшылардың ақшадай және заттай табысының артуына игі әсерін тигізді. 1959 жылы колхоздар мен совхоздар мемлекетке астық сатудың өзінен ғана 31,5 миллион сом табыс алды. Колхоздардың экономика жағынан нығаюы нәтижесінде бес колхоздың үшеуінде колхозшылардың еңбегіне тікелей ақша төлене бастады. Аудан бойынша 1-январға дейін қоғамдық мал өсіру жоспары ірі қарадан 108 процент, қой-ешкіден 102, шошқадан 120, жылқыдан 100 процент болып орындалды. 1958 жылдың осы мерзімімен салыстырғанда ірі қара саны 14 процент, қой-ешкі 20 процент, жылқы 8 процент, шошқа саны 47 процент, құс 84 процент көбейді.

Қоғамдық мал өсумен бірге оның өнімдері молайды, мал шаруашылығы өнімдерін мемлекетке тапсыру жөніндегі социалистік міндеттемелер ойдағыдай орындалды. Ауданның барлық шаруашылықтары да 1-августқа дейін мемлекетке ет сатудың жылдық жоспарын орындап шықты. Жоспар бойынша 47 800 центнердің орнына 74 812 центнер ет сатылды, 1958 жылғымен салыстырғанда мемлекетке ет 41 664 центнер артық сатылды. Мал шаруашылығының басқа өнімдері де мол өндіріліп, мемлекетке жоспарлы мөлшерден едәуір артық сатылды.

Декабрь Пленумының шешімдерін орындай отырып, биыл аудан еңбекшілері 93 мың центнер ет өндіріп, оның 82 мың центнерін мемлекетке сатуға ұйғарып отыр. Бұл 1965 жылға белгіленген жоспардың дәрежесі. Сол сияқты қоғамдық малды өсіру жоспарын барлық түлігі бойынша орындап, төлдейтін малдың әрбір жүзінен 105 қозы, 95 бұзау өсіру белгіленді. Партия ұйымдары, барлық коммунистер бұл күндері еңбекшілерді қабылданған міндеттемені жүзеге асыру жолындағы күреске жұмылдыруда.

Алайда, көптеген партия ұйымдарының бұқара арасындағы идеялық-тәрбие жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Мұндай ұйымдарда партия қатарының өсуі де нашар. Мысалы, соңғы екі жыл ішінде «Заготзерно» мекемесі, мал бордақылау совхозы, темір жол бөлімшесінің жұмысшыларды жабдықтау бөлімі, тұтынушылар қоғамы, № 2 совхоз, Ворошилов атындағы колхоз партия ұйымдарында партия қатарына бір де адам алынған жоқ. Кейбір ұйымдарда партия мүшелігіне кандидаттыққа қабылданғандардың ішінде жұмысшылар мен шаруалар аз. Мысалы, № 119 құрылыс-монтаж колоннасының партия ұйымы партия қатарын озат жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер есебінен толықтыруға мүмкіндігі бар, бірақ тек қызметшілерді ғана қабылдап келген.

Кейде партияға адамдарды іріктеп алу жөніндегі Уставтың талаптары да қатаң орындалып отырмайды. Кейбір партия ұйымдарында партияға өтуге тілек білдірушілердің іскерлік, саяси қасиеттері жан-жақты зерттелмейді. Соның салдарынан кейде олар тиісті дайындығы жоқ кездейсоқ адамдарды да қабылдайды. Міне, осы себептен өткен жылы аудандық партия комитетінің бюросы 9 адамның партияға қабылдау жөніндегі арызы бойынша партия ұйымдарының қабылдаған шешімдерін бұзды. Мәселен, Қаракол РТС-нің партия ұйымы бұрын Карл Маркс атындағы колхозда председатель болып тұрғанда ауыл шаруашылық артелінің Уставын бұрмалағаны үшін партиядан шығарылған және сотталған Бейсекенов дегенді кандидаттыққа қабылдаған. Аудандық комитеттің бюросы партия ұйымының бұл шешімін бұзды. Сол сияқты аудандық Совет атқару комитеті жанындағы партия ұйымы бұрын партия қатарынан шығарылған және қызмет бабын пайдаланып, жолсыздық жасаған Тыныбаев дегенді партияға қабылдаған. Аудандық партия комитетінің бюросы ол жөніндегі шешімді де бекітпей тастады.

Аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары КПСС ХХІ съезінің шешімдерін жүзеге асыра отырып, жас коммунистерді тәрбиелеу ісін едәуір жақсартта түсті.

Жас коммунистерді тәрбиелеудің бір жолы—оларға партиялық тапсырма беру. Кәзір бізде әрбір жас коммунист нақты тапсырма аткарып жүр. Аудандағы 157 кандидаттың 7-і насихатшы, 150-і үгітші және халық жасағының мүшесі, ал 20 адам коммунистік еңбек бригадасының мүшесі.

«Қарақол» совхозының партия ұйымы жас коммунист Әбжанов жолдасқа шопандар бригадасы арасында үгіт-көпшілік жұмысын жүргізуді тапсырған болатын. Ол бұл тапсырманы бар ықыласымен аткарумен бірге өзінің үгіт жұмысын жүргізу тәжірибесін басқаларға үйретіп отырады. Әбжанов жолдас әсіресе шопандар арасындағы жарысты ұйымдастыруға баса көңіл бөлді. Ол камтитын шопандар бригадасының мүшелері өткен жылы әр жүз саулықтан 120-дан 158-ге дейін қозы өсірді. Әбжанов жолдас совхозда құрылған халық жасағының мүшесі.

Көптеген жас коммунистер ауыл шаруашылығында үлгілі еңбек етіп, бұқараны өз соңынан ертіп отыр. Мысалы, «Қарақол» совхозының аға шопаны КПСС мүшелігіне кандидат Бадалов жолдас өткен жылы әр жүз саулықтан 142 қозы өсірді, әр қойдан 4,5 килограмнан жүн алды. Ол биыл жүз саулықтан 145-тен қозы алып, әр қойдан 5 килограмнан жүн қыркуға міндеттеме алып отыр. Мұндай коммунистер ауданның басқа шаруашылықтарында да көп.

Аудандық партия комитеті, партия ұйымдары жас коммунистердің жалпы және саяси білім дәрежесін көтеруіне ерекше назар аударып келеді. Осы мақсатпен 1959 — 1960 оқу жылында барлық кандидаттар партия оқуы жүйесіндегі сабаққа қамтылып отыр. 12 адам жоғарғы және орта дәрежелі оқу орындарында сырттан оқиды және 50 адам жұмысшы-жастар кешкі мектебінде оқып, білімін көтеруде. КПСС Орталық Комитетінің жақында жарияланған «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулысы бізден еңбекшілер арасындағы саяси-тәрбие жұмысын жаңа мазмұнмен, жаңа түрмен байыта беруді талап етеді. Біз кәзір бұл жөнінде нақты іс жоспарын жасап, оны жүзеге асыруға кірістік.

Аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары партия мүшелігіне кандидаттар арасындағы саяси-тәрбие жұмысын жақсартта түсті. Осының нәтижесінде кандидаттық мерзімі өтіп кеткендер азайды. 1959 жылғы 1-декабрьдегі мәлімет бойынша мерзімі өтіп кеткен кандидаттар саны небәрі 5 адам болып отыр.

Партияға адам алу және жас коммунистерді тәрбиелеу партия ұйымдары жұмысының маңызды саласы. Сондықтан бұл жөніндегі кемшіліктерді батыл жою керек.

КПСС ХХІ съезінің шешімдерінде атап көрсетілгендей, жетіжылдық жоспардың тағдыры тікелей бастауыш партия ұйымдарында, кәсіпорындарда, құрылыстарда, колхоздарда, совхоздарда шешіледі. Мұның өзі партия ұйымдарының, әрбір коммунистің ролі мен жауапкершілігін онан сайын күшейте беруді талап етеді. Бұл үшін партия ұйымдары бұқара арасындағы идеялық-тәрбие жұмысын күшейте отырып, партия қатарын өсіру және жас коммунистерді тәрбиелеу ісімен тынғылықты шұғылданып отыруға тиіс.

# Жүгері — дақылдың асылы

А. МАНСУРОВ,

*Қазақстан КП Панфилов аудандық комитетінің секретары*

КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы ауыл шаруашылығындағы мүмкіндіктерді мол пайдаланудың жолын көрсетті. Н. С. Хрущев жолдас Пленумда сөйлеген сөзінде «кәзір жақсы жағдайға жетіп отырғанда, біз енді бүгінгіден де жақсы табыстарға жетуіміз керек. Әрбір облыс озаттарының тәжірибесіне сүйене отырып, ауыл шаруашылығын өркендетуде шапшаң өрге баса алады, өзінің мүмкіндіктерін шебер пайдаланудың үлгісін тіпті бір — екі жылдың ішінде-ақ көрсете алады» — деді.

Бұл сөздердің ақиқаттығын біздің тәжірибеміз де айқын көрсетті. Пайдаланылмай жатқан мүмкіндіктің бірін дәл басқан ауданымыз шаруашылыққа аса пайдалы дақыл жүгеріні егу, баптау, өсіру ісін қолға алды. Аудан еңбекшілері жүгері егісінің көлемін ұлғайтумен бірге, оның шығымдылығын да арттыруға ерекше көңіл бөліп келеді.

Өткен жылғы жүгеріден мол өнім алу жорығына аудан еңбеккерлері 1958 жылдың күзінен бастап дайындалды. Аудан бойынша жүгерішілердің 264 звеносы құрылды, олардың құрамына тәжірибелі колхозшылармен қатар жігерлі жастар бекітілді. Жұмысы түгел механикаландырылған 51 звено ұйымдастырылды. Звеноларға жүгері егілетін жер күз басынан бөлініп берілді. Звено мүшелері түгел дерлік қысқа мерзімді курстарда оқытылды. Курста теорияны үйренген жүгерішілер күндіз егіс даласына келіп, тәжірибе жасаумен болды. Егістік жерге көң тасыды. Олардың социалистік жарыстағы нысанасы — әр гектар егістік жерге кемінде 10 тоннадан көң төгу, минералды тыңайтқыштарды жеткілікті тасу, дайындалған сортты тұқымды қыс бойы жақсы сақтау, жүгері егуге қажетті техниканы сапалы жөндеу болды. Олар бұл міндеттемесін орындады да. Осындай даярлықпен келген жүгерішілер көктемгі егіс жұмысын алғашқы күндерден қарқынды жүргізіп, 12 400 гектар жүгерінің бәрін дерлік шаршы-ұялы әдіспен 8 жұмыс күні ішінде сеуіп болды.

Озат тәжірибені насихаттауға, ғылым жетістіктерін өндіріске енгізуге ерекше мән берілді. Осы мақсатпен былтырғы жылдың апрель айында жүгерішілердің семинары өткізілді. Онда аудандық ауыл шаруашылығы инспекциясының мамандары, сол сияқты «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозының агрономы Сидняев жолдас жүгеріні шаршы-ұялап себудің, оны механизм күшімен баптаудың маңызы, тұқым себудің әдістері туралы арнаулы баяндамалар жасады. Семинарда М. Ниязова, Т. Құрманәлиева, Т. Сайдуллаев сияқты озат жүгерішілер өз тәжірибелерін ортаға салды. Жүгерішілер өзара пікір алысып, тәжірибе алмасты.

Аудандық партия комитетінің май айында шақырылған кезекті пленумы көктемгі егістің қорытындысы және жүгерішілердің міндеттері туралы арнаулы мәселе қарап, астықтық жүгерінің гектарынан 35 центнерден, сүрлемдік жүгерінің гектарынан 350 центнерден өнім алу жөнінде 1959 жылға қабылданған міндеттеменің сөзсіз орындалуын қамтамасыз ететін шаралар белгіледі. Аудандық комитет жүгері жинарда да осындай арнаулы пленум өткізіп, жүгерішілердің ке-



зектегі міндеттерін белгілеп берді. Пленумдардан кейін аудандық партия комитетінің бюро мүшелері және аудандық совет атқару комитетінің басшылары колхоздар мен совхоздарда болып, белгіленген шараларды жүзеге асыруға бағытталған ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуде бастауыш партия ұйымдарына көмек көрсетті.

Бұдан соң жүгері түгел егіліп болысымен озат жүгерішілердің аудандық кенесі өткізілді. Кеңеске Алматының бір топ ғалымдары қатынасты. Кеңесте аудан колхоздары мен совхоздарында жүгері көлемін ұлғайтып, шығымдылығын арттыру мәселесі талқыланды. Кеңеске қатынасқан озаттар соңғы жылдары ие болған тәжірибелерін ортаға салды. Олар жүгері егісінің көлемін ұлғайтып, шығымдылығын арттыруға ауданда қажетті шарт бар екенін, бұған дейінгі жетістіктер мүмкіндіктерден әлдеқайда төмен болғанын атап көрсетті. Мол өнім алу үшін күрес кеңестен кейін бұрынғыдан да қыза түсті. Жүгеріні күтіп-баптау қолға алынды. Жүгерінің қатараралығы бірнеше рет өңделіп, арамшөптерден тазартылды. Осының нәтижесінде көп шаруашылықтарда жүгері бітік өсірілді. Жүгерінің бітік өсуі колхозшыларды бұрынғыдан да жігерлендіре түсті. Олар жүгеріні жақсы күтумен бірге, оны жинауға мұқият әзірленді. Алдын-ала жабық қырмандар, жаппалар жасалды. Жолдар, көпірлер жөнделді, колхоз, совхоздардың автомашиналары жүгері тасуға сақадай сай тұрды.

Орақ басталмас бұрын озаттар тәжірибесін үйрену мақсатымен «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозының бір топ жүгерішілері Украина мен Молдавияға жіберілді, бір топ жүгеріші Оңтүстік Қазақстан облысының озат шаруашылықтарында болып өз тәжірибелерін толықтырып қайтты. Сөйтіп, жүгері жинау жақсы әзірлікпен басталды.

Жүгері жинауға қала тұрғындары, кәсіпорын коллективтері, оқушылар белсене ат салысты. Олар колхоз, совхоздарға бірнеше мәрте адам жіберіп отырды және әр жексенбі сайын ұйымдасқан түрде өздері қамқорлыққа алған колхоздарға барып, жүгеріні жинауға көмектесті. Жүгері жинау кезінде аудандық «Социалистік жол» газетінің бетінде жүгерішілердің, жұмысты түгелдей машинамен істейтін звенолардың, жүгері тасушы шоферлар жарысының барысы үздіксіз жазылып тұрды. Ондаған озаттар газетке тәжірибелерін жазды.

Жүгері жинау кезінде аудандық партия комитетінің, Совет атқару комитетінің басшы қызметкерлері, активтер колхоз, совхоздарда жиі-жиі болып, саяси-бұқаралық және ұйымдастырушылық жұмыстар жүргізді. Жүгерішілер арасында толып жатқан саяси баяндама жасап, әңгімелер өткізді, социалистік жарысты ұйымдастыруда бастауыш партия ұйымдарына қолқабыс тигізіп, науқан барысында кездескен кемшіліктерді жоюға көмектесті.

Алдын-ала жүргізілген осындай ұйымдастырушылық істер өзінің жақсы нәтижесін берді. Жүгері жинау көп шаруашылықта қысқа мерзімде аяқталды. Астықтық жүгерінің гектарынан аудан бойынша 30 центнерден, сүрлемдік жүгерінің гектарынан 420 центнерден көкшөп алынды. Егер мемлекетке алдыңғы жылы небәрі 43 мың центнер жүгері тұқымы өткізілген болса, ал өткен жылы 102 мың центнерден астам жүгері тұқымы тапсырылды. 1958 жылы аудан бойынша 38 мың тонна жүгері сүрлемі салынса, өткен жылы 99 500 тонна жүгері сүрлемі салынды. Немесе, әр сиырға он тоннадан, әр мегежінге алты тоннадан сүрлем дайындалды. Осындай жақсы көрсеткішке жеткені үшін ауданға Қазақстан КП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің ауыспалы Қызыл туы берілді.

Жүгерішілердің социалистік жарысында Н. Н. Головацкий жолдас басқарған «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозы алда болды. Бұл колхоз астықтық жүгерінің әр гектарынан орта есеппен 60,5 центнерден, сүрлемдік жүгерінің гектарынан орта есеппен 632 центнерден көк-

шөп алды, колхоз мемлекетке 30 мың центнер будан тұқымын тапсырды. Колхоз бойынша 14 мың тонна сүрлем дайындалды, мұның өзі әр сиырға 14 тоннадан, әр мегежінге 7 тоннадан келді деген сөз. Осы колхоздың Тәлімжанов жолдас басқарған комплексті бригадасы өзіне бекітілген жүгерінің әр гектарынан 64 центнерден өнім алып, жарыс озаты деген құрметті атаққа ие болды. Бригада өткен жылы мемлекетке 18 мың центнер будан тұқымын өткізді. Коммунистер М. Ниязова, М. Сәбитов, Т. Құрманәлиева, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты С. Әміраева жолдастар басқарған звенолар жүгерінің гектарынан 80 — 100 центнерден өнім алып, тамаша табыстарға жетті. Жыл сайын жүгеріден мол өнім алудың арқасында колхоз экономикасы барған сайын көтеріліп келеді. Бұдан бұрын бірер миллион сом ғана табысы бар, кенжелеп қалған бұл шаруашылық кәзір 11 миллион 500 сом табысы бар озық шаруашылыққа айналды. Өткен жылғы колхоз табысының 6 миллион сомы жүгеріден түсті.

Колхозда жемдік жүгерінің көп егіліп, сүрлемнің мол салынуы малдың өсуіне елеулі әсер еткен жағдайдың бірі болып отыр. Колхоз мал шаруашылығын өркендету жөнінде 1959 жылға қабылдаған социалистік міндеттемесін барлық түлік бойынша асыра орындады. Мемлекетке мал өнімдерін тапсыру, сату жөніндегі міндеттемені де орындады. Колхоздың Айдосова, Құдайбергенова сияқты сауыншылары әр сиырдан 3 000 литрден сүт сауды. Колхоз алдыңғы жылмен салыстырғанда мемлекетке 1 758 мың центнер етті артық тапсырды. Кәзір колхоз шаруашылығын шалқытқан колхозшы еңбегі жақсы бағаланып отыр. Колхозға Қазақстан КП Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл туы тапсырылды. Колхоз председателі Н. Головацкий жолдас КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумына шақырылды. Артель шаруашылығын көтере білгені үшін ол Еңбек Қызыл ту орденімен наградталды.

Калинин атындағы колхоз жүгері егуді көптен бері қолға ала алмай келе жатқан колхоздың бірі еді. Осы колхозды басқаруға «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозы партия ұйымының бұрынғы секретары И. Біләлов жолдастың баруы колхоз өндірісін өрге өрлетті. Партиялық жұмыста іскерлікке дағдыланған жана басшы колхозшылармен қоян-қолтық жұмыс істесіп, олармен тіл таба білді, білгенін өзі үйретіп, білмегенін көптен өзі үйрене білді. Колхозшылар дабылына құлақ асып отырды. Көрші колхоз жаңалығын, озат тәжірибесін колдана білді. Бұл колхоз өткен жылы 710 гектар жүгерінің әр гектарынан 50 центнерден өнім алып, мемлекетке жиырма мың центнер сапалы тұқым тапсырды. Колхоздың коммунист Т. Сайдуллаев жолдас басқарған комплексті механикаландырылған звеносы мен колхоз комсомол ұйымының секретары Х. Садриев басқарған звено өздеріне бекітілген жүгерінің әр гектарынан 65 центнерден дән, 600 центнерден көк балауса алды.

Сондай-ақ бұрын жүгері салумен жөнді айналыспаған «Сарыбел» колхозы да өткен жылы бұл дақылдың егіс көлемін екі есе арттыра отырып, әр гектардан 33 центнерден өнім алды. Колхоздың Хизров, Түгелбаев сияқты жүгерішілері әр гектардан 50—60 центнерден дән жинап, колхоз бойынша бұрын-соңды болып көрмеген табысқа жетті.

Өткен жылы аудан бойынша құрылған 51 комплексті механикаландырылған звеноның бәрі де жақсы көрсеткішке жетті. Жүгеріні себу, баптау, жинау сияқты жұмыстардың барлығы техника күшімен атқарылды. Мысалы, 1958 жылы қол күшімен өңделген 100 гектар жерге 40 еңбеккүн жұмсалса, ал өткен жылы техникамен өңделген сондай жерге 26 еңбеккүн жұмсалды.

Жүгерінің экономикалық жағынан қандай дақылдан болса да артықшылығын тәжірибе дәлелдеп отыр. Мысалы, біздің аудан жағда-

ында егу, күтіп-баптау, жинау сияқты барлық жұмысы машина күшімен атқарылатын «ВІР-156» будан тұқымды жүгерінің бір центнерінің құны бидайдың құнымен салыстырғанда төрт еседей артық пайда келтіріп отыр.

Жүгері колхоздардың ақшалай табысының артуына да үлкен әсер етуде. Сондықтан да колхозшы еңбеккүнінің құны да артып отыр. Мысалы, бұрын колхозшылардың әрбір еңбеккүніне 9 сомнан ақша төленсе, өткен жылы әрбір еңбеккүнге 13 сомнан ақша берілді. Егер аудан колхоз, совхоздарының мал шаруашылығы өнімдерін өткен жылы анағұрлым көп өндіріп, мемлекетке ет, сүт, жүн, жұмыртқа тапсыру жоспарын артық орындағанын айтсақ, бұған да жүгерінің көп пайдасы тигенін айқын көреміз. Соңғы жылдарға дейін жемшөппен азықтанған сиырлардан 800 — 1000 литрден артық сүт сауылмай келсе, өткен жылы «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозының сауыншысы Айдосова, Калинин атындағы колхоздың сауыншылары Раева, Сауытова, «Сарыбел» колхозының сауыншысы Аманова сияқты жолдастар жүгері сүрлемімен бағылған сиырлардан 3000 литрге дейін сүт сауды. Өткен жылы мемлекетке сүт 1,5 есе көп өткізілді. Ал, ет 2,5 есе, жүн 1,5 есе артық тапсырылды. «Сарыбел», «Октябрьдің 40 жылдығы» және Калинин атындағы колхоздардың жүгері сүрлемімен бордақылаған шошқалары етке өткізгенде 110 килограмнан тартты.

Өткен жылы аудан бойынша етке өткізілген ірі қараның салмағы 307, қойдың салмағы 51, шошқаның салмағы 90 килограмнан айналды. Ал «Октябрь» совхозында ірі қараның салмағы 350 килограмға, Ленин атындағы колхозда етке өткізген қойдың тірідей салмағы 65 килограмға жетті. Міне, мұның бәрі қай шаруашылықта жүгері сүрлемі көп салынса, сол шаруашылықта ет те, сүт те мол өндірілетінін дәлелдейді.

Жүгері жорығында «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозы партия ұйымының секретары Юлдашев, Калинин атындағы колхоз партия ұйымының секретары Науырызов, «Сарыбел» колхозы партия ұйымының секретары Алжанқұлов жолдастар партиялық-ұйымдастыру, партиялық саяси жұмыстарды жүгеріден мол өнім алу жолындағы міндеттермен ұштастыра жүргізе білді. Бұл колхоздардың партия ұйымдары жүгері туралы мәселені күн тәртібінен әсте түсірген емес. Олар озат тәжірибені кең насихаттап, кездескен кемшіліктерді дер кезінде жоярлық шаралар қолданып отырды. Бұл шаруашылықтарда жүгерішілердің социалистік жарысы кең өрістеді. Жарыстың қорытындысы жиі-жиі шығарылып, ол звено жиналыстарында, қабырға газеті беттерінде, көрсеткіш тақта арқылы жарияланып тұрды. Жарыс озаттарына ақшадай, заттай сыйлық берілді, озаттар тәжірибесі ауыстырылды. Партия ұйымдары жүргізген осындай ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде аудан колхоздары мен совхоздарында жүгеріден мол өнім алынды.

Дегенмен, істің жайы барлық жерде бірдей болған жоқ. Жүгеріден өнім алу жөніндегі көрсеткіш қайсыбір колхоздарда төмен болды. Мұндай шаруашылықтардың қатарына «Красный Восток», Сталин, Киров атындағы колхоздар мен «Басши», Гвардия совхозын қосуға болады. Өзімен іргелес «Октябрьдің 40 жылдығы» және Калинин атындағы колхоз астықтық жүгерінің әр гектарынан 50 — 60,5 центнерден өнім алғанда, Киров атындағы, «Красный Восток» колхоздары жүгерінің әр гектарынан небәрі 14 центнерден ғана өнім алғаны, осы колхоздардың председателдері Удалов пен Титаренко, партия ұйымы секретарьлары Кенжебеков пен Ваитов жолдастардың ұйымдастыру жұмысын нашар жүргізгенін, қолда бар қорлар мен мүмкіндіктерді іске қоса алмағанын, оны дұрыс пайдаланбағанын көрсетеді.

КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының шешімдерін бүкіл совет халқы сияқты біздің аудан еңбекшілері де саяси және өндірістік

өрлеу үстінде қарсы алды. Алға өрлеудің айқын жолын белгілеп берген Пленум шешімдерін талқылау жүгерішілеріміздің еңбектегі жігерін бұрынғыдан гөрі тасыта түсті. Өз мүмкіншіліктерін есептей келіп, аудан жүгерішілері: 1960 жылы жүгерінің көлемін 20 мың гектарға жеткізуге, оның 13 мың гектарына астықтық жүгері егуге, әр гектарынан 40 центнерден дән, сүрлемдік жүгерінің әр гектарынан 500 центнерден көкшөп алуға, сөйтіп, мемлекетке 200 мың центнер тұқым тапсыруға, 145 мың тонна сүрлем салуға уәде етті. Осыған орай аудан бойынша қой-ешкі санын өткен жылмен салыстырғанда 15 процент, ірі қараны 5 процент, жылқыны 6 процент, құсты 30 процент көбейтуге, етті 1,4 есе, жүнді 1,2 есе, жұмыртқаны 1,3 есе артық өндіруге серттесті. Ал, озат шаруашылықтардың межесі бұдан да жоғары.

Аудан шаруашылықтарының қабылдап отырған бұл міндеттемесін орындауға мүмкіндігі толық, күші жеткілікті. Ендігі әңгіме адамдармен жұмыс істесіп, оларды социалистік міндеттемені орындау жолындағы күреске жұмылдыра білуде.

Аудан жүгерішілері тек қана 1960 жылға ұлғайтылған міндеттеме қабылдаумен тынып отырған жоқ. Олар міндеттемені орындауға сай дайындық жұмыстарын да жүргізуде. Жүгері себілетін жердің дені күз айларында жыртылды, суарылды. Кәзір егіс даласына көң төгу жұмыстары қызу жүргізілуде. Олар гектар сайын кемінде 10 — 12 тонна жергілікті тынайтқыштар төгуді көздеп отыр. Көп шаруашылықтардың сортты тұқымы дайын, олар арнаулы қоймаларда сапалы сақталуда.

Кәзір шаруашылықтарда жүгерішілерді қысқа мерзімді курстан өткізу басталды. Бұл курстарды колхоз, совхоздардың жүгері жөніндегі агрономдары басқаруда. Қолда бар техника кәзірдің өзінде жөндеуден өткізілді. Бір айта кететін нәрсе кәзір қолданылып жүрген жүгері комбайндарының оратын тетіктері ойдағыдай емес. Орақ кезінде дәнді жарып рәсуә ететіндіктен мұндай комбайндардың көпшілігі жұмысқа қосылмай қарап тұрады. Осындай комбайндардың тетігін жетілдіру, немесе бұлардан гөрі ыңғайлы комбайндар жасап шығару туралы жүгерішілер дабылынан Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің тиісті заводтар алдына мәселе қойып, дұрыс қорытынды шығаратын мезгілі жетті. Сондай-ақ республиканың Астық өнімдері министрлігінің де аудан орталығында салынып жатқан жүгері сұрыптайтын заводтың құрылысын тез аяқтауға көмектескені жөн болар еді.

КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының шешімдерімен жігерленген Панфилов ауданының жүгерішілері биыл да қажырлылықпен еңбек етіп, жүгеріден көп өнім алатын, сондай-ақ мал шаруашылығы өнімдерін мол өндіретін болады. Бұған аудан еңбекшілерінің кәзіргі өндірістік белсенділігі толық кепіл бола алады. Ауданның бір топ мамандары мен озаттарына Қазақ ССР-нің құрметті атақтарын, республика Жоғарғы Советінің грамоталарын беру туралы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы бізге үлкен міндет артады. Осы міндетке сай болу ардақты борыш.

# Хат және корреспонденция

## Кітап бұқараға көп таратылсын

Коммунистік қоғамның саналы құрылысшыларын тәрбиелеуде, олардың саяси-идеялық және мәдени дәрежесін көтере түсуде кітаптың маңызы зор. Кәзіргі кезде талғамы мен талабы өскен әрбір совет адамының кітапты сүйгендігі соншалық, олардың көпшілігінде дербес кітапхана бар. Кітап оқу халқымыздың күнделікті дағдысына айналды. Сондықтан да кітапты көпшілікке жеткізу ісіне ерекше мән берілуде.

Кітап оқушылардың көптеген талап-тілектерін ескере отырып, облысымыздың партия, совет, кәсіподақ, комсомол ұйымдары соңғы жылдары кітапты насихаттау, оны жұртшылыққа көп тарату ісін мықтап қолға ала бастады. Ең алдымен, кітап насихаттауда бұрын орын алып келген кемшіліктерді ескере отырып, еңбекшілердің өскелең тілегін қанағаттандыру үшін партия мен үкіметтің совет адамдарының рухани азығы—кітапты кең түрде насихаттау, оны әрбір оқушыға жеткізу жөніндегі нұсқауларын басшылыққа алдық.

Жасыратыны жоқ, біздің облыста мәдени-ағарту мекемелерімен бірге жергілікті жерлердегі кітап саудасының бөлімшелері жұмысында біраз уақытқа шейін кітап сатуды ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер орын алып келді. Кітап саудасы бөлімшелері мен тұтынушылар одағының жүйесіндегі дүкендердің жұмысы облыс жұртшылығының талабына сай болмады. Әсіресе, селолық жерлерде кітап саудасы ойдағыдай жүргізілмеді. Қайсыбір колхоздарда егіншілер мен малшыларға түрлі көркем әдебиет шығармаларымен қатар ауыл шаруашылығы кітаптары дер кезінде жеткізілмеді.

Мұндай жағдай жергілікті партия, совет, кәсіподақ ұйымдарының назарын аудармай қоймады. Бұл ұйымдар жұртшылыққа кітапты көп тарату ісіне қолма-қол көмектесе бастады. Ең алдымен облыстық кітап саудасы бөлімшесі мен тұтынушылар одағының кітаппен сауда жасайтын дүкендерінің саны көбейтілді. Еңбекшілер арасында кітап таратуға бүкіл облыс интеллигенциясы болып белсене ат салысты. Аудандық комсомол комитеттері ұйымдастырған кітап тасып сатушылар жүздеген мың сомның кітаптарын шалғайдағы мал жайылымдары мен егіс қостарына жеткізді. Мысалы, Арал аудандық комсомол комитеті өткен жылы 131 мың сомның, Қазалы аудандық комсомол комитеті 82 мың сомның, Сырдария аудандық комсомол комитеті 72 мың сомның кітабын сатты. Сондай-ақ облыс жастары мен комсомолдары арнайы кітап сататын дүкендерді былай қойғанда, көпшілік және қоғамдық ұйымдарға апарып 198,5 мың сомның кітабын таратты. Қала тұрғындары арасында кітап тарату ісінде, әсіресе Педучилище, «1 май», Ворошилов атындағы орта мектептердің және кондукторлар резервінің комсомол ұйымдары ерекше көзге түсті. Мұндай игі бастаманы басқа да аудан жастары кеңінен қолдап отыр.

Кәзір облыста тұтынушылар одағының жүйесі бойынша 145 дүкен кітап саудасын жүргізеді. Олардың ішінде 8 арнаулы дүкен, 8 мәдени товарлар дүкені, 6 кітап киоскісі бар, 123 дүкеннің жанынан кітап сататын арнаулы бөлімдер ұйымдастырылған. Ал Арал, Шиелі, Жаңақорған

сияқты аудандарда арнаулы кітап дүкендері сатушысыз жұмыс істейді. Облыстың алыстағы малшылары арасында кітап саудасын үзбей жүргізу үшін 4 автомашина бөлінді.

Өткен жылы тұңғыш рет Қызылорда қаласында, Шиелі ауданында сатушысыз дүкендер ашылған еді. Бұл дүкендер кітап сатуға қолайлы. Сөреде тұрған кітаптарды келушілер еркін көріп, асықпай тындап алады және уақытын үнемдейді. Соның арқасында Шиелідегі дүкенде бір жарым ай ішінде 28 мың сомның кітаптары сатылды. Бұрын айына 5 мың сомдық қана сауда жасалатын. Қаладағы дүкен арқылы ғылыми-техникалық кітаптар бұрынғыдан 2 — 3 есе артық сатылды.

Біздің облыс көлемінде кітап таратуды ұйымдастырудың соңғы жылдары істелген шаралары «кітап өтпейді» деген сылтаудың бекер екенін дәлелдеді. Шынтуайтқа келгенде кітап өтпейді емес, ол оқушысына жетпейді. Ал кітапты таратуға шын жаны ашыған жерде оның ең өтімді дүние екенін көріп жүрміз. Кітапты насихаттаудың барынша пәрменді әдісін қолдануда біздің облыс кітап таратушыларының біраз тәжірибесі бар.

Өткен жылы баспадан шығып, облыс кітап саудасы бөлімшелеріне түскен кітаптарды қалың жұртшылыққа хабарлау мақсатымен үш рет плакат шығаруды ұйымдастырдық. Сондай-ақ облыстық газеттер мен радио арқылы жаңа кітаптарға шолуды жиі беріп отырдық. Мұның өзі жаңа шыққан әдебиеттерді оқушылардың іздеп табуына үлкен себепкер болды. Сол сияқты кітапты көпшілікке көп таратуда жайма кітап базарын ұйымдастыру жақсы әдіс болды. Өткен жылы осындай жайма кітап базарын бірнеше рет өткізгенде 215 мың сомның кітабы сатылды. Сол сықылды облыс көлемінде техникалық әдебиетті сатудың онкүндігі мен кітапты жаздырып алушылардың айлығы өткізілді. Міне осындай онкүндік пен айлық кезінде кітап бұрынғыға қарағанда екі есе артық сатылды. Осындай ұйымдастыру жұмыстарының нәтижесінде жалпы кітап саудасының жоспары 1956 жылға қарағанда 250 мың сомға артық орындалды.

Сол сықылды өткен жылы облыстық тұтынушылар одағы бойынша да бірнеше рет кітап сатудың айлығы ұйымдастырылды. Сондай-ақ совхоз жұмысшылары мен колхозшыларға, ауыл шаруашылығының мамандарына арналған 900 шағын кітапхана құрастырылып, ауылдық жерлерге жіберілді. Кәзір осындай шағын кітапхананы жасақтауды сұраушылардың саны көбейіп отыр.

Кітап сату ісін еңбекшілердің өскелең талабына сай ұйымдастыруда жұртшылыққа мәдениетті қызмет көрсетудің орны айрықша. Ал, біздің облыста кітап сату ісін үлгілі ұйымдастырып, көпшіліктің құрметіне бөленген мәдениетті, білімді сатушылар көптеп саналады. Мысалы, Жаңақорған ауданының орталығындағы кітап дүкенінің сатушысы В. Ким, Қармақшы ауданындағы кітап дүкенінің сатушысы Б. Оңалбаева, Қызылорда қаласындағы № 1 орталық магазиннің сатушысы М. Нұрмағамбетова, Арал ауданындағы кітап дүкенінің сатушысы Нүрекешев сияқты жолдастар кітапқұмар оқушылардың құрметіне бөленіп отыр. Олар әрдайым кітап дүкеніне келгендерге жаңадан қандай кітап түскенін айтып, қайсы біреулеріне ол кітаптардың қызықтыларын сатып алуға ұсынып отырса, ал баз біреулеріне кітап таңдауға көмектеседі. Өз ісіне ұқыпты, байыпты қарайтын осы қарапайым сатушыларды оқушы жұртшылық қадір тұтады.

Алайда, кітап сатуда кемшіліктер де жоқ емес. Көптеген жаңа кітап қоймаларда жатып қалады. Бірсыпыра сатушылардың білім дәрежесі әлі де төмен. Көптеген дүкендердің үйлері кітап ұстауға сай емес.

Облысымызда кітап насихаттау ісіне кітапханалар мен оқу үйлері де көмектесіп келеді. Олар жалпы жұртшылыққа қажетті көркем әде-

биет, ғылыми, техникалық, ауылшаруашылық кітаптарын қалай пайдалануды кеңінен түсіндіретін болды. Әсіресе соңғы уақытта кітапхана қызметкерлері өз жұмыстарын оқушылардың кітапқа деген ынтасын арттыруға, жұмысшылар мен колхозшыларға, интеллигенцияға өздерінің эстетикалық талғамын жетілдіре түсуге, олардың дербес кітапханаларын іріктеуіне жәрдемдесті.

Жылма-жыл облыстағы кітапханалардың кітап қоры да көбейіп келеді. Өткен жылы Мәдениет министрлігі жүйесіне қарайтын кітапханалар мен мәдениет үйлерінде кітап қорының мөлшері 50 мыңға дейін көбейді, ал оқушылар саны 39 мыңнан асты. Былтыр облыс кітапханаларында 103 мәрте сұрақ-жауап кештері мен кітап оқушылар конференциясы өткізілді, сондай-ақ 418 рет жаңа кітаптарға шолу ұйымдастырылып, 1500 кітап көрмесі жасалды. Оқушылар конференциясы мен әдеби кештерді өткізуге ауыл-село интеллигенциясымен қоса жұмысшылар мен колхозшылар да кеңінен қатыстырылды. Мұның барлығы еңбекшілер арасында кітапты насихаттаудың тиімді әдісі болды.

Кітапхана — кітап насихаттаудың орталығы болумен қатар көпшілік арасында мәдени жұмыс жүргізудің де маңызды ошағы. Ал, кітапханашы сол жұмыстардың жігерлі ұйымдастырушысы, тәжірибелі үгітшісі болуы шарт. Міне бұл жай, кәзіргі кездегі кітапхана меңгерушілеріне жүктелетін міндеттер жайы 1959 жылдың декабрь айында болып өткен облыстық кітапхана қызметкерлерінің кеңесінде жақсы айтылды.

Кеңесте Қазақ ССР-інің Мәдениет министрі Ә. Қанапин жолдас «КПСС Орталық Комитетінің елімізде кітапхана жұмысының жайы, оны жақсартудың шаралары және облыс кітапхана қызметкерлерінің міндеттері туралы» баяндама жасады. Баяндамашы бұрын тек қана екі-ақ кітапханасы болған облыстың, совет өкіметі жылдары 400 кітапханасы бар, талап-тілегі өскен көп оқушысы бар облысқа айналғанын айта келіп, еңбекшілердің рухани тілегін қанағаттандырып отырудың қажеттілігін көрсетті. Кеңеске қатысушылар бүгінгі таңда коммунизм құрылысшыларына мәдени қызмет көрсетудің жанжақты маңыздылығын ортаға салысты. Кеңеске қатысушылар жиын соңында облыстың барлық кітапханашыларына арнап үндеу қабылдады. Онда мынадай деп атап көрсетілді.

«Қалалық, аудандық және балалар кітапханасының әрқайсысында да мыңнан кем оқушы болмауын, оларда 20 мыңдай кітап берілуін, ал ауылдық кітапханаларда 500-ден кем оқушы болмауын, мыңдай кітап берілуін қамтамасыз етуге жетеміз. Аудандық кітапханаларда жылына алты рет оқушылар конференциясын, төрт рет әдебиет кешін, ал аудандық кітапханаларда онбір рет конференция, екі рет әдебиет кешін өткізіп тұруға міндеттенеміз».

Кітапхана жұмысын оқушылар тілегіне сай ұйымдастырып, жаңа кітаптарды егінші мен малшыға, жұмысшы мен механизаторға жеткізуде үлгі көрсетіп келе жатқан кітапхана, мәдениет үйлері қызметкерлері бізде аз емес. Мысалы, Қармақшы ауданындағы Дауылкөл ауылдық советіне қарасты селолық кітапхананың меңгерушісі партия мүшесі Есмаханова, Жаңақорған ауданындағы Төменарық кітапханасының меңгерушісі Т. Қим, Сырдария ауданындағы Жамбыл атындағы колхоз кітапханасының меңгерушісі Жүсіпәлиева, Жалағаш ауданындағы Сталин атындағы колхоздың кітапханашысы С. Ақдәулетова, Сырдария аудандық кітапханасының меңгерушісі Р. Воронникова жолдастардың жұмыс тәжірибесі облысымыздағы мәдени мекемелердің қызметкерлеріне үлгі ретінде таратылып отыр. Бұл жолдастар үнемі дала қостарындағы егіншілер арасында, мал отарларындағы малшылар ортасында жиі болады, оқу үшін кітап таратумен қатар, жаңа шыққан кітаптар жайында әңгіме айтып, олардың оқыған кітаптарынан алған әсерлерін

тындап, пікір алысып отырады. Сондай-ақ оқушыларды қазақ әдебиетінің соны туындыларымен таныстырып, сол кітаптарды сатып алуға кеңес береді.

Бұл жолдастар басқарған кітапханалар саяси және мәдени жұмыстың орталығына айналған. Кітапханалар жанында тұрақты советтер бар. Олардың мүшелері жоспар жасасып, оның тиісінше орындалуын бақылап отырады. Бұл кітапханаларда жиі-жиі кітап оқушылармен әңгімелер өткізіліп, баяндама, лекциялар ұйымдастырылып тұрады. Бұған мұғалімдер, ауыл шаруашылығының мамандары, дәрігерлер кеңінен қатыстырылады.

Кәзіргі кезде облыс кітапханашылары арасында Сырдария ауданының орталық кітапханасы бастаған жақсы бастама кең қолдау тауып отыр. Тәжірибелі маман Воротникова жолдас басқарған бұл кітапхананың қызметкерлері селолық жерлердегі кітапханашылармен үнемі байланыс жасап, оларға қамқорлық көрсетіп, үзбей семинар өткізіп тұрады. Сондай-ақ, бұл кітапхана облыс көлемінде бірінші болып, оқушылар жұртшылығын неғұрлым көп қамту ниетімен кітап берудің жаңа әдісін қолдана бастады. Мұнда оқушыға кітапты кітапханашы қолынан бермейді, оның өзі емін-еркін аралап жүріп қалаған кітабын таңдап алады.

Қызылорда қаласындағы облыстық кітапхана жұмысының да үлгі тұтарлық жақсы тәжірибелері бар. Мұнда менгеруші болып арнаулы мамандығы бар К. Мочалова жолдас істейді. Кітапхана қызметкерлері сұрақ-жауап, әдеби-музыка кештерін, кітап оқушылар конференциясын жиі-жиі өткізіп тұрады. Сондай-ақ оқу залында кітапханаға келген жаңа әдебиеттердің тізімі көрнекті жерге ілулі болады. Кітап көрмелері, фотомонтаждар жасалып, каталогтар уақытылы толықтырылып отырады. Кітапхана қызметкерлері қаладағы өнеркәсіп орындарына, жеке үйлерге барып жұмысшыларға, тұрғындарға кітап таратып тұрады. Кітап оқушыларының тағы не оқығысы келетінін біліп, келесі жолы сол кітаптарды әкеліп береді. Сондай-ақ кітапхана қызметкерлері аяқ киім фабрикасында, былғары заводында, локомотив депосында болып, жұмысшылармен пікір алысқаннан кейін, олар қалаған жаңа кітаптардың кітапханаға алынуын қадағалайды.

Облыс еңбекшілері арасында кітапты насихаттау ісімен 4 қалалық, 108 селолық, 16 аудандық және облыстық кітапхана, сондай-ақ 54 оқу үйі, 21 қызыл отау, 10 автоклуб пен өнеркәсіп орындарының жанындағы кітапханалар, қызыл мүйістер айналысады. Өткен жазда облыстық кітапхана «Шопандарға мына кітапты оқу пайдалы», «Қоян өсірушілерге көмекші кітаптар» деген атпен суретті листовкалар басып шығарды, ал тұтынушылар одағы мен облыстық кітап саудасы бөлімшесінің библиоколлекторы жұмысшыларға, колхозшыларға арнап шағын кітапханалар ұйымдастырды. Міне, мұның барлығы кітап оқушылардың жаңа шыққан кітаптарды дер кезінде естіп, біліп отыруына, оларды кейін сатып алуына үлкен себін тигізуде.

Облыс көлемінде өздерінің дербес кітапханалары бар колхозшылар мен жұмысшылар, қызметкерлер көп. Мысалы, Қызылорда қаласындағы локомотив депосының партия ұйымы секретары Шулятицкий, милиция қызметкері Көшеров, Сырдария ауданындағы Сталин атындағы колхоздың мүшесі А. Жүсіпов, Абай атындағы колхоздың мұғалімі П. Сұлтанов жолдастардың кітапханаларында мыңдаған сомның саяси, техникалық, педагогикалық кітаптары, марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері, орыс, қазақ жазушыларының шығармалары бар. Бірақ, өкінішке қарай, кәзіргі кезде мүмкіндіктер мол бола тұрса да, біраз адамдар өздерінің дербес кітапханасын ұйымдастыруды күнттай алмай жүр. Біз келешекте облыс еңбекшілерінің дербес кітапханасының көбеюіне барынша көмектесуді мақсат етіп отырмыз.



Өткен жылы КПСС Орталық Комитеті еліміздегі кітапхана жұмысының жағдайы және оны жақсартудың шаралары туралы қаулы қабылдады. Бұл маңызды қаулыда еңбекшілердің талап-тілегін өтеудегі, кітапты тарату, насихаттау ісіндегі кемшіліктер атап көрсетіліп, оны жою мен жақсартудың жолдары белгіленген болатын. Осыған орай біздің облыста кітап сату ісін жолға қоюда, кітапхана жұмысын еңбекшілердің өскелең талабына сай ұйымдастыруда әлі де болса орын алып отырған кемшіліктерді жоюға мәдени мекемелер мен кітап саудасы қызметкерлеріне жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдарының іскер басшылығы, нақты көмегі қажет.

С. СӘРСЕНБАЕВ,

ҚКП Қызылорда облыстық комитетінің  
насихат және үгіт бөлімінің  
менгерушісі.

## Тоқмейілсуге жөн жоқ

Қарағанды Халық шаруашылығы советіне қарасты химия және металлургия өнеркәсібі кәсіпорындарында техникалық прогресс мәселесі жөнінде үлкен-үлкен жұмыс жүргізіліп келеді. КПСС Орталық Комитеті май Пленумының химия өнеркәсібін жедел өркендету жөніндегі шешіміне сәйкес Қарағанды жасанды каучук зауытында жетіжылдық тапсырманы мерзімінен бұрын орындауға бағытталған шаралар белгіленді. Бұған өндірісті автоматтандыру және механикаландыру, қосымша жабдықтар орнату есебінен, қолдағы жабдықтарды неғұрлым қуатты жабдықтарға ауыстыру, жеке тораптарды және бүтіндей агрегаттарды қайта құру, цехтарда еңбек ету жағдайын жақсарту есебінен өндіріс алаңын кеңітпей-ақ өнімді бұрынғыдан көп шығару шарасы қосылады. Өткен жылдың тек он айы ішінде белгіленген шаралардың 15-і іске асырылды: мұның өзі 2 826 мың сом мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіндік берді.

Партияның Орталық Комитетінің июнь Пленумынан кейін тағы да қосымша шаралар белгіленді. Бұл шаралар негізінен өндіріске жаңа техниканы, неғұрлым жетілдірілген технологияны енгізуге бағытталды. Соңғы кезде қосымша шаралардың бірқатары іске асырылды. Мәселен, июнь Пленумынан кейін завод бұрынғы бір пештің үстіне тағы да үш пештің қуатын арттырды. Сондай-ақ сірке қышқылын өндіру жөніндегі қосымша шара бойынша V — I цехының бір қышқылдандырғышының қуатын арттыру нәтижесінде аппараттың жұмыс өнімділігі 10—15 процент ұлғайды. Осы цехтың ректификациялық колоннасы қайта құрылды. Мұның пайдасы үлкен болды. Колонналардың жұмыс өнімділігі 50 процент артты. В-20 цехының кәзіргі жағдайында коксты кептіру әдісі енгізіліп, жете меңгерілді. Бұл карбид пештерінің құрғақ кокспен жұмыс істеуін толық қамтамасыз етумен бірге 200 мың сомдай ақша үнемдеуге жағдай жасады. Сірке қышқылын өндіруде оттегін алуға арналған қосымша ауа компрессоры іске қосылды.

Қарағандыдағы жасанды каучук зауытында белгіленген шараларды орындау өнімді бұрынғыдан көп шығару, күрделі қаржыны үнемдеу мақсатын көздейді. Бұлардың ішіндегі маңыздысы — 32 және 40 МГВА трансформаторларын ауыстыру арқылы карбид пештерін қайта құру. Мұның өзі пештің қуатын 40 процент арттырады. Жаңа құрылыс салмай-ақ кәзіргі қолда бар алаңға қосымша жабдықтар орнату, қышқылдандырғыш ректификациялық колонналарды қайта құру, өндірісті автоматтандыру және күшейту есебінен сірке қышқылы жобадағыдан 30—35 процент артық шығарылмақ.

Қазақ металлургия зауында өндірісті ұлғайтудың бұрын жетіжылдық жоспарда белгіленген дәрежесіне 1962 жылы-ақ жету мақсаты көзделіп отыр. Бұл үшін кәзір зауыттың мартен пеші 66 метрге ұзартылып жатыр. Пеш қайта жөнделіп, іске қосылғаннан кейін жұмысшылардың жұмыс істеу жағдайы жақсарады, жылына мындаған тонна болат жоспардағыдан артық шығарылатын болады.

Кәзіргі уақытта зауыттың прокат стандарына керекті металдың бірқатары басқа экономикалық аудандардан әкелінеді. Міне осы жағдайды ескере отырып, биыл 4-ші мартен пеші салына бастайды. Пеш пайдаланылуға берісімен стандар металмен жеткілікті қамтамасыз етіледі.

Кәзір болатты үздіксіз құятын қондырғының жобасы жасалып жатыр. Қондырғы іске қосылғаннан кейін мартен және прокат цехтарында жарамды металл 3 процент көбейеді. Тек осының бір өзінен ғана жылына 7,5 миллион сом қаржы үнемделеді. Биыл қыздыру пештерінде көмірдің орнына мазут жарылатын болады. Міне осының бәрі ауыр қол еңбегін жойып, ондаған жұмысшыны басқа жұмысқа ауыстыруға жағдай жасайды.

1961 жылдан бастап мартен және қыздыру пештері суды әбден ысытып, буға айналдыру арқылы суыту тәсіліне көшіріледі.

Рудниктерде де едәуір жұмыс істелді. Атасудағы темір рудасын шығаратын рудникте экскаваторлардың саны көбейтілді, ұсату-сорттау фабрикасы пайдаланылуға берілді. Рудниктегі жұмыстардың бәрі механикаландырылды. Жезді марганец руднигіндегі тазалау, аршу жұмыстарында бұрынғы скреперлерден анағұрлым қуатты ЛУ-16 скрепер лебедкалары қолданыла бастады, проходкалау жұмыстарында жана ЭПМ-І жыныс тиейтін машиналар толық меңгерілді.

Техникалық жаңалықтарды кәдеге жарату арқасында өнім бұрнағы жылдағыдан едәуір көп шығарылды. Қарағанды жасанды каучук зауытының коллективі жүздеген тонна сірке қышқылы мен ацетальдегидті жоспардан тыс шығарды. Қазақ металлургия зауытының металлургиялары мындаған тонна болат пен прокатты тапсырмадағыдан артық шығарды. Атасу, Жезді рудниктерінің кеншілері де өз міндетін ойдағыдай орындады.

Қарағанды Халық шаруашылығы советінің металлургиялары мен химиктері техниканы ілгері дамыту жолында қол жеткен табысқа тоқмай-ілісімей, жетіжылдық жоспар бойынша өздеріне жүктелген міндетті мерзімінен бұрын орындауға лайықты үлес қосады.

**Н. ЕШМҰҚАМБЕТОВ**

# Ғылыми-атеизм тақырыбына

## Ғылым және дін «жан» туралы не дейді?

«Шеше (немесе әке), жасыңыз бірсыпыраға келді, қарт кісіні аштық, әсіресе күн ысыда шөл өте меңдетіп тастайды, осы оразаны ұстамай-ақ қойсаңыз қайтер еді» — деп аяныш сөз айтсаңыз, үлкен кісілер: «Бәрі шыбын жанның қамы ғой, шырағым. Кәзір бейнеттенгеніммен, бейште жаным мәңгі рахатқа бөленеді» — деп жауап береді. Діншіл кісілер әлі күнге дейін дүниедегі тірі адам мен хайуанаттардың жаны бар деп түсінеді. Хайуанаттар өлсе жаны қоса өледі, адам өлсе жаны тәнінен бөлініп, дүниеде істеген әрекетіне қарай не жұмаққа барады, немесе тозаққа түседі, әйтеуір жан мәңгі өлмейді деп ойлайды.

Діни көзқарас адамның тәні және жаны болады деп, тән өледі де, жан өлмейді деп бір кісіні екіге ажыратып бөлетіні сияқты дүниені де екіге бөледі. Біреуі адам аз өмір сүретін осы дүние, екіншісі адам өлгеннен кейін жаны мәңгі жасайтын ол дүние (ақырет) деп уағыздайды.

Жан мәңгілік деген ұғым — қай діннің болса да үлкен құралы. Егер діннің, шарияттың айтқанын орындамасаң, өлгеннен кейін жаның тозақта отқа жанып, сұрапыл азап шегеді-міс деп молдалар, раввиндер, пресвитерлер мен поптар жан дегеннің өзі не екенін білмейтін анайы діншіл жұртты қорқытып келеді. Оларды ықпалына көндіріп, айтқанын істетуге тырысады.

Ендеше діннің шырмауынан құтылу үшін «жан» туралы түсінігіміз болу керек. Ең алдымен «жан» деген ұғым қашаннан бері және қалайша пайда болған деген сұраққа тоқталайық.

«Жан» деген сөз араб сөзі. Бұл сөз және осыған байланысты белгілі ұғым қазақ арасына арабтардың ислам дінімен бірге тарады. Жан мәңгі, ол адам өлгенде денесінен бөлініп шығып, не тозаққа немесе жұмаққа барады деп уағыздайтын да ислам діні. Ислам дінінен көп бұрын шыққан христиан діні, ал онан бұрын пайда болған яһуди (иудаизм) діні де осылай дейді. Себебі, бұл діндердің түп негізі бір. Олардың негізі атам замандағы адамдардың түрлі жануарға табыну (тотемизм) және түрлі затқа табыну (фетишизм) сенімінде жатыр. Осы сенімдер арқылы атам заманғы анайы адамдар арасында бір қасиетті күш, яғни «рух», «жан» болу керек деген сенім пайда болды. Тіпті кәзіргі заманның өзінде капитализмнің отаршылдық саясатының кесірінен қоғамдық даму дәрежесі мүлде кенже қалған және осы кездегі үлкен діндерден хабары жоқ Африкадағы бұшмендер, Малакка түбегінің батпақты өлкелерінде тұратын семангилер арасында да жан бар деген сенім бар. Жан бар деп сенушілік бір сөзбен анимизм деп аталады. Үлкен діндер пайда болған кезде дін иелері тез жұртқа ықпал жасау мақсатымен осы көп тараған анимизмдік көзқарасты — соқыр сенімді қабылдады, оны дін тарату құралы етті.

Адам баласы өзінің алғашқы дәуірінде табиғат құбылыстарын түсіне алмады, оның себебін ашуға білімі жетпеді. Айталық, түс көру, ұйықтау, талып қалу, өлу дегеннің не екенін ұғына алмады. Кейбір

адамның психикасы зақым болып, нерв жүйесі бұзылғанда елес көруі (галлюцинация), мысалы, жалғыз оңаша отырғанда қасында біреу бар сияқты көрінуі, біреу сөйлегендей болатыны, «қорыққанда қос көрінуі» де түсініксіз болды. Ал адамның түсінде бармайтын жері, істемейтін ісі болмайды, құс сияқты ұшады да, балықтай жүзеді де, алыстағы адамдармен, тіпті бұрын қайтыс болған кісілермен де кездесіп, сөйлесіп жүреді. Өзіне ұғымсыз осындай құбылыстарды ертедегі адамдар кісіге келіп-кетіп жүретін, кіріп-шығып жүретін дененің қосарының қылығы деп түсінеді. Бертін келе ол қосаққа бәзбаяғы «жан» деген ұғым береді.

Ертедегі адамдардың әртүрлі діншілдік көзқарасын құрастырған яһуди дін кітабы таураттың (библияның) айтуы бойынша: әрбір діншіл кісі ұйықтап жатқан уақытта кетіп қалған жанын кеудесіне қайтарғаны үшін таңертеңгі намаздан кейін құдайға дұға оқып, алғыс айтуы керек. Тауратпен тектес ислам дінінің құраны, христиан дінінің інжілі (евангелие) де осылай дейді.

Ертедегі адамдар жан да өледі деп есептеген. Сол сияқты таураттың (библияның) өзінде де, голланд философы және атеисі Уриэль Дакостаның айтуынша, жан өлмейді деген сөз кездеспейді. Христиан дінінің ең алғашқы жазылған «Апокалипсис» кітабында күнәлілерге «сұрапыл үкім» (страшный суд) ету үшін құдай маһшар күні өліктерді тірілтіп алады, ал үкім біткен соң олар қайта өледі-міс.

Сөйтіп, ертедегі діни көзқарастың өзі де жан өледі деп есептегенін көреміз. Жан өлмейді, жан, рух мәңгілік, бұл дүние, ол дүние, жұмақ, тамұқ деген ұғымды дін иелері кейін ойлап шығарған.

Діннің уағызы, діншілдердің ұғымы бойынша тіршілікте адамды қимылдатып тұрған дене емес жан; ұғып тұрған, біліп тұрған дене емес жан. Қолына шөгір енсе ауырады, өйткені сол жердің жаны бар, ауырмас еді, егер саусақтың сол жерінің жаны болмаса дейді (оны сол жердегі нервтердің сезімталдық қасиеті,—деп ұғынбайды). Құлағы естімейді, жаны кеткен дейді, есту жүйесі мен нервтері зақым болған деп білмейді.

Түрлі табиғи себептерден миы зақым болып ауырған адамды «есі кеткен», «есі ауысқан», «жарым ес», «есі кіресілі-шығасылы» болған деп айтады. Тегі «жан» деген араб сөзін қабылдамас бұрын ертедегі қазақтар дененің иесі (есі) болады, ол кіріп-шығып жүреді, деп ұғынған тәрізді.

Адамның тіршілігі, оның организмінің тіршілік ету тәсілі дүниедегі барша тірі табиғаттың тіршілігімен тектес екенін, ал адамның ақыл, ойы дамудың ең жоғарғы сатысына жеткен миының ісі екенін ғылым әлдеқашан дәлелдеді. Тіршілікте организм мен оны қоршаған орталықтың арасында тоқтаусыз зат алмасуы болады. Өзіне қажетті орталықсыз организм тіршілік ете алмайды. Яғни тірі адам, айталық, қоректенбей, тыныс алып, ауа жұтпай тұра алмайды. Тіршілік дегеніміз, Энгельс айтқандай, белокты денелердің тіршілік ету тәсілі. Оның мәнісі зат алмасу нәтижесінде организмнің химиялық құрамы ылғи құралу (ассимиляция) және ыдырау (диссимиляция) құбылыстары арқылы үнемі жаңғырып тұрады; организмде белгілі клеткалар ыдырап, тіршілік қуатына айналып жатса, сонша клеткалар жаңадан құралып, пайда болып, орнын толтырып жатады. Былайша айтқанда, бірсыпыра клеткалар өліп жатса, оның орнына зат айырбасы арқылы сонша клетка жаңадан пайда болып, қосылып жатады.

«Тіршілік ету дегеніміз өлу». Бірқабат осыны ұғынған адамға жан өлмейді деген ұғым бос сөз болып шықпақ,—дейді Энгельс. Ал діни тіршілік болған жерде өлім жоқ, өлім барда тіршілік жоқ дейді.

Осы діни көзқарастың бекер екенін ғылым дәлелдеп отыр. Мысалдар келтірейік. Адамның терісінің ең сыртқы қабаты өлі клеткалар

дан құралған. Ол дененің жамылғысы тәрізді. Онсыз тәнде өмір де жоқ. Жуынғанда, шомылғанда, былай да ол түлеп, астындағы тірі клеткалар есебінен үнемі жаңғырып тұрады. Демек адамның тіршілігі тері клеткаларының өлуімен байланысты. Тағы бір мысал. Қанның қызыл түйіршік деп аталатын клеткаларынсыз адам өмір сүре алмайтыны белгілі. Қызыл түйіршіктердің атқаратын қызметі—өкпе арқылы ауадан оттегін сіңіріп алып, оны қан тамырлары арқылы адам денесінің барлық клеткаларына жеткізіп тұру.

Бұл қызметін атқарумен байланысты бір тәуліктің ішінде 300 — 350 миллиард қызыл түйіршік жойылып отырады, ал бір адамның қанында 25 триллион қызыл түйіршік болады. Қанның құрамындағы қызыл түйіршіктер саны дені сау адамда тұрақты болатынын еске алсақ, қанда қанша қызыл түйіршік өлсе, сонша қызыл түйіршік жаңадан пайда болатынын көреміз. Қызыл түйіршіктер адам сүйектерінің қызыл кемігінде және басқа жердегі ядролы клеткалардың бөлінуі нәтижесінде пайда болады. Сонымен адамның денесінде секунд сайын миллиондаған клетка өліп, миллиондаған клетка жаңадан пайда болып жататынын көреміз. (Адам қанындағы әрбір қызыл түйіршік 120 күндей тіршілік етеді. Одан кейін өліп, орнына жаңа түйіршіктер пайда болады). Мұнсыз тіршілік жоқ. Осы қанда үнемі қатар өтіп жататын өлім мен өнім процесі тіршілік шарты, зат айырбасының көрінісі. Ал зат айырбасы тоқтаса, бүкіл тірі организм өледі.

Өлімді дін қалай түсіндіреді? Діннің айтуынша: өлім деген өте тез келеді, ажалың жеткен күні (қай күні, қай мерзімде екені жазмышта жазылып қойған, ол тек бір құдайға мәлім) әзірейіл періште келеді де, жаныңды алып ұшады. Жаның, жоғарыда айтқандай, не жұмаққа не тозаққа барады-мыс. Ал бос қалған дене топыраққа айналады.

Осы дұрыс па? Жоқ. Өлім ең алдымен ақырын, баяу, бірте-бірте болатын процесс. Түрлі жағдайлар себебінен зат алмасу процесі бұзылып, тоқтаса тіршілік те біртіндеп тоқтайды, организм өледі. Былайша айтқанда, тыныс алу, жүрек соғып қан жүру тоқталса, зат алмасу процесі тоқтайды, осының нәтижесінен барып, алдымен тіршілікке ең қажетті орган мый өледі. Мый клеткалары оттегі жетіспегендіктен, тыныс алу мен жүрек соғу тоқталғаннан кейін 5—6, ең ұзақ болғанда 7 минуттан соң өледі, яғни клеткалары бұзылып, басқа заттарға айнала бастайды.

Ғылымның анықтауы бойынша тіршілік қасиетін көпке дейін жоймайтын ағза бүлінбеген жүрек. Өлген баланың жүрегін тарихта бірінші рет 1903 жылы 3 августта қайта тірілген ғалым Томск университетінің профессоры А. А. Кулебяко. Ол 19 сағат 30 минут бұрын қайтыс болған баланың жүрегін денеден бөліп алып, адамның температурасындай жылылықта, адам қанына ұқсас құрамы бар сұйық зат жіберіп, яғни жүрекке тірі адамның тәнінде болатын жағдайды жасағанда, жаңағы өлген баланың жүрегі тіріліп, 24 сағат бойы соғып жатқан.

Жақында совет ғалымы А. В. Андреев те өлгеніне 3—4 күн болған баланың жүрегін қайта соқтырды. Ғылыми тәжірибе ретінде өлген адамның саусағына тірідегісіне ұқсас жағдай жасағанда саусақта тіршілік қасиеті пайда болған: тырнағы өскен, терлеген де. Сол сияқты бауыр өт шығарған.

Бұл мысалдар өлім барлық денеде бір мезетте емес, ең алдымен мый клеткалары өліп, адамның сана-сезімі сөнетінін, сонан кейін барып, дененің басқа мүшелеріндегі клеткалары бірте-бірте тіршілігін тоқтататынын көрсетеді. Діннің жан біреу, өлгенде ол денеден суырылып тез шығып кетеді дегені, — бекер. Діннің айтқаны рас болса, «жаны кетіп», өлген адамның жүрегін денесінен бөліп алып, қолдан жағдай туғызғанда неге соқты (тірілді). Суға кетіп, жаңа ғана өлген, тынысы,

жүрек соғуы тоқтаған адамды тез қолдан тыныс алдырып, жүрек соғуын қалпына келтірсен тіріледі. Ал қолдан тыныс алдырмай құдайға жалбарынып отыра берсең, құрмандық шалсаң да тірілмес еді. Совет ғалымы В. П. Филатов өлген адамның көз қабығын көзі көрмей қалған мыңдаған тірі адамның көзіне егіп, көретін етті. Сонда өлген адамның «жаны кеткен» көзіне жан бітірген құдай деп кім айта алады? Соңырақ совет ғалымы П. И. Андросов қайтыс болған кісінің ірі қантамыр жүйесін тамыры жаракаттанған талай адамға жалғап, өмірін сақтап қалғаны да белгілі.

Ғылымның зерттеуі бойынша жүрек соғу, тыныс алу тоқтағаннан кейін 5—7 минут өткен соң мый клеткалары оттегі жетіспегендіктен бұзыла бастайды дедік. Адамның тіршілігінің барлық жағын басқаратын мыйдың клеткалары бұзылса, әрине, ол адамның жүрегін соқтырғанмен (тірілткенмен) мыйын тірілтуге болмайтыны анық. Осы жерінде 1946 жылы Англияның «Ланцет» журналында мынадай бір хабар жазылды. Соқыр ішегіне операция жасап жатқанда ауру әйелдің жүрегі тоқтап қалған. Асығыс көкірек қуысын ашып жіберіп, жүрегіне күшті массаж жасағанда жүрегі қайта соққан. Онан соң өкпесі де соғып, басқа барлық организмі тірілген, бірақ мыйы тірілмеген.

Мый бұзыла бастағаннан бастап, медицинада өлім биологиялық өлім деп аталады. Әрине, ондай адамды тірілтуге болмайды. Ал мыйы бұзылмаған, бірақ ешбір тіршілік белгісі сезілмейтін (өкпе, жүрек соғу т. б.) өлімді тіршілік пен өлімнің аралығы немесе клиникалық өлім дейді. Егер дереу шара қолданбаса, мұндай халдегі адам сөзсіз биологиялық өлімге кетпек. Қан құю, жүрекке операция жасау, қолдан қан жүргізу, өліктің кейбір ағзасын алып, тірі кісіге егу, тағы басқа әдістермен совет ғалымдары талай клиникалық өлім халіндегі адамды шара қолданбаса, мүлдем өлетін адамдарды, өлімнен арашалап алды. Мысалы, профессор Неговский мен оның қызметтес жолдастары 1943—1952 жылдары клиникалық өлім халіндегі 52 адамның 23-ін, яғни 44 процентін өлімнен алып қалған, немесе тірілткен. 1952 жылы СССР көлемінде клиникалық өлім халіндегі 1 800 адамның 51 процентін ғалымдар қайта тірілтіп алды. Ұлы Отан соғысы кезінде қаны көп кеткендіктен клиникалық өлім халінде болған В. Д. Черепанов деген солдатты тірілтіп алғаннан кейін, оған қалжындап: «Сен өліп, ол дүниеге бардың, ақыретте не көрдің?» деп сұрағанда, ол «мен ұйқыдан оянған тәріздімін» деген.

Совет ғалымы Сергей Сергеевич Брюхоненко 1924 жылдан бері шұғылдана жүріп, «қолдан жасаған жүрек» пен «қолдан жасалған өкпе» деген аппарат жасады. Соны қолдану нәтижесінде ол 1937 жылы иттің денесінен мүлде бөліп алған басын тірілткен. Денесінен бөлек тарелкада жатқан бас «қолдан жасалған өкпе» аппараты арқылы тыныс алып, «қолдан жасалған жүрек» арқылы қан (қолдан жасаған қан сияқты сұйық зат) жүргізу нәтижесінде тіріліп, ауызына салған тамақты жұтқан, дыбыс берген жаққа көзін бұрып, құлағын тіккен. Бұлар, әрине, бастың көргенін, естігенін білдіреді. Осы аппараттар арқылы клиникалық өлім халінде 24 минутке дейін болған жануарларды да тірілте алған.

Совет ғалымдары П. Н. Мазаев пен П. М. Чепов 1949 жылы иттің аяғын кесіп алып, 40 минуттан кейін орнына қайта тіккенде, иттің аяғы жанданып қалпына келген. Совет ғалымы А. Г. Лапчинский де иттің аяғын кесіп алып, 25 сағат суық жерге сақтап, итке қайта жамаған. Иттің аяғы денесіне бірігіп қайта бітіп, ақсамай жүретін, тіпті жүгіретін де болған. Совет ғалымы В. И. Демихов күшіктің басы мен кеудесін кәрі итке қондырып тіккен. Операциядан кейін наркозден оянған ит су жалаған, дыбыс пен жарықты сезген. Осы ит 6 күндей өмір сүрген.

Табиғат және адам қоғамы жөнінде шындықтарға бір аз ғана көзі жеткен адамның жан бар дегенге сенуі мүмкін емес. Осыған қарамас-тан біздің совет адамдарының арасында түрлі себептермен дін шыр-мауынан әлі арылмағандары да бар. Олар ол дүниеде жаным не то-заққа, не жұмаққа барады деп сенеді. Сондықтан қорыққанынан діни ғұрыптарды (ораза, намаз) орындайды, кейін өлгенде пайдасы тие ме, деп ойлайды. Ал үй адамдары ауыра қалса, дәрігерге көрсетіп, емдеу орнына «құдайға тапсырып» отыра береді немесе түк білмейтін бақсы, балгерлерге емдетеді, қақтырады. Осының салдарынан мезгілсіз өліп кеткен адам аз ба? Тіпті толғатқан әйелді «құдай сақтайды» деп бо-санатын үйге апармаушылық та кездеседі.

Семей облысының Шар ауданынан «Мәдениет және тұрмыс» жур-налына жазған хатында дәрігер Ж. Жүнісов жолдас оп-оңай емдеп жазуға болатын жас нәрестелерін таяқ тастам жердегі емханаға апар-май, бақсы-балгерге емдетіп, өлтіріп алған кейбір ата-аналар туралы қатты ренжіп жазыпты. Жүнісов жолдас бір сапарында ата-анасы «жүріп кетті» деп бетін жауып, оң жаққа салып қойған бір нәрестенің үстінен шығып, оның әлі тірі екенін анықтайды. Сол баланы шешесі-мен қоса дереу ауруханаға апарып, 8 күндей емдеп, әрең тірілтіп алып-ты. Кәзір бала сауығып кетті, зыр жүгіріп, ойнап жүр дейді дәрігер. Сұрастыра келсе — әке-шешесі ауырған балаға «қазақтың қара емін жасап», өлтіре жаздап, ақыры оны «кетіп қалды, жүріп кетті» деп шалажансар күйі жерлемек те болған. Егер дәрігер кез болмаса, бала-ны жерлеп қоюы да ғажап емес екен. Осыны оқығанда жүрегің дір етеді. Осы заманда емхана, аурухана, дәрі-дәрмек, оқымысты дәрігер-лер толып жатқан кезде бұл сияқты сұмдыққа кейбір азаматтарды бастап жүрген не? Әрине, діннің, ескіліктің әлі күнге арылмай жүрген қырсығы. Анығына шын көзі жетпей, молдалар мен бақсы-балгердің айтқанына еріп, өлгенде жаным әлдеқандай болар деп күдіктеніп, екі жақты ойлап жүрген адамдар да жоқ емес.

Қорыта келгенде, мәңгілік өлмейтін, денеден бөлініп, «көкке ұшып» кететін «жан» бар деген сенім бекер нәрсе, ол діншілдік көзқарас. Мұндай көзқарастың, соқыр сенімнің бекер екенін ғылым, тәжірибе анықтағалы көп уақыт өтті. Дін шырмауында жүрген жұрт бекер, босқа үрейленіп, шошынады. Дұрысы, әлдеқалай болар деп әлденеге ермеген жөн. Коммунизм құрылысына барлық күш-жігермен белсене қатысып, қоғамда бақытты өмірді өз қолымызбен жасаймыз деп сен-ген абзал. Діншілдік пен соқыр сенімнің бұғауынан босанған совет азаматтары данышпан Коммунист партиясының түзу басшылығы ар-қасында шатты да рахат өмір сүруде.

**Қ. МАШРАПОВ,**  
Биохимия оқытушысы  
(Павлодар қаласы).

# Сын және библиография

## Шалағай, дүмбілез кітапшалар

Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамын, оның жұмысын совет халқы кеңінен танып отыр. Ол еліміздің идеялық және мәдени тұрмысының тұтас бір маңызды бөліміне айналды. Коммунистік партия бұқара арасына білім тарататын қоғам мүшелерінің игілікті еңбегін жоғары бағалайды. Саяси және ғылыми білімдер тарататын Бүкілодақтық қоғамның үшінші съезіне жолдаған құттықтауында коммунистік құрылыс пен еңбекшілерге коммунистік тәрбие берудің ұлы ісінде, совет халқының саяси және мәдени дәрежесін онан сайын өрге бастыру жолындағы күресте қоғамның бұдан былай да партияның сенімді көмекшісі болатынына КПСС Орталық Комитеті кәміл сенім білдірді.

Қазақ ССР Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы өзінің қатарында 26 мыңнан астам мүшесі бар, — республика идеология майданының аса маңызды саласы. Ол өзінің жұмысында партиямыздың ХХ және ХХІ съездерінің тарихи қарарларын басшылыққа алып, халыққа білім беруде көптеген игі жұмыс істеді.

Қоғамның жұмысында баспасөз насихаты көрнекті орын алады. Қоғамның мүшелері — атағы көпшілікке мәлім ғалымдардың, тәжірибелі партия және совет қызметкерлерінің, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы мамандарының, даңқы бүкіл елімізге шыққан еңбек ерлерінің кітаптарын республикамыздың мәдениет мекемелерінен, саяси-ағарту үйлері мен кабинеттерінен, үгітшілер мен насихатшылардың жұмыс столынан жиі көресіз.

Талантты ғалымдарға, публицистерге, тәжірибелі лекторлар мен насихатшыларға еңбектер жаздырып, олармен жұмыс істеу — қоғамның жақсы дәстүріне айналған. Соңғы бір-екі жыл ішінде ғана Қазақ ССР Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы бірсыпыра тәуір кітапшалар шығарды. Мысалы А. Асылбековтың «Қоғамдық пайдалы еңбек арқылы оқушыларға коммунистік тәрбие беру», А. Байшуақовтың «Жергілікті Советтер ауыл шаруашылығын көтерудегі күресте», А. Байшиннің «Қазақстан жұмысшы табының қалыптасуының тарихи кезеңдері», Ғ. Борамбаевтың «КПСС — Совет Одағының негізгі экономикалық міндеттерін орындау жолындағы күресте», Б. Жұмағалиевтің «КПСС ХХІ съезі — коммунизм жолындағы ұлы адым», И. Русаковтың «Лениндік кооперативтік жоспар және бұл жоспардың КПСС Орталық Комитетінің шешімдерінде одан әрі дамытылуы», М. Байділдаевтың «Ақындар творчествосы» және басқа көптеген кітапшалардың мазмұны терең, тілі жатық, көңілге қонымды. Идеология майданының жауынгерлері — лекторлардың, үгітшілер мен насихатшылардың, партия және совет қызметкерлерінің күнделікті жұмысында осы сияқты сапалы әдебиет — большевиктік насихаттың мұқалмас семсері.

Бірақ, Қазақ ССР Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы шығарған кітапшалардың ішінде бірен-саран дүмбілез, сорпасы татымайтын, жасық еңбектер кездесіп жүргенін ашып айту керек. Бұған дәлел ретінде бірнеше автордың соңғы бір-екі жылда жазған кітапшаларын алып қарайық.



Тарих ғылымының кандидаты Ж. Қаракұсов жолдастың «Қазақстанда ұлттық совет интеллигенциясының қалыптасуы» (1958 жыл) деген кітапшасының жалаң ағарту сипаты басым, нақтылы, нысаналы емес. Автор ұлттық совет интеллигенциясының қалыптасуын еліміздегі көлемі жөнінен ұшан-теңіз, сапасы жағынан жаңа революциялық процесс болып табылатын саяси-экономикалық ұлы өзгерістермен, яғни коммунистік құрылыс практикасымен байланыстыра зерттемейді. Қазақстан партия ұйымы ұлттық интеллигенцияны өсіріп, тәрбиелеу ісін Коммунистік партия жүзеге асырған елді индустрияландыру және ауыл шаруашылығын коллективтендіру, көшпелі елді отырықшыландыру, халық тұрмысын үнемі жақсарту саясаты негізінде жүргізгені мәлім.

Республика партия ұйымы ұлы лениндік Орталық Комитеттің күнделікті дана басшылығымен, орыс халқының және басқа көп ұлтты халықтардың туыскандық, достық көмегі арқасында тарихи қысқа мерзім ішінде мәдениет революциясын жасады, ұлттық интеллигенцияны баулып өсірді.

Автор өзінің еңбегінде көптеген фактілерді жинақтап, біраз еңбек еткен. Алайда, бұл фактілерге сүйеніп теориялық ойлар, қорытындылар жасай алмаған. Ж. Қаракұсов жолдас республикада ұлттық интеллигенцияның қалыптасу кезеңдерін, Коммунистік партияның ұлт интеллигенциясын жасактаудағы күрес жолдарын, ескі интеллигенция мен жаңа социалистік интеллигенцияның сапалық айырмашылықтарын және осы сияқты теориялық мәні зор проблемалық мәселелердің сырын ашып бере алмайды. Автор совет интеллигенциясының айбынды отрядтары — жазушылар мен журналистер туралы, көркемөнершілер туралы ләм демейді. Бұл кітапшаға нұқсан келтірерлік жай.

Еліміздің саяси құрылысындағы, экономикасы мен мәдени өміріндегі ұлы өзгерістер қазақ халқының салт-санасына, әдебиеті мен көркем өнеріне де өзгерістер енгізді. Халықтың арасынан тәрбие алып, соларға еңбек ететін совет интеллигенциясының өкілдеріне де советтік шындық әсер етпеді деуге бола ма? Әрине, жоқ. Еліміздің басына үлкен қауіп-қатер төнген кезде совет интеллигенциясының өкілдері жұмысшылар мен колхозшыларға қосылып, майдан мен тылдың ауыртпалығын, қайғысы мен қасіретін бірге арқалап, қаны мен терін бірге төгісті. Жұмысшы табының өкілі Төлеген Тоқтаровпен бірге қалам орнына найза ұстап майданда интеллигенцияның өкілі Баубек Бұлқышов қаза тапқан жоқ па? Ұлы Отан соғысында совет халқының, соның ішінде совет интеллигенциясының жоғары моральдық сипаты ұлы сыннан мүдірмей өткен жоқ па? Амал нешік, автор ұлттық совет интеллигенциясының қалыптасу тарихы туралы жазғанда бұл маңызды да қажетті кезенді мүлдем ұмыт қалдырған.

Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін алға бастыруда КПСС Орталық Комитетінің 1953 жылғы тарихи сентябрь Пленумынан кейінгі жылдарда қыруар жұмыс жүргізілді. Тың және тыңайған жерлерді игеру, соның арқасында үлкен астық фабрикаларын — жаңа совхоздар құру, алуан-алуан жаңа техниканың көбеюі, сөз жоқ ауыл-село интеллигенциясының саны мен сапалық құрамына айтарлықтай әсер етті. Партияның шақыруы бойынша еліміздің өнеркәсіп орталықтарынан келген патриоттар қазақ даласына өндірістік мәдениеттің, істі ұйымдастырудың озық тәжірибелерін, үлгілерін ала келді. Колхоз құрылысында жаңа революциялық оқиға болып табылған МТС-терді қайта құру нәтижесінде колхозшылар қатарына көптеген жұмысшылар қосылды. Ауыл-село интеллигенциясының қатарына техниканы меңгерген, он саусағынан өнері тамған мыңдаған инженер, механик, техник, агрономдар қосылды. Екінші сөзбен айтқанда, партия мен үкіметіміздің ірі саяси-экономикалық, мәдениет саласында жүргізіп отырған та-

маша саясаты— Қазақстан интеллигенциясының өсу, жетілу жолындағы жарқын белестердің бірі.

Бірақ, қазақ совет интеллигенциясының оқиғаға бай, көп ұлтты совет халқының шынайы достығының болаттай берік, гауһардай асыл осы қуанышты кезеңін Ж. Қарақұсов жолдастың ат үсті жазуы дұрыс болмаған.

Бұл еңбекте бірен-саран қорытынды ойлар жоқ емес. Бірақ олардың шашыранды және сүреңсіз берілгенін былай қойғанда, автордың ой-түйіндерінде логикалық байланыс жоқ, әрі бір-біріне қарама-қарсы. Мәселен, Ж. Қарақұсов: «Соғысқа дейінгі бесжылдықтардың өзінде-ақ Қазақстанда партия, совет қызметкерлері жеткілікті дайындалып, партия мен үкіметтің халқымыздың алдына қойған программалық міндеттерін бұлжытпай жүзеге асыратын партия және совет басшы қызметкерлері қалыптасты» (8-бет) десе, кітапшаның келесі бетінде XX съезден кейінгі дәуір туралы айта келіп, «Сөйтіп, қысқа мерзім ішінде Қазақстанда маркстік-лениндік идеямен жете қаруланған шаруашылық және мәдени ағарту жұмысына басшылық етуге шебер партия және совет қызметкерлері қалыптасты» (9-бет) деп жазады. Сонда осы пікірдің қайсысы дұрыс?

«Қазақстанда ұлттық совет интеллигенциясының қалыптасуы» деген кітапшадағы тағы бір елеулі кемшілік, автор ғылыми дәйекті ой-түйіндерін алға молырақ тартудың орнына, көбіне жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының кәзіргі оқымысты кадрларын ұзыннан ұзақ шұбалтып, сұрықсыз тізе береді. Оның есесіне тарихи деректері тым солғын, әрі жүдеу. Бір айтқан ойын, пікірін қайталай береді.

Есте боларлық бір жай, Қазақ ССР Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамынан жарық көріп жатқан кейбір кітапшалар нашар редакцияланады. Соның салдарынан олардың бірқатарының ой тізбектері мен сөз, сөйлемдері оралымсыз, не шұбалаңқы болып келеді. Мәселен, алысқа бармай-ақ Қарақұсовтың кітапшасынан олақ, сауатсыз құрылған сөйлемдерді көптеп кездестіруге болады.

«...Қазақстанда да сауатсыздықты жою ісіне батыл беталыс басталды... Мұнан соңғы жылдарда сауатсыздар (?) саны үнемі өсіп отырды» (6-бет).

«Институт студенттері түрлі қоғам жұмыстарына белсене қатысады. Сөйтіп олардың жанжақты өсуіне мүмкіндік туғызып отыр» (24-бет).

«Қазақтардың шаруашылықтары есебінен (?) 30 қазақ фельдшерлері даярланған» (30-бет).

«Соңғы 12 жыл ішінде... орта дәрежелі оқу орындарында 110 маман (?) даярланды» (42-бет).

«Екінші бесжылдықтың аяғында Қазақстанда 200 мыңдай партия совет, шаруашылық, кооперативтік (?) ғылыми (?) және мәдени ағарту қызметкерлері Совет республикасын басқаруға қатысты» (42-бет) деген ой орамдарында автордың не айтқысы келгенін түсіну қиын.

Қоғамнан шығып жатқан еңбектерде грамматикалық қателер көп. Бұл жөнінде баспасөз бетінде талай айтылды да. Сондай грамматикалық қателер Ж. Қарақұсов кітапшасында да бар. Автордың Бальмон (кітапшада бірде Бельмонт, бірде Больмонт — 28, 37-беттер), Тавильдарова (кітапшада Танилдарова — 29-бет), Жәутіков (кітапшада Жауықов — 38-бет) сияқты атақты ғалымдардың фамилиясын дұрыс жазбауы тіптен ұят.

Тарих ғылымының кандидаты С. Кенжебаев жолдастың «Коммунистік партия — Қазақстанда совет өкіметінің орнауы мен нығайуы ұйымдастырушы» (Алматы, 1958 жыл) деген кітапшасында тарихи оқиғаларды бұрмалаушылық фактілері кездеседі. Автор 1916 жылғы Қа

Қазақстандағы оқиғаларды баяндай келіп, «еңбекші халық арасынан шыққан қазақтың демократияшыл интеллигенциясы (Ә. Жанкелдин мен Аманкелді Иманов) азаттық қозғалысқа басшылық етті» (10-бет) деп көрсетеді. Шындығында, Әліби Жанкелдин большевиктер партиясының қатарына 1915 жылы кіріп, революциялық қозғалысқа белсене қатысып, профессионал-революционер болып шынықты. Халық азаттық қозғалысы мен Октябрь революциясы және азамат соғысы кезінде ол жұмысшы табының басшысы, жетекшісі Коммунистік партияның, данышпан көсеміміз—Ұлы Лениннің қазақ даласына жіберген өкілі болып келді. Ал, Аманкелді Иманов болса, еңбекші шаруаның ортасынан жарып шыққан саңлағы. Әліби мен Аманкелдінің тізе қосқан революциялық күресінен жұмысшы табы мен шаруалар одағының нақты көрінісін, Орталық Россиядағы жұмысшы табы мен ұлт аймағындағы азаттық күресті ұштастырған Коммунистік партияның, данышпан Лениннің даналық басшылығының жемісін көреміз.

Автор Орынборды дутовшылардан азат ету жайын баяндай келіп, «контрреволюция ұясын қиратуға жауынгерлері негізінен байырғы ұлттан құралған А. Иманов пен Ә. Жанкелдиннің Қызыл Гвардия отрядтары да келтірілді. Орынборды азат етуде Орынбор Коммунист партиясының табанды большевик С. М. Цвиллинг басқарған астыртын комитеті көп роль атқарды» (кітапшаның 19-беті) деп жазған.

С. Кенжебаев жолдас осы бір абзацтың өзінде көптеген қате жіберген. Біріншіден, Орынбор қаласын 1917 жылы 18 (31) декабрьде П. А. Кобозев басқарған отрядтар контрреволюциялық күштерден азат етті. Бұл революциялық қарулы күштің құрамында Самара қаласы ревкомының председателі В. В. Куйбышевтің жәрдемімен Ә. Жанкелдиннің Уфа теміржолшыларынан құрған отрядының болғаны мәлім. Аманкелді Иманов байырғы ұлттан құралған отрядты 1918 жылғы 21 март — 3 апрельде Орынбор қаласында болған Советтердің Торғай облыстық съезінің шешімі бойынша құрды. Автордың Орынбор партия ұйымын «Орынбор Коммунист партиясы» деп жазуын тек қана салақтық, жауапсыздық демеске болмайды.

Бұл сияқты қателер С. Кенжебаевтың тарихи деректерге жүрдім бардым қарағанынан туған.

«Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру туралы» (1958 ж.), «КПСС ХХІ съезі және еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру міндеттері» (1959 жыл, Қазақ ССР Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамы) деген кітапшаларын тарих ғылымының кандидаты К. Чернов жолдас өміріміздің толғағы жеткен мәселелеріне арнайды. Автор ХХ және ХХІ съездердің коммунистік тәлім-тәрбие жұмысын жүргізудегі программалық қарарларын басшылыққа ала отырып, еңбектің, коллективтің тәрбие жұмысында алатын орнын және өміріміздегі өскелең игі бастамалардың адам тәрбиелеудегі маңызын көрсетуге тырысқан. Әсіресе соңғы кітапшада коммунистік құрылыстың бай тәжірибелерінен алынған кейбір мысалдар бар.

Бірақ, бұл кітапшаларға көптеген насихаттық әдебиетімізде кездесетін кемшілік ортақ, ол — әлі де болса нақтылығы жоқ екені. «Насихат жұмысы көп уақытта жергілікті жағдайларды, сол сияқты халықтың әртүрлі топтарының жасы, кәсібі, білімі, ұлттық және басқа ерекшеліктері есепке алынбай, жалпылама жүргізіледі» деген КПСС Орталық Комитетінің «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулысында көрсетілген кемшілік міне осы автордың кітапшаларына тән. Автор кітапшада көптеген мәселелерге ат үсті шолу жасайды. Мысалы, атеистік тәрбиеге автор бір абзац қана орын берген (41-бет). Ал республикамызда ғылыми-атеистік насихаттың кәзіргі кезде де маңызы орасан зор. Мәселен, Қарағанды облысын алайық. Бұл облысты көп ұлттың өкілдері мекендеген, олардың ішіндегі азды-көпті

бір тобы — СССР-дегі барлық діннің және секталардың түрлерін уағыздайды десек қателеспейміз. Тіпті, кейбір селоларда, совхоздарда бірнеше дінді ұстайтын халықтың өкілдері тұрады. Мұндай жағдайда атеистік тәрбие беру үшін үгітшілер мен насихатшылардың жанжақты білімі болуы шарт және әртүрлі топтардың жасы, кәсібі, ұлттық және басқа ерекшеліктерін ескермеуге болмайды.

Қазақ ССР Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының облыстық бөлімдерінің де жұмысы жанданып, баспасөз насихаты ұлғайып келеді. Мұның өзі қуанарлық жағдай. Бірақ облыстық бөлімдердің баспадан шығарылған кітапшаларына талдау жасап, кезінде олардың қателіктерін көрсетуге әлі де болса көңіл бөлінбей отырғанын ескерткен жөн. Міне осының салдарынан облыстық бөлімдердің қайсы біреулері баспадан сапасы төмен, саяси қатесі бар кітапшалар шығарып жүр. Қоғамның Қостанай облыстық бөлімшесі Октябрь революциясының 40 жылдығы алдында қарт большевик И. А. Грушиннің «Советтер өкіметі үшін» деген кітапшасын шығарды. Бұл кітаптың ұзын ырғасы 1934 жылы бірнеше автордың еңбегімен шыққан «Қостанайдың қызыл партизандары» деген кітаптан алынған. Қостанай шаруаларының 1919 жылы көктемдегі Қолчакқа қарсы көтерілісінде бұқара халықтың екпінді толқыны кездейсоқ жағаға шығарған, көтерілісті жеңіліске ұшыратуға қырсығын тигізген А. Жиляев деген біреудің болғаны жұртқа аян. Солай бола тұрса да, И. Грушин өзінің кітапшасында көтерілісшілерді «жиляевшылдар»<sup>1</sup>, «Жиляев отрядымен»<sup>2</sup>, «Жиляевтің Торғайға жасаған шабуылы», «Жиляев отряды», «Жиляевтің отрядында» тағы басқа осы сияқты сөздерді жиі қолданады. Егер оқушы ақылға салып ойлап қараса, бұл сөздерден Жиляевтің өзінің отряды болған екен, көтеріліске қатысқандардың бәрі жиляевшылдар екен, Жиляев деген күшті әскери қолбасшы екен деген қорытындыға келуі мүмкін. Көтерілісті әзірлеген, оған идеялық жолбасшылық жасаған, тіпті жеңіліске ұшыраған кездің өзінде де партизан отрядын Қызыл Армияға қосуға батыл қимыл жасаған ер большевиктер М. Г. Летуновты, Қ. М. Иноземцевті, А. Н. Кальметьевті, Л. И. Таранды тағы басқаларын қайда қоямыз? Әрине, қарт большевиктердің естеліктерін коммунистік тәрбие жұмысында пайдаланған орынды. Бірақ, ол естеліктерді тарихи деректерге сүйеніп, қарт адамдармен ақылдаса отырып, шындыққа қанып алып, сапалы етіп шығарған мақұл демекпіз.

КПСС Орталық Комитеті өзінің «Бүкілодақтық саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының жұмысын жақсарту шаралары» туралы қаулысында баспасөз насихатының идеялық саяси дәрежесінің жоғары болуын талап етті. Баспасөз насихатын дұрыс жолға қою үшін ең алдымен авторларды іріктеп алып, олардың жұмысына әрдайым күшті талап қою керек. Республикалық қоғамның құрамында ой-өрісі биік, тәжірибесі мол, коммунистік құрылыстың саналуан саласының өрен кадрлары бар. Әңгіме ұйымдастыру жұмысын жандандыруда, авторлармен жұмысты жақсарту білуде.

Қазақ ССР Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының жергілікті партия комитеттері көмегіне сүйене отырып, баспасөз насихатын бұдан былай батыл жақсартуына, оны коммунистік тәрбие жұмысына ойдағыдай пайдалануына толық мүмкіншілігі бар.

**М. ҚОЗЫБАЕВ**

<sup>1</sup> И. А. Грушин — «За власть Советов», Қостанай, 1957. 26-бет

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 28-бет.

# Баспасөзге шолу

## Тақырып түгел, мазмұн жүдеу

Гурьев облысының партия ұйымдары ҚПСС Орталық Комитетінің «Сталин облысы еңбекшілері арасындағы бұқаралық саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысын басшылыққа ала отырып, бұқаралық саяси жұмысты өрістетуге түсті. Малшылар күні, бригада күні, жайлау тойы, балықшылар күні, сұрақ-жауап кеші, кітап тарату айлығы сияқты бұқаралық саяси, мәдени жұмыстардың жаңа түрлері қолданыла бастады. Мұны облыстық «Социалистік құрылыс» газетінің материалдарынан да байқаймыз.

Облыстық газет өткен жылы партия ұйымдарының саяси тәрбие жұмысы жайында бірталай мақала, хат-хабар жариялады. Мақат аудандық партия ұйымының мұнайшылар арасында, Еспол аудандық партия ұйымының малшылар арасында жүргізген бұқаралық саяси жұмыстары газеттің арнаулы беттерінде көрсетілді; өткен жылдың соңғы айларында «Үгітші трибунасы», «Бұқаралық саяси жұмыс тәжірибесінен» деген рубрикамен бірнеше үгітшінің, бастауыш партия ұйымы секретарының мақалалары жарық көрді.

Бұқаралық саяси жұмыс туралы жазылған мақала кенде емес тәрізді. Бірақ газеттің бұқаралық саяси жұмыс жайында жазған мақалаларының дәрежесі әлі де көңілдегідей болмай отырғаны, көп материалдарда үстірт, қалқи жазу сарыны бар екені бірден аңғарылады. Партия ұйымдары жүргізіп отырған саяси тәрбие жұмысының саналуан түрі оқушыларды қызықтырарлық, жаңа ой-пікір туғызарлық түрде берілмейді. Бұқаралық саяси жұмыстың жайын баяндаған бірсыпыра материалда әрқилы мәселе, саналуан тақырып аталады да, ал айтайын деген негізгі ой түйіні күнгірт қалады. Соның салдарынан бұқаралық саяси жұмыстың мазмұны терең ашылмайды. Мысалдар келтірейік.

У. Машанов жолдас өзінің «Партиялық саяси жұмыс әсерлі жүргізілсін» деген көлемді корреспонденциясында Қызылқоға ауданы Ленин атындағы колхоздың адамдарын, олардың міндеттемесін, күресін көрсетеді.

«Соңғы кезде малшылардың жауапкершілігі төмендеп, — деп байбалам салады енді бірде автор (ол малшылар кім, жоғарыда өзі атап отырған озат малшылардың да жауапкершілігі төмендеген бе, онысы оқушыға мәлім емес) — малдың шығып болуына жол берілген... Биыл қыс қар кеш түсіп, малдың көп уақыт далада жайылуына қолайлы болды. Бірақ бұл мүмкіндік Ленин атындағы колхозда пайдаланылмады».

Машанов жолдастың жазуынша, колхозда партиялық саяси жұмыстың әсерлі болмауына «жауапкершілігі төмендеген» малшылар кінәлі ме, әлде қыстың қолайлы мүмкіндігін пайдалана алмаған артель басқармасы кінәлі ме? Мұны түсіну қиын. Өйткені партия ұйымы шаруашылық жұмысына ықпал етпей отыр деген дәлелсіз жалаң айыптаудан басқа нақты сын, партиялық саяси жұмыстың кемшілігін байсалды талдау атымен жоқ.

Газеттің 30 октябрьдегі номерінде жарияланған «Жылойда партиялық басшылықтың дәрежесі төмен» деген корреспонденцияда да аудандық партия комитетінің басшылық стиліндегі кемшіліктерге нақты талдау жасалмай, ұзын-сонар мәліметтер келтіріле берген.

«Социалистік құрылыстың» 16 октябрьдегі «Саяси үгіттің дәрежесі жоғары болсын» деген бас мақаласында: «Үгітшілер саяси даярлығы, өмірлік тәжірибесі бар адамдардан іріктеп алынды... Партия ұйымдары үгітшілердің семинар, кеңестерін жиі өткізіп отыратын болды, онда үгітшілер кезектегі міндеттермен танысады, үгіт жұмысын жүргізудің жағымды тәжірибелері таратылады» делінген. Бірақ таңырқарлық жай, газет осы арада «саяси даярлығы, өмірлік тәжірибесі бар» бірде-бір үгітшінің атын атамаған.

Облыстық партия комитетінің былтыр май айында өткізілген пленумында социалистік міндеттемелердің орындалу барысын жүйелі түрде көрсетіп отырмағаны үшін газет орынды сыналды.

Газет идеологиялық жұмыс мәселелерін терең және жиі жазып отырмайды, делінді обкомның пленумында. Газеттің кейбір материаларында еңбеккерлердің өмірі біржақты, өндірісте ғана көрсетіледі. Бұл кемшілік, әсіресе газеттің коммунистік еңбек бригадасы атағын алу үшін жарысқа түскен коллективтер жөнінде жазғандарынан айрықша көзге түседі.

«Социалистік құрылыс» газетінің бетінде «Насихатшылар мен үгітшілерге көмек» деген рубрика бар. Осы рубрикада бір жолы «Колхоздарда еңбекке ақшалай ақы төлеуге көшудің кейбір мәселелері» деген мақала (3.IV-1959 ж.) «Социалистік Қазақстаннан» көшіріп басылды. Соның ертеңіне, 4 апрельде шыққан номерде «Колхоздарда еңбекті нормалаудағы жаңалық» деген мақала және жарияланды. Бұл екі мақалада да Гурьев облысының колхоздарында еңбекті жаңаша ұйымдастыру, еңбекке ақы төлеудің жаңа түрі мен жүйесі туралы бірде-бір сөз айтылмапты. Оның үстіне, арасына күн аралатпай жарияланған бұл екі мақаладағы пікір бірін бірі қайталайды.

Алғашқы мақалада: «Қазақстанның колхоздарында кәзір жұмыстың күрделілігіне байланысты ақы төлеудің тоғыз разрядтық жүйесі қолданылуда. Мұнда бірінші разрядтағы жұмысқа 0,5 еңбеккүн жазылса, тоғызыншы разрядтағы жұмысқа 2,5 еңбеккүн жазылады. Ал тәжірибе бұл әдісті толық сақтаудың қажетсіздігін көрсетіп берді» делінсе, екінші мақалада: «...Колхоздарда қолданылып отырған тоғыз разрядты тариф кестесі ескірді және колхоз өндірісінің талаптарына сай болмай отыр... Колхоздағы тоғыз разрядты тариф кестесі бойынша бірінші разрядтағы жұмыс ақысы (0,5 еңбеккүн) тоғызыншы разрядтағы жұмыс ақысынан (2,5 еңбеккүн) бес есе кем» делінген.

Тақырыбы да, мазмұны да бірін бірі қайталап, тіпті салыстыруы мен қорытындысы да бір жерден шығып отырған егіздің сыңарындай екі мақаланы қатарынан жариялау шынында да қолайсыз еді.

«Социалистік құрылыстың» 6 июньдегі «Коммунистік құрылыстағы ең маңызды нәрсе», 30 июньдегі «Еңбек өнімділігінің үздіксіз өсуі— социализмнің экономикалық заңы» деген мақалалары да осы тәрізді. Облыстың мұнай, құрылыс, машина жасау, балық өнеркәсібі осы мақалаларда сөз болмаған, өнеркәсіп коллективтерінің, инженер-техник қызметкерлерінің еңбек өнімділігін арттыру жолындағы күресі мен ісінен бірде-бір мысал келтірілмеген.

Ал педагогикалық институттың оқытушысы В. Дариенконың «Гурьев қаласы қалай салынды» деген мақаласы (3 июль) совет өкіметінің тұсында, әсіресе соңғы жылдарда Жайық өзенінің жағалауында кен құлаш жайып, сәулетті өнеркәсіп орталығына айналып келе жатқан қаланың бүгінгісі мен жарқын келешегін сипаттаудан мүлде қашық жатыр. Оның есесіне, бұдан үш ғасырдай бұрын Андрей, Михаил Гурь-

евтердің «сіңірген еңбегі» тым орынсыз, әрі дүдәмал суреттеледі. Мұны оқығаныңызда кәзіргі қала құрылысшыларының ерлік еңбегі газет бетінде солғын көрінуіне қынжыласыз. Газет қаланың бұдан үш ғасыр бұрынғы «тарихын» кең баяндағаннан гөрі, Гурьевтің бүгінгі өміріне, болашағына көбірек көңіл бөлсе дейміз.

Баспасөз бұқаралық саяси жұмыстың жақсы тәжірибесін іле көтеріп, басқаларға үлгі ретінде ұсынуға, партияның ұрандары мен шешімдерін еңбекшілер бұқарасына жеткізіп отыратын үгітшілер мен насихатшылардың көмекшісі болуға тиіс. «Социалистік құрылыс» газетінің үгіт жұмысына арналған беттер, жеке үгітшілердің мақалаларын жариялауға назар аударғанын жоғарыда айттық.

15 декабрьде Гурьев мұнай айыру заводы жөндеу-механика цехының үгітшісі С. Вакшутовтың коммунистік еңбек бригадасы мүшелерімен өткізген әңгімесі жарияланды. Үгітшінің әңгімесі СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1960 жылға арналған жоспары мен 1960 жылдың бюджеті туралы болған. С. Вакшутов жолдастың тыңдаушылары үлкен ынта қойып, әңгіменің барысында өз пікірлері мен ұсыныстарын айта отырған. Мәселен, фрезеровщик С. Багровтың заводтың қысқартылған жұмыс күніне көшетін мерзімі жайындағы сұрағына үгітші: завод 1960 жылдың бірінші тоқсанында жеті сағаттық жұмыс күніне көшеді, ол үшін өткен жазда цехтарда біркелкі әзірлік жұмысы жүргізілді деп жауап берген. Одан әрі «жұмыс күнінің қысқартылуы социализмнің үлкен жеңісі... Ең қысқа жұмыс күні тек біздің елімізде ғана жүзеге асырыла бастағаны қандай қуанышты!» деген үгітші. Әңгімеде бригада мүшелерінің өндірістік жұмысымен қатар, үй іші тұрмысы, оқу білімі, жеке адамдардың кейбір кемшілігі талқыға түскен. Үгітші бригада мүшелерінің кейбір ескертпелерін завод басшыларына жеткіземін деп уәде берген.

Үгітшінің нақты бір тақырыпқа арналған әңгімесін жариялап, газеттің басқа үгітшілерге де ой салатын, оларға өнеге болатын материал ұсынғаны құттықтарлық.

Маңғыстау ауданы, Ленин атындағы колхоз партия ұйымының секретары С. Нұров жолдастың «Ең бастысы — өмірмен ұштастыру» деген мақаласында үгіт жұмысының оңды тәжірибесі қорытылған. Колхоздағы 33 үгітшінің 27-сі коммунист, төртеуінің жоғары, қалғандарының онжылдық, жетіжылдық білімі бар. «Саяси үгіт жалаң ағартушылықпен сиыспайды, ол нақтылы, нысаналы болғанда ғана колхозшылардың жүрегіне жол табады, қонымды болады, — дейді автор. — Партия ұйымы басты назарды осы мәселеге аударып отыр». Партия ұйымының секретары өз пікірін дәлелдейтін мысалдар келтіреді. Сол мысалының бірі мынадай.

Шопан Қарабатыров бағымындағы әрбір қойдан 3,8 килограмм, ал шопан Ақмолдаев 2,5 килограмм жүн алған. Оты мен суы бірдей, бір жағдайда бола тұрса да, Ақмолдаевтың отарында 824 килограмм жүн кем алынған. Мұны ақшаға аударғанда 26 368 сом. Сонда ол әрбір колхозшы үйіне кіретін табысты 120 сомға кеміткен екен. Бұл мысал екі қой фермасы шопандарының социалистік жарысының қорытындысына арналған жиналысында келтіріледі.

Дегенмен, бұқаралық саяси жұмыстың мазмұнына, үгітшінің, баяндамашының, лектордың, насихатшының нақты тәжірибесін талдауға арналған материал газетте некен-саяқ. Газеттің көп материалында бұқаралық саяси, мәдени-ағарту жұмысының жайы облыс, аудан бойынша шолу, істеген жұмыстарды тізу-тіркеумен шектеледі. Мұндай материалдың тағы бір кемшілігі, олардың бірсыпырасында адамдардың аты аталмайды, кеңседе жазылатын анықтама, жазба мәлімет тәрізденіп, газеттің жанды, тартымды тіліне үш қайнаса сорпасы қосылмайды.

«Социалистік құрылыс» газеті 14 июльде Баксай аудандық «Ленин жолы» газетіне жазған шолуында оның мынадай кемшілігін сынап еді.

«Редакция материалдардың мазмұнды, әсерлі жазылуын ескермей келеді, істі көрсетудің орнына жалпыға мәлім жайларды селқос баяндайды, кейде тіпті тұжырымды ой-пікір болмай шығады».

«Комсомол-жастардың өндірістегі белсенділігін күшейтейік» деген бас мақалада, — делінген тағы осы шолуда, — құрғақ цифрлар мен оншақты адамның аты-жөні тізбектеле берген. Мұнда редакциялық талдау, ойлану, пікір жоқ, комсомол-жастардың өндіріс учаскелеріне орналасуы жайында аудандық комсомол комитеті шығарып берген статистикалық есептің мазмұндамасы сияқты».

Баксай аудандық газетіндегі осы кемшілік «Социалистік құрылыстың» өзінде де орын теуіп, стильге айналып бара жатқанын ашып айту керек. Облыстық газетте идеология мәселелері жайында жазылған материалдар бірсарынды, тақырыптарының шеңбері тар, көп сөзді, жұтаң ойлы болып жүр. Газет облыс партия ұйымдарында КПСС Орталық Комитетінің «Сталин облысы еңбекшілері арасындағы бұқаралық саяси жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы» қаулысынан туатын көптеген жаңа талаптар мен міндеттерді насихаттауда тапқырлық, творчестволық бетін көрсете алмай отыр. Бұқаралық саяси жұмыстың сан алуан түрлері мен әдістерін қызықты да терең жазудың орнына газет «озат тәжірибе кең насихатталсын», «партиялық басшылық нақты және әсерлі болсын», «коммунистердің идеялық дәрежесін арттыра берейік» деген сияқты сан мәртебе қайталанған бас тақырыптардан айыға алмай келеді.

КПСС Орталық Комитетінің декабрь Пленумы (1959 ж.) халықтың арасында бұқаралық саяси жұмысты кең өрістетіп, оның дәрежесін көтерудің аса зор маңызы бар екенін атап көрсетті. Партия ұйымдары деревняның еңбеккерлерін еңбекке коммунистше қарау рухында тәрбиелеп, олардың саналылығын, белсенділігін, тәртіптілігін онан әрі арттыру жөніндегі, адамдардың санасында қалған ескінің саркыншақтарын жою жөніндегі бүкіл жұмысты жетілдіріп отыруға міндетті.

Гурьев облысының еңбекшілері мал шаруашылығын өркендетудің жетіжылдық жоспарын мерзімінен бұрын, дәлірек айтқанда — ірі қара өсіруден 1964 жылы, қой және жылқы өсіруден 1963 жылы, ет өндіруден 1963 жылы, жүн дайындаудан 1964 жылы орындауға міндеттеме қабылдады. Облыс еңбекшілерінің осы міндеттемелерін абыроймен орындауына газет жанжақты көмектесіп, социалистік жарыстың жаршысы, озаттар үні, бүкіл халықтың қажырлы күресі мен ісінің шежіресі бола білуі керек.

КПСС Орталық Комитетінің таяуда ғана қабылдаған «Партия насихатының кәзіргі жағдайдағы міндеттері туралы» қаулысында газеттердің халыққа коммунистік тәрбие берудегі міндеттері тағы да кеңінен көрсетілді. Бұл қаулыда былай делінді: «Манызды саяси, шаруашылық, идеологиялық және моральдық-этикалық мәселелер, ұйымдық-партиялық және партиялық саяси жұмыстың жаңа, неғұрлым пәрменді түрлері мен әдістері мейлінше батыл қойылып, талдап шешіліп, насихатталып отырылсын. Газеттер мен журналдар шын мәнісінде халықтың жаршысы болуға, көкейтесті барлық мәселелерге жауап беріп отыруға, өмірге өте белсене араласып, коммунистік құрылыстың және еңбекшілерді тәрбиелеудің нақты міндеттерін шешуде партияға іскерлікпен көмектесіп отыруға міндетті».

«Социалистік құрылыс» газеті де осы міндеттер дәрежесінде болуы керек.



# Партия турмысының хабарлары

## ТҮНГІ СМЕНАДАҒЫ САЯСИ ЖҰМЫСТЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Қарағанды облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде № 101 шахта партия ұйымының секретары Кручиненский жолдастың түнгі сменаларда бұқаралық саяси жұмыс жүргізудің тәжірибесі туралы хабары тыңдалды. Облыстық партия комитетінің бюросы партия ұйымының түнгі сменаларда жұмыс істейтін еңбекшілердің арасында саяси жұмыс жүргізудің формалары мен әдістерін шебер пайдаланатынын атап көрсетті.

Құрамында 35 үгітші бар үгіт коллективі барлық сменада да жұмыс істейтін озат жұмысшылар есебінен толықтырылып отырады. Мысалы, үгітшілер Ринг, Мадьяров, Могила, Ребаунов, Махметов және басқа жолдастар әңгіме өткізумен бірге түнгі сменаларда «жауынгерлік листоктар» шығарады, социалистік жарыс қорытындыларын жұртқа таратып отырады.

Шахтада, әртүрлі мәселелер бойынша түнгі сменаларда істейтін жұмысшыларға саяси хабар өткізіп, олардың жиналыстарын өткізіп тұру дәстүрге айналды. Шахтада үшінші сменаға кіретін жұмысшылар үшін ғылыми техникалық және документті фильмдер көрсетіліп тұрады, сонымен бірге өнерпаздар коллективтерінің, филармония артистерінің ойынауықтары, өндіріс озаттарымен кездесулер ұйымдастырылады.

Барлық сменаларда жүргізілген бұқаралық саяси жұмыс шахтаның өндіріс жұмыстарына жақсы ықпалын тигізді. Шахта жоспарын мерзімінен бұрын орындап, 38,2 мың тонна көмірді артық шығарды.

Осымен бірге облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде бұл шахтадағы саяси жұмыстың кейбір кемшілік жақтары да көрсетілді. Мұнда әлі де болса кеншілердің жалпы білім дәрежесінің, мамандығының артуына жеткілікті көңіл бөлінбейді.

Облыстық партия комитеті №101 шахта партия ұйымының бұқаралық саяси жұмыс жүргізу тәжірибесін барлық партия ұйымдарында кеңінен таратуды ұсынды.

## ТЕХНИКА ЖАҚСЫ КҮТІЛІП, ПАЙДАЛАНЫЛСЫН

Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде Камен ауданының колхоздары мен совхоздарының

да ауылшаруашылық техникасын пайдалану және күту мәселесі талқыланды. Ауданның колхоздары мен совхоздарында бұл жөнінде өрескел кемшіліктер бар екені ашылды. Өткен жылы колхоздар мен совхоздарда көктемгі егіс кезінде 85 трактор, астық жинау кезінде 25 комбайн қарап тұрған. Колхоздар мен совхоздарда әрбір трактордың жылдық атқарған жұмысы жоспардан 141 гектар төмен. Осының салдарынан өткен жылы бұл ауданда көктемгі егіс 35 күнге, астық жинау 65 күнге, зябь жырту 85 күнге созылған.

Бұл ауданның көптеген колхоздары мен совхоздарында кәзір қысты күні де техника қар астында шашылып, бүлініп жатыр. Әсіресе, Крупская атындағы совхозда техниканы сақтау нашар. Мұнда 860 мың сомның түрлі техникасы бөлшектеніп, тоналып кеткен.

Облыстық партия комитетінің бюросы Камен аудандық партия комитетін, аудандық совет атқару комитетін, колхоз председателдері мен совхоз директорларын техниканы пайдалану және сақтау ісіндегі бұл кемшіліктерді жедел жоюға міндеттеді. Облыстың барлық колхоздары мен совхоздарында да техниканы пайдалану және сақтау ісін тексеріп, бұл жөнінде тиісті шаралар қолдану тапсырылды.

## ПАРТИЯЛЫҚ КОМИССИЯЛАРДЫҢ ЖҰМЫСЫНА ҚАМҚОРЛЫҚ

Арал ауданының бастауыш партия ұйымдарында әкімшіліктің жұмысын бақылайтын 66 комиссия құрылған. Бірақ олардың бірсыпырасы осы уақытқа шейін мүлде жұмыс жүргізбейді. Мұның себебі аудандық партия комитеті мен бастауыш партия ұйымдары комиссиялардың жұмысын бақыламайды, олардың мүшелерінің семинарын, мәжілісін өткізіп, тәжірибе ауысуына қамқорлық жасамайды.

Қызылорда облыстық партия комитетінің бюро мәжілісінде партиялық комиссиялардың жұмысы туралы мәселе қарап, Арал аудандық партия комитетіне комиссияның жұмысын жандандыру туралы шара қолдануды қатты тапсырды. Осы жылдың бірінші тоқсанында партиялық бақылау комиссиялары председателдерінің облыстық кеңесін шақыру белгіленді.

*Үгітші, дәптеріңе мағым ал!* 

## МОЛШЫЛЫҚКА ЖЕТЕМІЗ

Совет Одағында 1958 жылы 8,6 миллиард пұт астық жиналды. Бұл 1953 жылғыдан 3,6 миллиард пұт, 1954 жылғыдан 2,1 миллиард пұт артық. 1960 жылы астық бұрынғыдан көбейіп, жоспар бойынша шамамен 9,3 миллиард пұтқа жетпек.

\* \* \*

1953 жылы біздің елде жан басына шамамен 26 пұт астық жиналған болса, 1960 жылы бұл сан 44 пұтқа жетпек.

\* \* \*

1959 жылы 4,7 миллион тонна шитті мақта жиналды. Еліміздің тарихында бұрын-соңды мақта мұншалықты көп жиналған емес. Шитті мақта 1954—1958 жылдардағы орта есеппен алған жыл сайынғы түсіммен салыстырғанда 500 мың тоннадай артық алынды.

\* \* \*

Өзбекстан мақтаны ең көп егетін республика. Бразилия, Пакистан, Түркия, Иран сияқты мақта егетін елдердің бәрі қосылып қанша мақта жинаса, Өзбекстан кәзір сонша мақта талшығын өндіреді. Мұнда өткен жылы жиналған мақтадан 13,5 миллиард метрдей шылт яки 22 миллиард метрдей астам бәтес тоқуға болады.

\* \* \*

Өткен жылы қант қызылшасы бұрнағы жылғыдан біраз кем жиналды. Дегенмен оның жалпы түсімі 1954—1958 жылдардағы орта есеппен алынған бір жылғы түсімнен 8,4 миллион тонна артық болды. 1959 жылы қант одан бұрынғы жылғыдан 11 процент көп алынды.

\* \* \*

1953 жылы 5,8 миллион тонна ет (таза салмақпен), 36,5 миллион тонна сүт, 1958 жылы 7,7 миллион тонна ет, 58,8 миллион тонна сүт, ал 1959 жылы 8,6 миллион тонна ет, 62 миллион тонна сүт

алынды. 1960 жылы еттің мөлшері 10,8 миллион тонна, сүт — 72 миллион тоннадай болады.

\* \* \*

Жан басына шаққанда: әр адамға 1953 жылы ет (таза салмақпен) 31 килограмнан, сүт 192 килограмнан келді. Биыл — 50 килограмнан ет, 336 килограмнан сүт алынбақ. Ал Америкада бұрнағы жылы жан басына 330 килограмнан сүт сауылды.

СССР жалпы сауылған сүттің мөлшері жөнінен Америка Құрама Штаттары 1958 жылдың өзінде-ақ қуып жетті. 1959 жылы біздің елімізде 62, ал Америкада 57 миллион тонна сүт сауылды. Бұл Америкадағыдан 5 миллион тонна артық.

\* \* \*

1959 жылы СССР-де 845 мың тонна, яғни жан басына орта есеппен 4 килограмнан, Америка Құрама Штаттарында 658 мың тонна, яғни жан басына 3,7 килограмнан мал майы алынды. Жан басына мал майын өндіру жағынан СССР 1959 жылы Американы басып озды. Ал майдың жалпы мөлшері жағынан еліміз Американы 1957 жылы-ақ қуып жеткен болатын.

\* \* \*

Жүгері — ең тиімді, ең табысты дақыл. Ол әрі астық, әрі жемшөп. Өткен жылы жүгері егісінің көлемі елімізде 22,4 миллион гектар болды; бұл 1953 жылғыдан 19 миллион гектар артық.

\* \* \*

Биыл ауыл шаруашылығы 152 мыңнан астам трактор, 135 мың трактор пługын, 108 мың трактор сеялкасын, 54 мың өздігінен жүретін астық комбайнын, 53 мың жатка алады. Колхоздар мен совхоздардың егіс даласында жаңа, жұмыс өнімділігі жоғары 50—75 аттық күші бар жүрдек тракторлар жұмыс істейді

### РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Ордабаев Б. (бас редактор), Айтмағамбетов З., Әбілдаев Қ., Бәйішев С., Бейсенбаев С., Жанкелдин Т., Омаров Б., Хайдаров С. (жауапты секретарь), Ыдырысов Т.

Редакция адресі:  
Алматы қаласы,  
Комсомол көшесі 103.  
Тел. 23-03, 24-95.

13/II-1960 ж. басуға қол қойылды, қағаз 70×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub>—2,5 қ.—6,85 авт. т.

УГ01214. Тиражы 21400. Алматы, ҚКП Орталық Комитетінің баспаханасы. Заказ 63

1141248



## В. И. ЛЕНИННИҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ ТОЛУЫ ҚАРСАҢЫНДА

### КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ МАРКСИЗМ- ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫ ӘЗІРЛЕГЕН ЖАҢА КІТАПТАР

**В. И. Лениннің таңдамалы шығармаларының 3 томдығы.** Жинақта Владимир Ильичтің партия оқуы жүйесінде КПСС тарихын оқып үйрену кезінде ұсынылатын негізгі еңбектерінің бәрі дерлік қамтылған. Жинақ баспаға берілді.

**В. И. Лениннің биографиясы туралы екі кітап әзірленіп жатыр.** Бірінші кітап партия тарихын терең оқып үйренуші коммунистер мен партияда жоқ жолдастарға арналған. Бұл кітапта Орталық партия архивінің документті материалдары, жұмысшылардың, Владимир Ильичтің серіктері мен замандастарының естеліктері негізінде көсемнің өмірі, қызметі неғұрлым толық, жанжақты баяндалады; ленинизмнің жеңімпаз идеясының маңызы көрсетіледі. Биографиялық екінші кітап суреттерімен қоса шамамен бес баспа табак болып шығады.

**В. И. Ленин туралы естеліктердің үшінші томы жарық көрмек.** Томға кіретін мақалалардан партия мен Совет мемлекетін құрушы және оның басшысы ұлы көсем, кішілейіл, қарапайым азамат В. И. Лениннің кемеңгер бейнесін көруге болады. Бұл томдағы материалдардың көпшілігі жиырма бесінші, отызыншы жылдары басылып, сирек кездесетін библиографиялық материалға айналған. Бірсыпыра естелік алғаш рет басылады.

**«Еңбекшілердің В. И. Ленинге хаты».** Жинақта В. И. Ленинге жұмысшылардың, шаруалардың, қызыл әскерлердің, ғалымдардың, қатардағы қызметкерлердің, коммунистер мен партияда жоқ адамдардың 600-ден астам жан тебіренерлік хаты жарияланады. Жинақ даңыппаи көсемге халықтың шексіз сүйіспеншілігін, Коммунистік партияның халықпен тығыз байланыста екенін бейнелейді.

**«В. И. Ленин Совет өкіметінің алғашқы жылдарында»** (1917 жылдың октябрі—1918 жылдың марты). Бұл биографиялық хабар. Кітапта Владимир Ильичтің көп сала-

лы, кең өрісті, теңдесі жоқ қызметі баяндалады.

Кітап юбилей күні жұртшылық қолына тиеді.

**«В. И. Ленин шығармаларының хронологиялық көрсеткіші».** Бұл — Лениннің бұрыннан әйгілі барлық әдеби мұрасының өзінше бір шежіресі. Мұнда даңыппаи көсемнің басылған еңбектерімен бірге жасаған баяндамалары, сөйлеген сөздері, репликалары, телеграммалары, өмір баяны жайлы документтері, қол жазба материалдары, тағы басқалары бірінен соң бірі дәл көрсетіледі.

Көрсеткіштің алдымен шығатын і бөлімінде 1886 жылдың бас шені мен 1917 жылдың февраль айына дейінгі уақытта жазылған шығармалар мен документтер қамтылады.

**В. И. Ленин суреттерінің альбомы** мереке күндері шығады. Альбомда 110 сурет бар; оның бірсыпырасы алғаш рет басылады.

### ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ ШЫҒАРҒАН КІТАПТАР

**В. И. Ленин. Шығармалар.** I — 37 томдар. Қазақша бірінші басылуы.

**В. И. Ленин. Не істеу керек?** 1959 жыл. Ұйғыр тілінде.

**В. И. Ленин. Империализм — капитализмнің ең жоғарғы сатысы.** 1958 жыл. Қазақ тілінде.

**В. И. Ленин. Съезге хат.** 1958 жыл. Қазақ, ұйғыр тілдерінде.

**В. И. Ленин. Жастар туралы.** 1955 жыл. Қазақ тілінде.

**В. И. Ленин туралы есте қалғандар.** I бөлім. 1957 жыл. Қазақ тілінде. Жинақ екі тараудан құралады. Бірінші тарауда В. И. Лениннің көбінесе Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейінгі, ал екінші тарауда — Октябрь революциясынан кейінгі жердегі өмірі мен революциялық қызметі баяндалады.

**В. И. Ленин туралы есте қалғандар.** II бөлім. 1959 жыл. Қазақ тілінде. Бұл үлкен кітапта кемеңгер көсемнің Октябрь революциясынан кейінгі жылдардағы өмірі мен қызметі әңгіме болады. Бұлардың ішінде В. И. Лениннің шәкірттері, қызметтес серіктері А. А. Андреевтің, С. М. Кировтың, М. И. Калининнің, В. В. Куйбышевтің, И. В. Сталиннің, Н. Қ. Крупскаяның, Г. М. Кржижановскийдің естеліктері бар.